



## Индустрияны дамыту шаралары қаралды

Қазақстан Президентінің төрағалығымен экономиканың жеделдетілген технологиялық жаңғыртылуының мәселелері жөніндегі кеңес өтті, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.

Кеңеске Премьер-Министр, Ұлттық банк төрағасы, Үкімет мүшелері, Астана қаласының әкімі, ұлттық холдингтер мен компаниялар, сондай-ақ, еліміздің жетекші кәсіпорындарының басшылары қатысты.

Жиын барысында Мемлекет басшысының «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауының бірінші басымдығы ретінде аталған экономиканың



жеделдетілген жаңғыртылуы жөніндегі шаралар талқыланды.

Сондай-ақ, цифрлық технологияларды қолдана отырып, жаңа индустрияны дамыту және базалық салаларды техникалық

қайта жарактандырудың кешенді шараларын әзірлеу мәселелері қарастырылды.

Қазақстан Президенті кеңес қорытындысы бойынша бірқатар нақты тапсырма берді.



## Опера премьерасында болды

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қыз Жібек» операсының премьерасында болды, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.

Ұлттық алтын қордағы асыл мұрамыз саналатын Е.Брусиловскийдің «Қыз Жібек» операсы Үлкен зал сахнасында қойылды.

Операның либреттосын Жібек пен Төлегеннің трагедиялық

махаббаты туралы халықтың лиро-эпостық жырының желісімен көрнекті драматург әрі жазушы Ғабит Мүсірепов жазған. Әлеуметтік жағдайы әркімге екі тайпа өкілінің трагедиялық махаббаты арқау болған жыр

жолдарынан көшпелі қазақтың рухани өмірі, ойы мен арман-мұны көрініс тапқан.

Қойылымның музыкалық жетекшісі және қоюшы дирижері – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Абзал Мұхитдинов. Қоюшы режиссері – Михаил Панджavidze (Беларусь).

Суреттер Президенттің баспасөз қызметінен алынды

## Сахна сәні – «Қыз Жібек»

Еліміздің музыкалық-сахна әлеміндегі тұңғыш қазақ операсы «Қыз Жібектің» дүниеге келгеніне, міне, 83 жыл толған екен. Ол туғанда өзгеше сырлы даусымен барша әлемді селт еткізіп, ықылас-зейінін өзіне бірден тартты. «Қыз Жібек» бүгінгі күні ұлттық опера өнерінде ең ұзақ бақытты өмір кешкен касиетті туынды!

Оны өмірге келтірген авторлар – композитор Евгений Брусиловский мен жазушы Ғабит Мүсіреповтің, басты рөлдердегі Күләш, Қанабек Байсейітовтердің, Құрманбек Жандарбековтің, Манарбек Ержановтың, Ғарифолла Құрманғалиевтің, Шара Жиенқұлованың есімдері ұлттық опера өнерінің шежіресіне

алтын әріппен жазылды. Осы уақыт аралығында бұл туындыда қоюшы режиссерлер, дирижерлер, балетмейстерлер, әншілер, суретшілердің үш ұрпақ буыны қатысып алмасты. Олардың әрқайсысы туындыға өзінше тың серпіліс беріп, тереңдете, кеңейте түсті.

(Соңы 9-бетте)

### САЯСАТ

ЭКСПО-2017:  
ҚОНАҚТАРҒА  
ҚАНДАЙ  
ҚЫЗМЕТ  
КӨРСЕТІЛЕДІ?



5-бет

### ЭКОНОМИКА

ТӨРТ ТҮЛІКТІҢ  
ТӨРЕСІ

түйе баққан  
табысқа кенеледі



6-бет

### ДЕНСАУЛЫҚ

ДЕНСАУЛЫҚ  
БҰРЫНҒЫДАН  
ДА ҚЫМБАТ

немесе ер-азаматтарға  
арналған оңаша  
әңгіме



8-бет

### СПОРТ

«БАПКЕРІ  
КЕЛІССЕ,  
ҚАЗАҚТЫҢ  
БАЛАСЫ  
ЕШКІМГЕ ЕСЕ  
ЖІБЕРМЕЙДІ»



10-бет



ISSN 1999-9720



9 771999 972005

Зарема  
ШӘУКЕНОВА  
МАҚСАТ - БИЛІК  
ТАРМАҚТАРЫНЫҢ  
ҚЫЗМЕТІН БЕЛСЕНДІ ЕТУ

4-бет

Атамұрат  
ШӘМЕНОВ  
АЗЫҚ-ТҮЛІК  
ҚАУІПСІЗДІГІ:  
негізсіз тоқмейілсүте не себеп?

6-бет

Назерке  
ЖҰМАБАЙ  
ЗИЯЛЫ ҚАУЫМДЫ  
ТЕАТРДАН КӨРГІМ  
КЕЛЕДІ

9-бет

## Аралық қорытынды талқыланды

Кеше Ақордада Қазақстан Республикасы Президентінің шешімімен құрылған Мемлекеттік биліктің тармақтары арасында өкілеттіктерді қайта бөлу мәселелері жөніндегі жұмыс тобының үшінші отырысы болып өтті.

Жолдыбай БАЗАР,  
«Егемен Қазақстан»

Отырыста «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын бүкілхалықтық талқылаудың аралық қорытындысы талқыланды.

Қазақстан азаматтары Мемлекет басшысының бүкілхалықтық талқылауға енгізген заң жобасының базалық ережелерін, тұтастай алғанда, қолдап отыр. Бұл ретте, республика азаматтарынан Парламенттің рөлін, Үкімет пен жергілікті билік органдарының жауапкершілігін күшейту, құқық қорғау және сот жүйелері қызметінің мәселелері бойынша, сондай-ақ, меншік құқығы мәселелері бойынша бес жүзден аса ұсыныс түсті.

Заң жобасы келіп жатқан ұсыныстарды ескере отырып пысықталып, Елбасының қарауына ұсынылатын болады.

Зинаида ФЕДОТОВА,  
Мемлекеттік басқару академиясының профессоры, Жұмыс тобының мүшесі:

– Қазақстандық кейбір азаматтар «Президенттің бірқатар өкілеттіктерін Үкімет пен Парламентке беру қажет пе? Бәлкім, Үкімет пен Парламенттің өкілеттігін кеңейтуге әлі ерте шығар? Мүмкін, 25 жыл бойы табысты ілгерілеп келе жатқан президенттік биліктің өкілеттіктерін сол күйінде қалдыру керек шығар», дегендей мазмұнда күмән келтіруде. Ал кейбір азаматтар Президентті

жүктемеден жеңілдету қажет деп санайды.

Жалпы, Жұмыс тобына келіп түскен ұсыныстар қазақстандықтардың конституциялық түзетулерді талқылауға белсене араласып жатқандығын білдіреді. Негізінен, ел тұрғындарының басым бөлігі аталған заңнамадағы өзгерістерді қолдайды. Дегенмен, кейбір түзетулерге қатысты пікірлер әрқалай. Мәселен, Конституцияның 26-бабына байланысты түрлі ұсыныстар бар. Яғни, оң да, теріс те көзқарастың бар екендігін атап көрсеткен жөн.

Жалпылай алғанда, біздің қоғам бұл түзетуді қолдайды. Бұл бапты қолдайтындар 26-баппен теңдесетін Конституцияда 6-баптың бар екендігін біледі. Сондықтан, халықтың аландауына негіз жоқ сияқты. Бұл әзірше жоба ғана. Әлі де терең сарапталып, зерделенеді. Содан кейін ғана нақты нұсқа ұсынылады.

Өмірәлі ЖАЛАИРИ,  
Д.Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясының ректоры, Жұмыс тобының мүшесі:

– Кейбір азаматтарды «Мемлекет басшысы өзіндегі өкілеттіктерді нәліктен Үкімет пен Парламентке беріп жатыр?» деген сауал толғандыруда. Олар Үкімет пен Парламентке ұсынылып отырған өкілеттіктер Президенттің өзінде қала берсін дейді. Негізінен, Парламенттің рөлі, мәселен, Үкіметті жасақтауда күшейеді.

(Соңы 5-бетте)

### БӘРЕКЕЛДІ!



Әдебиет  
порталы

Астана қаласындағы Назарбаев Университеттің конференц-залында «Әдебиет порталы» интернет-жобасы жаңа нұсқасының таныстырылымы өтті.

## Мүмкіндігі мол әдеби портал

Оралхан ДӘУІТ,  
«Егемен Қазақстан»

«Елордамыздың өсіп-өркендеуімен бірге үлкен әдеби орта қалыптасты. Қаншама акын-жазушылар, шығармашылық адамдары Астанаға көшіп келіп жатыр. Дегенмен де, қазіргі заманда әдебиетке де қорғаушы керек болып тұр. Міне, «Әдебиет порталы» интернет-жобасы сол құндылықтарымызды, әдебиетіміздің асыл мұраларын насихаттаса деген ойым бар», дейді қоғам қайраткері Мырзатай Жолдасбеков әдеби порталды таныстыру рәсімінде.

(Соңы 2-бетте)



## Аймақтық бюроның директорын қабылдады

Сенат Төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ Бас хатшысының көмекшісі, БҰҰ Даму бағдарламасы Еуропа және ТМД елдері бойынша Аймақтық бюросының директоры, БҰҰ-ның ЭКСПО-2017 жөніндегі Бас комиссары Жихан Сұлтановұлды қабылдады.



Сенат басшысы сапар аясында БҰҰ-ның Астанада өтетін ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесіне қатысуы жөніндегі шартқа қол қойылуына қолдау білдірді. Қ.Тоқаев көрменің «Болашақтың энергиясы» тақырыбы БҰҰ-ның 2030 жылға дейінгі орнықты даму міндеттерін іске асыруға жәрдемдесетінін атап өтті. Жүздесушілер ЭКСПО инфрақұрылымдары аясында БҰҰ қамқорлығымен жасыл технология мен инвестициялық жобаларды дамыту жөніндегі халықаралық орталық ашу туралы пікір алмасты, деп хабарлады Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының баспасөз қызметі.

## Жаһан назарын өзіне аударған көрме

**Жихан СҰЛТАНОВҰЛЫ,** Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас хатшысының көмекшісі, БҰҰ Даму бағдарламасы Еуропа мен ТМД елдері бойынша Өңірлік бюросының директоры, «БҰҰ ЭКСПО-2017» халықаралық мамандандырылған көрмесінің Бас комиссары, арнайы «Егемен Қазақстан» үшін

Биыл Астанада өтетін ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесіне БҰҰ Бас хатшылығы атынан Бас комиссар ретінде тағайындалу – мен үшін үлкен абырой. Болашақтың энергиясы саласына қолдау көрсету үшін Қазақстанның ЭКСПО тақырыбын осылай атағанын жоғары бағалаймыз. Сонымен қатар, Қазақстанның климат жөніндегі Париж келісіміне қол қойған мемлекеттердің бірі екенін ескерсек, қоршаған ортаны қорғау саласына да елдің қаншалықты қолдау көрсетіп отырғанын көреміз. Бүгінгің өзінде Қазақстан қоршаған ортаға көмірқышқыл газын шығаруды азайтуда өзіндік жоспарын бекітіп алды. Жалпы, бұл көрме Қазақстан үшін тұрақты дамуға арналған энергия тақырыбына серпін беретін керемет мүмкіндік болатыны сөзсіз әрі ол Орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуде соншалықты маңызды болып табылады. ЭКСПО-ның көпшілік үшін жетістікке айналатынына және



өңірлік қана емес, әлемдік деңгейде де жұртшылық назарын аудартатынына сенімдімін. Ал ЭКСПО көрмесі біткеннен кейін де жасыл энергетика Қазақстан экономикасының жетекші салаларының біріне айналып, «жасыл технологияға» алмасу орталығына айналады деп үміттенеміз. Сондай-ақ, бұл көрме өзге елдер үшін де осы салада өзіндік инновацияларын таныстырып, тәжірибе алмасатын алаң болып қалатыны сөзсіз. Біріккен Ұлттар Ұйымы бұл бастаманы қолдайды және болашақтың энергиясы саласындағы бағдарламаларда әріптестік орнатуға мүдделі. БҰҰ Даму бағдарламасы Қазақстанмен тығыз әріптестік орнатқан және елдің демократиялық үдерістерді дамыту бағытындағы қадамдарына қолдау көрсетеді.

## Бәсекеге қабілеттіліктің айқын көрінісі

Мемлекеттік хатшы Гүлшара Әбдіқалықова «Корпоративтік сектордағы әйелдер мүмкіндіктерін кеңейту» атты халықаралық форумға қатысты.

**Ләйла ЕДІЛҚЫЗЫ,** «Егемен Қазақстан»

Форумға Қазақстан Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия мүшелері, Парламент депутаттары, мемлекеттік органдар мен ұлттық компаниялардың басшылары, шет мемлекеттердің елшілері, халықаралық ұйымдардың, ҰЕҰ өкілдері, қазақстандық және шетелдік сарапшылар, БАҚ өкілдері қатысты. Мемлекеттік хатшы Қазақстан Президентінің «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауында еліміз өз дамуындағы жаңа дәуірге қадам басқанын атап өткенін айтты. Г.Әбдіқалықова Жолдаудың екінші басымдығы – бизнес ахуалын түбегейлі жақсарту және аясын кеңейту ісіне әйелдердің белсенді атсалысуын қамтамасыз ету қажеттігіне назар аударды. – Көп нәрсе шағын және орта бизнес кәсіпорындарын басқаратын әйелдерге байланысты. Әйел басшылардың қоғамдық

үдерістерге атсалысуы басқарушылық рәсімі мен бәсекеге қабілеттілікті арттыру сапасына оң әсерін тигізеді. Бұдан бөлек, инновациялық стартаптар құруда ғылымды қажет ететін экономика драйверлерінің бірі ретінде әйелдер қызметінің белсенділігін арттыру қажет, – деді Г.Әбдіқалықова. Бүгінде елдің барлық белсенді шағын және орта бизнес субъектілерінің 44%-ын (570 мыңнан астам субъект) әйелдер басқарады. Олар Қазақстанның шағын және орта бизнес секторындағы барлық жұмыс орындарының 31%-ын қамтып отыр. Республикада әйелдер бизнесін дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламалар, Үкімет пен ЕҚДБ, БҰҰ Даму бағдарламасы, Дүниежүзілік банк, т.б. халықаралық даму институттары арасындағы келісімдер арқылы жүзеге асырылады. Бұдан бөлек, ауылдағы әйел-кәсіпкерлерге «ҚазАгро» холдингі арқылы қолдау көрсетіледі. Осылайша, соңғы үш жылда несие алушылардың 32%-ы әйелдер болып отыр.

Мұндай шаралар қабылдау Қазақстанға Дүниежүзілік экономикалық форумның «Экономикаға атсалысу және әйелдер мүмкіндіктері» рейтингі көрсеткішін жақсартып, 31-ші орынға жетуге мүмкіндік берді. Мемлекеттік хатшы Қазақстанда қазір 4 миллионнан астам отбасы бар екенін атап өтті. Елімізде отбасыны нығайту мақсатымен қажетті жағдайлар жасау жөнінде жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Мемлекет басшысының Жарлығымен Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы бекітілді. Тұжырымдаманың мақсаты – гендерлік теңдік деңгейін, отбасы мүшелерінің тұрмыстық, экономикалық, адамгершілік-тәрбиелік, қорғаушылық және басқа да маңызды функцияларын орындаудағы жауапкершілігін, тепе-теңдігі мен нәтижелілігін арттыру. Соңында Г.Әбдіқалықова Мемлекет басшысының 2017 жылғы Жолдауында белгіленген міндеттерді орындау үшін әйелдердің корпоративтік сектордағы мүмкіндіктерін кеңейтіп, шағын және орта бизнесті одан әрі дамытудың басымдықтарын айқындап берді.

## Мүмкіндігі мол әдеби портал



(Соңғы. Басы 1-бетте)

– Әдебиеттің мәні үлкен, – дейді белгілі жазушы Төлен Әбдік. – Адамгершіліксіз өмір сүруге болмайды. Бойында ондай қасиет болмаған адам аңға айналады. Ал ол білімді болса, тіптен қауіпті. Адамгершілік қасиет ең алдымен отбасындағы тәрбие, сосын әдебиет арқылы беріледі. Сондықтан, әдебиетті, кітап оқуды барынша насихаттау керек. «Әдебиет порталы» – қазіргі технологияның дамыған кезеңінде осы іске жаңаша серпін береді деген сенімдемін. Иә, портал отандық рухани өнімдердің цифрлы форматтағы базасын құру, қазақ, орыс және өзге тілде жазатын қазақстандық қаламгерлердің шығармашылығын насихаттау,

жалпы, әдеби үдерісті жандандыру арқылы қоғамда биік талғамның, мемлекетшілдік ой-сананың қалыптасуына игі ықпал етуді көздейді. – Бұл әдеби порталдың мүмкіндігі өте көп, – деді Ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаев. – Технологияның соңғы мүмкіндіктерін пайдалана отырып, тек жазба түрінде ғана емес, оқырмандарға аудио, бейнежазбалар арқылы да қызмет етеді. Елдің руханиятын дамытуға атсалысып жатқан мұндай порталдарға мемлекет тарапынан үлкен қолдау көрсетіледі. Іс-шарада сондай-ақ, акын-дар Қалқаман Сарин, Қанат Омаров, Жанат Әскербекқызы және басқа да шығармашылық өкілдері өз ойларын білдіріп, тұңғыш ғаламторлық әдеби жобаға

сәттілік тіледі. Мінбеге шыққандардың барлығының сөз соңында өзіне ұнайтын бір өлеңді оқып беруі бұл шараның басты ерекшелігі болғаны анық. Бұл күні министр де, ғалым да, жазушы да жырдан шашу шашты. Интернет жобаның жетекшісі Бауыржан Қарағызұлының айтуына қарағанда, дәл қазір әдеби портал қорында 5 мыңға жуық электронды кітап бар екен. Және тағы бір айтары, бұл порталға кез келген акын-жазушы өз еңбектерін салып, әлеуметтік желі ретінде пайдаланып, өз оқырмандарымен байланыса алады. Алдағы уақытта қазақстандық және шетелдік үздік акын-жазушылардың шығармалары мен сұхбаттары жиі беріліп тұрмақ.

АСТАНА

## Жолдауды талқылауға қатысты

Сенат депутаты Дариға Назарбаева Алматы қаласындағы Тұңғыш Президент – Елбасы қорында Қазақстан Республикасының Президенті Жолдауын талқылауға байланысты сарапшылар қауымдастығының өкілдерімен кездесті. Талқылауға мемлекеттік талдау құрылымдарының, қоғамдық қорлардың және үкіметтік емес ұйымдар мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты, деп хабарлады осы палатаның баспасөз қызметі.

Кездесуде сарапшылар Жолдаудың маңызды мәселелерімен қатар, билік тармақтарының, орталық пен аймақтар арасындағы өкілеттіктерді қайта бөлу туралы да өз ойларынмен бөлісті. Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Сарапшылар мәслихаттар өкілдік және құқық қалыптастырушы міндеттерін толық көлемде атқара отырып, өздерінің жергілікті жерлерді басқаруға белсенді атсалысуы керек екенге келісті. Бұл олардың қызметін қалыптастыруға, өкілеттіктері мен қызмет ресурстарына

талаптарды айқайтайды. Сондықтан, Қоғамдық кеңестердің жұмыс тәжірибесін зерделеу және ең тиімді үлгілерін өнеге ретінде тарату ұсынылды. Пікірсайыс барысында Парламенттің өкілеттігін күшейту, депутаттар мен фракциялардың заңнамалық бастамаларын талдауды қамтамасыз ету, үкіметтік заң жобаларына құқықтық сараптама жасау жөнінде нақты ұсыныстар түсті. Сарапшылар қабылданған заңдарды іске асыруға жұртшылықты тартуда ауқымды түсіндіру жұмыстарын қолға алудың, сондай-ақ мониторинг жүргізудің қажеттігіне назар аударды.

## Мәдениет пен спорт саласына қолдау көп

**Айгүл СЕЙІЛОВА,** «Егемен Қазақстан»

Жұма күні Үкіметте өткен Президенттің «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауына арналған брифингке Мәдениет және спорт вице-министрі Ақтоты Райымқұлова, Қазақ Ұлттық Өнер университетінің ректоры Айман Мұсақожаева, Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің төрағасы Елсияр Қанағатов, сондай-ақ журда ғана Алматы қаласында өткен қысқы Универсиада ойындарының жеңімпаздары қатысты. Мәдениет және спорт вице-министрі Елбасы Жолдауындағы басымдықтар шеңберінде министрлік Мәдениет саясат тұжырымдамасын, Спортты дамыту тұжырымдамасын, Тілдерді дамыту мен қолданудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыратынын өткен кезді. Сондай-ақ, Мәдениет және спорт министрлігінің басым міндеттерінің тізімінде дуалды білім беруді іске асыру міндеті бар. «Шығармашылық адамдары бала кезден білім беру жүйесіне

шығармашылық сабақтары қосылған арнайы ортада тәрбиеленсе, кейін жоғарғы жетістікке қол жеткізеді. Дуалды білімнің бір ошағы ретінде Астанада ашылған Хореография академиясын атауға болады. Мұнда бірінші сыныптан докторантураға дейін оқытылады. Біз сол оқу орнында болашақ балет жұлдыздарын, әлемдік дәрежедегі жұлдыздарды көптеп оқытамыз, тәрбиелейміз деген сенімдеміз», деді А.Райымқұлова. Вице-министр министрлік бірінші кезекте Қазақстанның жас мәдениет қайраткерлеріне, спортшыларына қолдау көрсету міндетін қоятынын хабарлады. Осындай қолдаудың жарқын мысалы ретінде қазіргі кезде Қытайдағы «I am a singer» халықаралық байқауына қатысып жатқан Димаш Құдайбергенді атады.

Брифингте сөз алған Қазақ Ұлттық Өнер университетінің ректоры Айман Мұсақожаева еліміздің осы уақытқа дейін жеткен жетістіктерінің негізінде адам капиталы мен мамандардың әлеуеті тұрғанын айтты. Елбасы Жолдауында көрсетілген сыни

ойлауды, ақпараттық технологияларды дамыту мәселелері де өзекті екеніне тоқталды. «Біздің мамандар ақпараттық технологияны да қолдана алуы керек. Ағылшын тілінде де сөйлей білуі тиіс. Үш тілді меңгеру туралы тапсырма өз уақытында беріліп отыр деп ойлаймын. Біз шет елдерге гас-трольерге шығып жүрміз. Сонда тілді білмеушілік проблема туғызады», деді Айман Мұсақожаева. Ал Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің төрағасы Елсияр Қанағатов қысқы Универсиада ойындары төңірегінде әңгімеледі. Биылғы студенттердің дүниежүзілік ойындарының қорытындысы бойынша Қазақстан құрамасы жалпы командалық есепте екінші орынға табан тірегені белгілі. Бұл орайда Е.Қанағатов әрбір спорт жарысында бұрынғы өткен жарыстардағы көрсеткіштерден жоғары нәтиже көрсету міндеті қойылатынын айтты.

Брифинг соңында БАҚ өкілдері қысқы Универсиада ойындарының жеңімпаздарымен сұрақ-жауап түрінде пікір алысты.

## Озық технологиялар – отыздыққа апаратын төте жолдың бірі



«Нұр Отан» партиясы Төрағасының бірінші орынбасары Солтүстік Қазақстан облысында болды. Мұхтар Құл-Мұхаммед облыс әкімі Ерік Сұлтановпен бірге өңірдегі еңбек ұжымдарымен бірқатар кездесу өткізді, сондай-ақ, партия активінің алдында тұрған жұмыстардың басым бағыттарын белгілеп берді.

**Өмір ЕСКАЛИ,** «Егемен Қазақстан»

Елбасының Қазақстан халқына Жолдауының маңызын түсіндіру – «Нұр Отан» партиясы Төрағасы бірінші орынбасарының өңірлерге сапарының негізгі мақсаты. Мұхтар Құл-Мұхаммедтің Солтүстік Қазақстан облысына жоспарлаған жұмыс кестесінде бұл мәселе басты назарда болды. Солтүстік Қазақстанды барлық мақ-ытта да ең алдымен астық және мал шаруашылығымен байланыстырғанымен, бұл жерде экономиканың басқа секторлары да ойдағыдай дамуда. Мысалы, 2015 жылы облыста полиэтилен

құбырларының өндірісі жолға қойылды. Құны 57 миллион теңгені құраған жоба мемлекеттік индустриялық-инновациялық даму бағдарламасының шеңберінде жүзеге асырылды. Жаңа зауыт-тың директоры Дмитрий Шарапаев – республикамыздың басқа бизнесмендері үшін жақсы өнеге бола алады. Токсаныншы жылдары өз ісін жаңадан бастаған көптеген кәсіпкерлердей, ол да халық тұтынатын шетелдік тауарларды жеткізумен және өткізумен шұғылданды. Уақыт өте келе, нарықтың қыры мен сырын меңгерген кәсіпкер өнімді басқа елден жекеленген гөрі, оны осы жерде шығарудың тиімді екенін түсінді. Осыдан кейін Д.Шарапаев пластиктен жасалған

үйдің керек-жарактарын өндіретін өзінің бірінші цехын салуға шешім қабылдайды. Жыл өткен сайын кәсіпорынның айналымы өсіп, шығаратын өнімі де көбейе түсті. Бүгінгі таңда ол халық тұтынатын өнімдердің 230 аталымын нарыққа шығарып отыр. Шикізат ретінде пайдаланылған қалдықтар – пакеттерді, пластмассадан жасалған өнімдерді пайдаланатыны зауыттың ерекшелігі болып табылады. Осындай пайдалы «коқысты» қабылдайтын орындар Қазақстанның барлық жерлерінде ашылған. Аталған кәсіпорын бастапқыда тіркелген өндіріс қуаттылығына жете алмаған, мемлекеттік индустриялық-инновациялық даму бағдарламасының әйгілі 72 жобасының қатарында болды. Бүгінгі таңда бұл мәселе шешілді. Атап айтсақ, 2016 жылы зауыт 2,5 миллиард теңгенің өнімін шығарып, оның бүкіл Қазақстан мен Ресеймен шекаралас аудандарына дейінгі жеткізілімін қамтамасыз етті. «Нұр Отан» партиясы Төрағасының бірінші орынбасары солтүстік-қазақстандық бизнесменнің бастамасын

қолдап, Мемлекет басшысының үшінші жаңғыруға арналған халыққа Жолдауында іскер адамдарымыздың кәсіпкерлік тапқырлығына үміт артып отырғанын атап өтті. Облыстың агроөнеркәсіптік кәсіпорындары уақыттың жаңа талаптарына сай болуға ұмтылады. Ауыл шаруашылығындағы шикізаттан көп пайда таба алмайтынын мұндағылар бағытта-ақ түсінген болатын. Сондықтан, аймақта жыл сайын түрлі азық-түлік өнімдерін шығаратын жаңа зауыттар мен фабрикалар пайда болуда. Бұл істе «Богатырский продукт» компаниясы табысқа жетуде, ол ұн, макарон өнімдерін, тұшпара, құрғақ таңертеңгі ас, кондитерлік өнімдерді өндіруді жолға қойды. Мұхтар Құл-Мұхаммед өндірісті аралап шығып, жергілікті бизнесмендерді өз зауыттарында алдыңғы қатарлы әзірлемелерді енгізе отырып, Президент жариялаған технологиялық жаңғыруды қолдауға шақырды.

«Мемлекет басшысы өзінің Жолдауында аграрлық сектордың

экономиканың жаңа драйвері болуы тиіс екенін ерекше атап өтті. Еліміздің ең ірі сарқылмас қоры болып табылатын Солтүстік Қазақстанның агроөндірістік кәсіпорындарын жаңғырттып, ғаламдық бәсекелі нарыққа шыға алатын тамаша мүмкіндігі бар», – деп атап өтті «Нұр Отан» партиясы Төрағасының бірінші орынбасары. «Нұр Отанның» облыстық филиалында өткен кездесуде Мұхтар Құл-Мұхаммед жергілікті партиялықтарға бүгінгі таңда Елбасының Жолдауын бүкіл Солтүстік Қазақстан облысы халқының, әсіресе фермерлердің қызу талқылап жатқанын айтып берді. Шаруалар Президенттің ауыл шаруашылығын сапалы дамыту мәселесіне айрықша назар аударғанына дән риза. Олар Нұрсұлтан Назарбаевтың тікелей қолдауының арқасында агроөнеркәсіп кешінінің республикамыздағы экономикалық өсімінің жаңа қозғаушы күші бола алатынына сенеді.

Солтүстік Қазақстан облысы

# Жаһандық бәсекеге қабілеттілік – заманның өктем талабы

«Заман өзгерді, сен де өзгер», деп туған халқына хакім Абайдың арнаған өсиеті есімізде. Сол Абай айтқан, Абай мензеген өзгерістер уақыт өте келе арнасы кеңейіп, барынша күрделеніп бүгінгі тәуелсіз заманымызда да өзінің өктем талабын алдымызға тартып отыр.

Енді бірден негізгі әңгімемізге көшетін болсақ, оны осы заманда қай халық болса да шетел тауарын, егер ол өз сұранысына қолайлы болса, ешқандай жатсынбай өз өмірлеріне пайдалану дәстүрі қалыптасқанынан бастайық. Біздер, казакстандыктар да Жапония, Оңтүстік Кореядан келген жүйрік жеңіл машиналарды, Батыс, Шығыс елдерінен келген көптеген тамақтың түрлерін Қытайдың үй жиһазын, Еуропа елдерінің сәнді тігілген киімдерін, алыс-жақын жылы елдерден келген жеміс-жидектерді, күнделікті өмірге керек техника, технологияларды өз тұрмысымызға кеңінен пайдаланудамыз. Пайдалана отырып, осы тауарлар бізде неге шығарылмайды немесе неге олардік арзан, ал біздікі қымбат немесе шеттен келген тауардың сапасы біздегіден неге жоғары деген сияқты көптеген сұрақтар туады.

Сондықтандабәсекегеқабілетті болу біздің заманымыздың өктем талабы және де бұрын болмаған бірден-бір ерекшелігі. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің кезекті Жолдауында біздерді осы жаһандық бәсекеге қабілеттілікке шақырумен қатар, оған жетудің жолы мен шарттарын да жан-жақты баяндап, ұсынып отыр.

Біздің заманымыздың тағы бір зор ерекшелігі – жаһандық бәсекеге әр ел тек өзінің жерсуының, өндірісінің, жалпы экономикасының деңгейімен ғана емес, сол елдің азаматтарының дүниетанымы, білімі мен білігі, іскерлігі, жаңашылдық деңгейімен, қорыта айтсақ, адами капитал деңгейімен де түсіп отыр. Бұрын біздер адами капитал, оның сапасы, экономикаға әсері туралы көп ойлай қоймайтын едік. Заман өзгерді, қазір ел шаруашылығының қай саласын алсаң да оның бүгінгі, әсіресе, келешекте дамуы, бұрынғыдан да жедел, тиімді дамуы тек ғылым жаңалығы, оны іске асыра алатын білім, біліктілік негізінде ғана мүмкін. Ал ғылым мен білім адам спатының, адами капиталдың негізін құрайды.

## Жан-жақты түсіндірілді

Мәжіліс депутаттары Абзал Ералиев, Майра Айсина, Мансұрхан Махамбетов, Асылбек Смағұлов және Наталья Жұмәділдаева Сырдария ауданы тұрғындарымен кездесіп, жергілікті халыққа Елбасының «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауын жан-жақты түсіндірді.

**Ержан БАЙТІЛЕС,**  
«Егемен Қазақстан»

Аудандық мәдениет үйінде болған кездесуде Жолдауда айтылған үшінші жаңғырудың негізгі бес басымдығы тақырыпқа арқау болды. Абзал Ералиев «Елбасы Жолдауы еліміздің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталғандығын айтып, бұл кәсіпкерлікті, елді мекендерде интернет жүйесі мен сандық технологияны дамытуға жасалып отырған зор мүмкіндік және заман талабы» екенін назарға салды.

Қазақстан халқы Ассамблеясы атынан сайланған депутат Наталья Жұмәділдаева ІТ-білімді, қаржылық сауаттылықты қалыптастыруға, ұлтжандылықты дамытуға, қала мен ауыл мектептері арасындағы білім беру сапасының алшақтығын азайту жолындағы жұмыстарды жандандыру мен үш тілді оқуға кезең-кезеңмен көшу мәселесіне ден қойды.

Кездесу соңында тұрғындар Мемлекет басшысының Жолдауынан туындайтын негізгі бағыттарды халық арасында кеңінен насихаттап, жүктелген жауапкершілікті нақты жүзеге асыруда бірлесе жұмыс жасауға уағдаласты.

**Қызылорда облысы**



Әлем елдеріне, әсіресе, алға кеткен елдердің озық тәжірибесіне көз жіберсек, олардың бүгінгі ішкі жалпы өнімінің 70-90 пайызына дейін ғылым мен білім негізінде алынғанын көреміз.

Осыдан кейін бүкіл әлем елдері болмаса да, олардың басым көпшілігі өз еліндегі адами капиталдың сапасын арттыру жолына түсті, яғни, адами капитал жаһандық бәсекеге қабілеттіліктің тағы бір өте маңызды құралы мен көрсеткішіне айналып отыр. «Білімсіз бірді, білімді мыңды жығар» деген данышпан халқымыздың нақыл сөзі қазір әлемде іс жүзінде дәлелденгенін көріп отырмыз. Бүгінгі таңда әлем елдері инновацияны, оның тәсілдерін де жаһандық бәсекеге қабілеттіліктің маңызды құралы дәрежесіне көтеруде. Кейбір елдердің жоғарыда айтылған ішкі жалпы өнімінің 30-40 пайызына дейін инновацияны жаппай және тиімді пайдалану негізінде алып отырғанын көреміз.

Инновацияны өз басым адамның жанашылдық қасиеті және босқа айтылған сөз немесе іс емес, әрбір өмірге келген жаңалықтың шаруашылыққа тиімділігі мен пайдасына қырағылық көрсетіп, оны іске асыра білетін адами қасиет дер едім. Осы жағынан да әлем елдері жаһандық бәсекеге кіріп кетті. Ұтқандары ілгері озады, ұтылғандары орнында қалады. Ұтылғын келмесе, экономикан, әлеуметтік жағдайдың жақсы болсын десеп, өз азаматтарының жаңашылдыққа баптай біл, оларды оқыт, үйрет, әлемнің озық үлгілерімен сусындап, қолдау көрсет, ынталандыра біл. Сонда жеңіске жетесің, ғылым, білім, инновация арқылы жаһандық бәсекеге қабілеттілік өседі.

Елбасының халыққа кезекті Жолдауында айтылған өзекті мәселенің бірі осы. Осы бағытта жүретін жолымыз, істейтін ісіміздің маңызы өте зор, дейді Елбасы өз Жолдауында. Қорыта айтсақ, адам сапасы, адами капитал – қазіргі заманымыздың, жаһандық бәсекеге түскен әлем елдерінің осы үрдіске қабілеттілігінің шешуші құралы. Елбасы осындай өзекті, мемлекеттік маңызы зор мәселені шешу жолдарына аталған Жолдауында жан-жақты тоқталды.

Жаһандық бәсекеге қабілеттілікке жеткізетін тағы бір маңызды жол бар екенін де көріп, түсініп келеміз. Ол – заман талабына сай мемлекеттік құрылыс, мемлекеттік басқару, саяси, экономикалық, әлеуметтік жүйелер. Осыларды заман талабына сай ойластыра жасай білу, соның арқасында ілгері жедел жүріп, басқалардан қалмау – біз өмір сүріп отырған дәуірдің тағы бір өктем талабы. Мемлекетіңді құра біліп, оның барлық саласына тиімді басқару саясатын жасай алсаң, жаһандық бәсекеде ұтқаның, жасай алмасаң немесе кешеуілдесең – ұтылғаның.

Адамзат тарихы мемлекеттік құрылыс пен оны басқару ісіне үлкен талғампаздық керек екенін сан рет дәлелдеп-ақ келе жатыр. Көне тарихты қопармай, өзіміз білетін заманға тоқтасак та, аталған талғампаздық өте қажет екенін жақсы түсінеміз. Мысалы, мемлекеттік тиімді жүйе монархия емес, конституциялы, зайырлы мемлекет екені бүгін барша әлемге белгілі. Кешегі авторитарлық социализм демократия, нарық жолымен жүрген елдерден бәсекеде жеңіліп қалды. Осыдан кейін егемен ел ретінде біздер демократияны уағыздап, нарық экономикасы жолына түстік.

Ширек ғасыр осы жолмен жүріп өттік. Конституциялық республика, оған сәйкес билік жүйесі құрылды. Нарық экономикасының шешуші тетіктері іске қосылды. Алыс-жақынмен бейбіт қатынасты, жарастықты көздеген сыртқы саясат, елімізде орнаған ашық қоғам біздерге көптеген әлем елдерімен өзара тиімді байланыс жасауға мүмкіндік берді. Бір сөзбен айтқанда, біздер жасаған конституциялық реформа, құрылған билік жүйесі, жүргізілген саяси, экономикалық, әлеуметтік

## Ерекше ықыласпен қабылданып отыр

Мәжіліс депутаттары Аманжан Жамалов, Сапархан Омаров, Глеб Шегельский, Артур Платонов, Дания Еспаева Мемлекет басшысының Қазақстан халқына арнаған Жолдауын түсіндіру мақсатында «Қазхром «ТҰК» АҚ филиалы – Ақтөбе феррокорытпа зауытының еңбек ұжымымен кездесті.

**Темір ҚҰСАЙЫН,**  
«Егемен Қазақстан»

– Бұл құжат әр азаматтың әлеуметтік жағдайын жақсарту ойластырылып, дәйекті жазылған. Оны әдеттегідей құш-жігерімізді біріктіре отырып, қысқа мерзімнің ішінде жүзеге асырар болсақ, Жолдауда көзделген мақсаттарға ертерек қол жеткізеріміз анық, – деді Елбасы Жолдауын түсіндірген Артур Платонов.

Мәжіліс депутаттары зауыттың тыныс-тіршілігімен

танысып, әлемде тендесі жок жана №4 цехтағы металл балқыту үрдісіне куә болды. Бұл цехты 2014 жылы Елбасы Н.Ә.Назарбаев іске қосқан. Қазіргі таңда жана зауыт өзінің алғашқы өнімдерін бере бастаған.

Ақтөбе феррокорытпа зауытының директоры Мұрат Мұқашевтың айтуынша, мұнда әр түрлі мамандықты игерген 4 мыңнан астам адам табысты еңбек етеді. Оның 3 мыңнан астамы – «Нұр Отан» партиясының мүшелері.

## Комитет мүшелері халықпен жүздесті

Парламент Мәжілісінің Аграрлық мәселелер комитетінің мүшелері Роман Ким, Айкын Қоңыров және Берік Оспанов Шығыс Қазақстан облысына жұмыс сапарлары барысында Президент Н.Назарбаевтың «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауын түсіндіру мақсатында көптеген кездесу өткізді.

**Азамат КАСЫМ,**  
«Егемен Қазақстан»

Депутаттар «Семей цемент зауыты» ЖШС, «СемаАЗ» ЖШС, «Мелисса» ЖШС, «Кенес и К» ЖШС, Батыс Алтай мемлекеттік табиғи қорығы, «Ядролық технологиялар паркі» АҚ, «ҚР ҰҰО» РМК, «Заря» ШК, «Сугатовское» ОДА, «ОХМК» ЖШС, «Бобровка» ЖШС, «Казцинкмаш» кәсіпорындарының ұжымымен және ҚазМЗУ мен Риддер аграрлық-техникалық колледжінің оқытушы-профессорлар құрамымен және студенттерімен кездесті.

Бағдарлама аясында депутаттар Өскемен қаласындағы ҚХА мүшелері мен этномәдени бірлестіктердің өкілдерімен,

Курчатов және Шемонаиха қалаларындағы үкіметтік емес ұйымдардың және этномәдени бірлестіктердің өкілдерімен, кәсіпорын жұмысшыларымен, Глубокое, Солнечное, Бобровка ауылдары мен Жарма және Шемонаиха аудандарының тұрғындарымен кездесті.

Сонымен қатар, «Мелисса», «Кеңес и К» ЖШС мен Батыс Алтай мемлекеттік табиғи қорығының қызметкерлерімен кездесу барысында халық қалаулылары өсімдік және жануарлар әлемі мәселелері бойынша Мәжілісте қарастырылып жатқан заң жобасының кейбір ережелерін талқылап, ұсыныстарды назарға алды.

**Шығыс Қазақстан облысы**

### ЖАҢҒЫРТУ 3.0 І



реформалар бұрынғы артта қалған Қазақстанды көп ілгері жылжытып, барлық маңызды көрсеткіштерімен 217 әлем елдерінің ішінде 50-55-орындарға көтеріп отыр.

Дегенмен, мемлекеттік құрылыс, басқару жүйесі де заман өзгерісіне байланысты оны әрі қарай жетілдіре беруді талап етеді. Және бізде қолданыста болған жүйенің кемшілігі де сезіліп, оны жақсарту талабы тұр. Осы мақсатпен Елбасы өзінің халқымызға Үндеуінде біздегі биліктің үш тармағының жұмысын, олардың бір-бірімен арақатынасын бұрынғыдан да жақсы оңтайластыру керек екенін айтты және де тиісті ұсыныстар жасады. Дәлірек айтсақ, қазір Президент құзырында болған кейбір мәселелерді Парламент пен Үкімет құзырына беру ұсынылып отыр. Бұл биліктің соңғы екі тармағының еліміздің тиісті дәрежеде дамуына жауапкершілігін арттыратыны сөзсіз. Және осыған бағытталған реформа Парламент пен Үкіметтің құзырларының өзара тепе-теңдігін де қамтамасыз етуі керек.

Осындай конституциялық реформаның қажеттілігі әртүрлі деңгейде айтылып жүрген болатын. Бірақ оның толғағы пісіп, қазір керекті шешімдер қабылданғалы тұр. Сонымен қатар, біздер алдағы уақытта да ең жоғары өкілеттік, оның шешуші тетіктерін Президент қолында берік ұстаған республика дәрежесінде дамуды жалғастыра береміз. Ел бірлігін сақтауға, алған бағытымыздан жаңылмай, ел болып ілгері жүре беру үшін биліктің Президент тармағының маңызы өте зор. Демократия жолымен бұрыннан ғасырлар бойы жүріп келе жатқан АҚШ сияқты ел де, жақын арада осы жолға түскен

Ресей, Қытай елдері де президенттік басқару жүйесіне басымдық беру-

де. Бұлар да біздің таңдауымызға жақсы ықпалын көрсетіп отыр.

Ал енді осы саяси реформаның жаһандық бәсекеге қабілеттілікке қатысы бар ма? Әрине, бар. Өйткені, мемлекеттік басқару жүйесі ел экономикасы дамуына, бүкіл ел өмірінің қай саласын алсаң да оның заман талабына сәйкес дамуына тікелей жауапты және ықпалы зор. Демократиялық бағытпен, нарық экономикасы жолымен жүрген, саяси құрылымы тиімді қалыптасқан елдердің көбінің ілгері кеткенін, олар әлем елдерінің көш басында жүргенін біздер өткен ширек ғасырда танып, білдік. Сондықтан да осы жолмен жүру өмірдің өктем талабы және де жаһандық бәсекеге қабілеттілікті арттырады.

Елбасының конституциялық реформа туралы Үндеуі кенеттен туған мәселе емес. Әлемдегі қалыптасқан саяси, экономикалық, әлеуметтік ахуал, өз ішімізде, сыртта да болып жатқан сан қилы өзгерістер ескеріліп, екішеліп, електен өтіп жасалған қадам. Сондықтан осындай реформаның, саяси жүйедегі күрделі өзгерістердің толғағы пісті деп айта аламыз.

Сонымен, абайлап қарасақ, біздер бүгін егемен ел екенбіз, сонымен қатар, сан қилы жаһандық бәсекеге бой ұрған, белсене кіріскен мемлекет екенбіз. Өткен 25 жылда жаңа мемлекет құрып, экономиканы технологиялық негізде жасақтау сияқты үлкен де күрделі асуларды алып едік, ал Президенттің соңғы Жолдауында көрсетілген жол, дйттеген мақсат – олар үшінші, бұрынғыдан да маңызды асқаралы асу, Елбасы атап айтқандай, Үшінші жаңғыру үрдісі

болып отыр. Және де мазмұны терең, жауапкершілігі зор қадам.

Бұрынғы Жолдауларда Елбасы экономиканың, әлеуметтік саланың, білім беру немесе денсаулық сақтау салаларының даму жолдарын жан-жақты көрсете біліп еді. Бірақ жалпы Қазақстан, Қазақ мемлекеті болып жаһандық бәсекеге қабілетті болу талабы оларда кешенді түрде қойылған жоқ болатын. Осындай асқаралы асу, тарихи таңдау аталған Жолдауда бірінші рет айтылып отыр.

Және де осы таңдаудың өткен ширек ғасырдағы егемендік сапарымызда айтарлықтай негізі жасалды. Мемлекетіміз үлкен сынақтан өтті, тәжірибе жинады. Ел есейді, жақсы-жаманды таныды, жүрер жолының маңызды екенін түсінді. Билік басындағылар, үлкен-кіші басшылар өткен жылдарда саналы да сапалы өмірдің университеттерінен өтті, әлемдегі озық үлгілерді көрді, бойына сіңірді. Ана сүтінен бастап жаңаша тәрбиеленген тегіс бір ұрпақ бүгінгі реформаларға белсене араласа басталды. Шетелдер тілін меңгеріп, бүкіл әлемді кеңінен аралаған ел азаматтарына әлемдік оркениет те, демократия да, нарық жолы да бұрынғыдан да көбірек қыры мен сырын аша бастады.

Елдікке шақырсаң жаныңнан табылып, қолдайтын достар да баршылық. Әлемге өзінің кеменгерлігімен жақсы танылып, біздерге Үшінші жаңғыру жолын ұсынып отырған Елбасымыз ат үстінде. Осылардың арқасында алдымыздағы асу – Үшінші жаңғыру жолы сәттілікке әкелетініне сенім мол.

**Кенжеғали САҒАДИЕВ,**  
академик

## Орындалуына бірге атсалысуға шақырды

Мәжіліс депутаты Екатерина Никитинская Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауын талқылау мақсатында Алматы қаласындағы Түрксіб ауданына қарасты №83 мектеп-гимназия ұжымымен кездесті.

**Талғат СҮЙІНБАЙ,**  
«Егемен Қазақстан»

Кездесуде сөз сөйлеген Парламент Мәжілісінің депутаты, «Ақ жол» фракциясының мүшесі Е.Никитинская Жолдаудың мән-маңызы мен ерекшелігін көпшілікке кеңінен түсіндіріп, онда көрсетілген бес басымдықтың әрқайсысына жеке-жеке тоқталды. Әсіресе, ол білім алудың қолжетімділігін қамтамасыз ету мәселелеріне ерекше назар аударып, жан-жақты талдап берді.

Халық қалаулысы, әсіресе, маңызды салалардың бірі болып табылатын білім беру мәселесін тереңнен сөз етті.


«Мемлекет басшысы Жолдауының төртінші басымдығы адами капитал сапасын жақсартуға арналған. Бұл – білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру салаларын дамыту жөніндегі жүйелі көзқарас. Экономикалық өсудің жаңа моделінде білім беру орталық буына айналуға тиіс. Біріншіден, оқу бағдарламаларын жаңғырту, яғни «сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамыту, ІТ-білімді, қаржылық сауаттылықты қалыптастыру» жөнінде міндет қойылып отыр. Қазір мазмұны жанартылған оқу бағдарламалары мен оқулықтарын, сондай-ақ білім алушылардың оқу жетістіктерін өлшемшартпен бағалау жүйесін кезең-кезеңмен байқап көру жұмысы аяқталды», – деді депутат.

Сұхбат түрінде өткен кездесу барысында оқу орнының ұстаздары көкейлерінде жүрген сауалдарын қойып, тұшымды жауаптар алды. Сонымен қатар, Жолдауда көрсетілген міндеттерге орай өз ұсыныстарын да білдірді. Ал депутат маңызды құжатта жүктеліп отырған жауапкершілікті терең сезінуге және оның орындалуына бірге атсалысуға шақырды.

**АЛМАТЫ**

**Ақмола облысы**

**Ақмола облысы**



Еліміздің барлық қалалары мен аймақтарында қызу талқыланып жатқан жаңа реформа ғалымдар назарынан тыс қалмайтыны, бұл бетбұрыс тың бастамаларға серпін беріп, елдігімізді қуаттайтыны айтылды. Халқымыз өз

## Ғалымдар реформаны талқылады

Алматыдағы «Ғылым ордасы» РМК концерт залында «Конституциялық реформа — Қазақстан дамуының жана кезеңі» атты конституциялық реформаны талқылауға арналған семинар өтті. Семинарға еліміздің белгілі ғалымдары, ҰҒА академиктері мен ғалымдары, ғылыми-зерттеу институттарының басшылары мен жетекші мамандары және БАҚ өкілдері қатысты.

дербестігінің 25 жылдығында айтулы табыстарға қол жеткізіп отыр. Бірақ, бүгінгі күннің талаптарына сәйкес, біздің алдымызда үлкен мақсаттар тұр. Сол себепті, біз заман сұранысына сай, басқару жүйесін реформалап, жауап-кершіліктерді нақтылап алуымыз қажет.

Жаңа реформаның өзектілігіне тоқталған еліміздің алдыңғы қатарлы ғалымдары реформадағы мәселелерді негізге ала отырып, заң жобасындағы президенттік өкілеттіктің бірқатар бөлігін Үкімет пен Парламентке беру, сонымен бірге, сот, прокуратура органдарының жұмысын жетілдіру сияқты үлкен ұсыныстарды кең көлемде талқылады. Жаңа технологиялық деңгейге өту,

экономикалық әрі әлеуметтік даму моделін қалыптастыру жүйесі сөз болды.

«Конституция кез келген мемлекеттің ең негізгі құжаты. Оның өзгеріске ұшырап отыруы заңды. Себебі, әлеуметтік-экономикалық, саяси дүние уақыт өте келе өзгеріп, жаңғырып отырады. Бұл біздің алға қарай ұмтылуымызға үлкен септігін тигізбек» деді, жиында сөз алған философия ғылымдарының докторы Серік Нұрмұратов. Шараны ұйымдастырушылардың бірі, аталған ғылым ордасы басшысының орынбасары, тарих ғылымдарының кандидаты Нұрлан Сейдін: «Бүгінгі жиынның басты мақсаты — жаңа реформаның мәніне үңіле отырып,

еліміздің жарқын болашағына ғалымдар тарапынан үн қосу. Елбасының бастамасын қолдап, оның іске асуына аз да болса өз үлесімізді тигізу», деді.

Конституцияға енгізілетін өзгерістер — мемлекетіміздің алдағы уақытта қарқынды дамып, бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына енуіне жол ашатын бірден-бір амал. Осы ретте, Елбасының жаңа реформасы — экономикалық даму мен бәсекеге қабілеттілікті арттырып, еліміздің қарыштап дамуына жол ашатын айқын бастама деп баға берді жиынға қатысушылар.

Семинар соңы «Ғылым ордасы» РМК ұйымдастыруымен белгілі композитор, әнші, Қазақстанның халық әртісі Алтынбек Қоразбаев пен оның бір топ шәкіртінің қатысуымен өткен концерттік шараға ұласты.

Арман ОКТЯБРЬ,  
журналист

АЛМАТЫ

Зарема ШӘУКЕНОВА,  
БҒМ ҒК Философия,  
саясаттану және  
дінтану институтының  
директоры, ҰҒА  
корреспондент-мүшесі



## Мақсат – билік тармақтарының қызметін белсенді ету

Кез келген қоғам өмірдің талаптарына сәйкес өзгерістер жасап отыруы керек. Қазақстан қоғамының барлық саласында да қазіргі жаһанданған заманның талаптарына сай әртүрлі өзгерістер жүріп жатыр. Бұл — өмірдің өзіндік заңы, әлеуметтік прогрестің ішкі қисыны.

Елбасымыз Қазақстан халқына арналған соңғы Үндеуінде жаңа стратегиялық мақсаттарды айқындап, саяси билікке қатысты демократиялық сипаттағы реформаларды ұсынды. Біздің жас мемлекетімізге бірден өркеніеттің биігіне көтеріліп кету оңай емес. Дегенмен, осы бағытта үнемі белсенді қадамдар жасаған орынды және ондай талпыныстардың жемісті нәтижелері болары анық. Әсіресе, қазіргі жаһандық сын-қатерлер мен қауіптерді еңсеріп отыру үшін билік пен қоғам тарапынан дер кезінде тиімді іс-қимылдар атқарылуы тиіс. Міне, осындай жағдай елімізде өркендеп келе жатқан демократиялық құндылықтарды бекіте түсетін қадамдарды қажет етеді.

Қазіргі таңда еліміздегі мемлекеттік билік қызметінің тиімділігін арттыру үшін оның құрылымының әлеуетін нығайту, төңгерімділігін орнықтыру көзделуде. Жаңа әлеуметтік институттарға арқа сүйейтін төңгерімделген және тиімді билік жүйесін, басқару салаларының қызметін жандандыру — уақыт талабы.

Конституциялық реформалар аясында Үкіметтің қызметін әрі қарай жетілдіру және оны бақылап отыруда ел Парламентінің рөлін күшейту өте орынды. Кезінде Парламент жас мемлекеттің Конституциясын қабылдап, көптеген заңдарды әлеуметтік өмірімізге орнықтырды, тәуелсіздігімізді құқықтық тұрғыдан қамтамасыз етті, «Қазақстан-2050» Стратегиясы — қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты», 5 институттық реформа мен «100 нақты қадам» Ұлт жоспары сияқты маңызды құжаттардың құқықтық базасын жасауға белсенді түрде атсалысты. Соның арқасында құқықтық өрісте көптеген нақты қадамдар жүзеге асырылуда. Сөйтіп, еліміздің көппартиялы Парламенті өзінің биік кәсіби деңгейін әлемнің көптеген елдеріне келген әлеуметтік дағдарыстың өрбіп тұрған шағында дәлелдеп берді. Қазақстан Республикасының Президенті ұсынған саяси биліктің жауапкершілігі мол ауқымын Парламенттің барынша сапалы, нақты және жүйелі түрде атқара алатынына сенуге болады.

Қазіргі кезеңде саяси партиялармен қатар, мемлекеттік билік органдарының жауапкершілігі мен кәсібилігінің, мемлекеттің басқару жүйесі қызметінің тиімділігінің маңызы арта түсіп отыр. Әкімдіктер мен министрліктер өзінің мемлекеттік басқару саласының ауқымында көптеген мәселелерді Президент Әкімшілігіне жеткізбей-ақ реттей алатын деңгейге жетуі керек. Осы тұрпаттағы іс-әрекеттердің артықшылықтарын баршамыз көп ұзамай-ақ сезінуге тиістіміз. Министрлер мен әкімдер өздеріне бағынышты қызметкерлерге барынша қамқорлық жасап, күрделі мәселелерді мобилді, оңтайлы түрде шешіп үйренуі қазіргі күннің талабына айналуда. Бұл демократиялық реформалар — өркеніеттік даму тұрғысынан алғанда, еліміздің қазіргі заман сұраныстарына сай, қисынды да дәйекті даму жолының және Президенттің көреген және сарабал саясатының тағы да бір жарқын көрінісі.

Еліміздегі билік тармақтарының қызметіне жаңа серпін беру, бұрын негізінен президенттік биліктің құзырында болып келген көптеген қоғамдық, саяси және мемлекеттік жауапкершіліктерді Қазақстан Парламенті мен Үкіметіне, әртүрлі министрліктерге, әкімдерге тікелей жүктеу, оларға билік тетіктерін сеніммен тапсыру мемлекетіміздің өз тәуелсіздігін нығайту мен еліміздегі демократиялық реформаларды әрі қарай өрістетуге түсу жолындағы өркеніеттік сипаттағы қадам болып табылады.

Өзінің дербес мемлекеттілігін тұрақтандыру мен Қазақстан қоғамы өкілдерінің азаматтық және ұлттық бірегейлігін айқындау үшін, ішкі бірлігін нығайту жолында Тәуелсіздіктің алғашқы 25 жылында күшті президенттік билік қажет болатын. Ондай биліктің белік кеңестік негіздегі экономикамызды заманауи нарықтық форматқа ауыстыруға, күрделі әлеуметтік кеңістігімізде ұлтаралық және конфессияаралық келісімді орнатуға, жаңа мемлекетіміздің саяси, мәдени құндылықтар негіздерін анықтауға, еліміздің стратегиялық бағдарларын нақтылап, айқындауға мүмкіндіктер берді. Президенттік биліктің тиімді қызметінің арқасында ширек ғасырдың ішінде әлемдік қоғамдастықтың жетекші мемлекеттері толықтай мойындаған, дамыған 30 елдің қатарына қосылуда ұмтылған жас мемлекетке айналдық. Сондықтан, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың елдің саяси билігіне, билік тармақтарына қатысты және оның болашағын айқындауға арналған Үндеуінің жариялануын елеулі оқиға деп қабылдауға тиіспіз.

### СЫРТ КӨЗ – СЫНШЫ

## Елдегі демократияны тереңдетуге нық қадам

Татьяна ДРОНЗИНА, К.Охридский атындағы София университетінің профессоры, КХА медиация орталығы кеңесінің сыртқы сарапшысы (Болгария)



Парламент пен Үкіметке береді. Ал Президент өзіне билік тармақтары арасына жоғарғы арбитр, яғни, төреші болу, сыртқы саясаттың бағдарын анықтау және елдің қорғаныс мәселелерін шешу сияқты стратегиялық функцияларды ғана қалдырады.

Осы бөліністің тиімділігі қандай болмақ? Президенттің өзі әлемде мемлекеттік құрылыстың әмбебап моделі жоқ екенін алға тартып, бәрі де ізденіс үстінде екенін айтады. Қалай десек те, реформалар жоспары — осы заманғы қатерлерге деген Қазақстанның соңғы 25 жылда жинаған тәжірибесіне негізделген жауаптар. Елдің қай бағытта жүруі керектігін сұрағанға берілген қазақстандық жауап осы.

Ұсынылған реформалар аса маңызды болғандықтан, Президент оны бүкілхалықтық талқылауға шығарып отыр. Меніңше, бұл Қазақстандағы халық билігін іске асырудың аса маңызды аспектісі, өйткені, ол елдегі конституциялық тәртіп пен саяси құрылым сияқты ең маңызды мәселелер бойынша халық дауысының қатты шығуына мүмкіндік береді. Бұл халықтың өзі сенген Көшбасшының қол астында болашағын құрғысы келетіндігінің дәлелі.

Әрине, билік өкілеттіктерін қайта бөлу мен төңгерімділікке жету оңай шаруа емес, өйткені, оның дайын үлгісі жоқ. Бәлкім, Қазақстанның тәжірибесі табысты болып, тәуелсіздік пен демократияның даңғыл жолына түсірсе, оны басқа елдер өзіне үлгі етіп алуы мүмкін.



## Үндеуге жастар да үн қосты

Елордада «Даму» кәсіпкерлікті қолдау қорының базасында республикалық жастар ұйымдары көшбасшыларының кездесуі өтті. Кездесуге Қазақстан жастарының Конгресі мұрындық болғанын айта кеткен жөн.

Арипұр АСКАР,  
«Егемен Қазақстан»

Алқалы жиынға «Қазақстан жастарының Конгресі» заңды тұлғалар бірлестігі аппаратының жетекшісі Дәулет Әждар, «Жасыл Ел» жастар еңбек жасақтары республикалық штабының жетекшісі Тоқтар Болысов, «Болашақ» бағдарламасы түлектерінің қауымдастығы төрағасының орынбасары Аслан Нұртілеуов, «Жас Отан» жастар қанатының өкілі Дәурен Ұзақбаев және елордадағы жоғары оқу орындары жастар ісі жөніндегі комитеттерінің өкілдері мен студенттер қатысты.

Шара барысында жастар Мемлекет басшысының билік тармақтары арасында

өкілеттіктерді қайта бөлу мәселелері жөніндегі Үндеуін талқылады. Сонымен қатар, Президенттің Қазақстан халқына арнаған Жолдауының негізгі идеяларына, онда айтылған, жастарға тікелей қатысы бар төртінші және бесінші басымдықтарға қатысты өзара ой бөлісті.

Айта кетейік, 25 қаңтарда Елбасы билік тармақтарының арасында өкілеттіктерді қайта бөлу мәселелері жөнінде Үндеу жариялап, өз өкілеттіктерінің бір бөлігін Парламент пен Үкіметке беру туралы бастама көтергені белгілі. Жаңа өзгерістер бойынша Парламент Министрлер Кабинетін жасақтайды, Үкіметтің экономикалық саясаттағы өкілеттіктері күшейеді.

### ПАРЛАМЕНТ

## Жұмыс сапарындағы жұртшылықпен жүздесулер

Сенатор Рашид Түсіпбеков Ақмола облыстық Әділет департаментінде болып, Президент Н.Назарбаевтың ел Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасының негізгі ережелерін түсіндіру тұрғысында еңбек ұжымымен кездесу өткізді.

Р.Түсіпбеков Президенттің билік өкілеттіктерін қайта бөлу және саяси жүйені тұтастай демократияландыруды көздейтін конституциялық реформалардың маңызына орай жан-жақты түсінік берді. Депутат өз сөзінде Конституцияның 26-бабына ұсынылған түзетулерге ерекше назар аударды. Бұл түзетулер Қазақстан Республикасының азаматтарына ғана емес, шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдарға да заңды түрде алған қандай да болса мүлкіне жеке меншік құқығына кепілдікті қамтамасыз етеді. Жеке меншік құқығына ұсынылған күшейтулер еліміздегі шетелдік те, отандық та инвесторларға арналған инвестициялық ахуалды жақсартуға, сондай-ақ, орта тапты жедел қалыптастыру мен нығайтуға ықпал ететін болады.

Бұл ретте Конституцияның 26-бабындағы өзгерістер жер қатынастарын, оның ішінде шетелдіктердің жерді сатып алуын реттемейді. Жерге жеке меншік мәселелерін қарастыратын Конституцияның 6-бабына ешқандай өзгерістер енгізілмейді», — деді депутат.

\*\*\*

Сенатор Ольга Перепечинаның жұмыс сапары Солтүстік Қазақстан облысында жалғасты. Оның Солтүстік Қазақстан облыстық прокуратурының міндетін атқарушы Т.Тәшімбаевпен және Статистика департаментінің ұжымымен кездесулері барысында «Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы талқыланды.

«Қазпошта» акционерлік қоғамының Солтүстік Қазақстан облыстық бөлімшесінің қызметкерлерімен кездесу барысында және Айыртау ауданындағы Антоновка, Новоукраинка ауылдарының тұрғындарымен кездесу кезінде депутат жиналғандарды мемлекеттік билік тармақтары арасындағы өкілеттіктерді қайта бөлу жөніндегі алдағы реформа туралы хабардар етті.

Мамлют ауданындағы Воскресеновка және Новомихайловка ауылдарының тұрғындарымен де

Конституцияға ұсынылған өзгерістердің жобасы талқыланды.

\*\*\*

Сенат депутаты Рашид Әкімовтің Ақмола облысы жұмыс сапары одан әрі жалғасты. Сенатор Астрахан ауданындағы №6 Агротехникалық колледждің оқытушылары және өндіріс шеберлерімен кездесті.

Мәдениет үйінде болған кездесуде билік тармақтары арасындағы өкілеттіктерді қайта бөлу жөніндегі алдағы реформалар, сондай-ақ, Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауындағы негізгі міндеттер талқыланды.

Р.Әкімов Елбасының Жолдауындағы ережелерді іске асыру жөніндегі Парламенттің заң шығару қызметінің жоспары туралы әңгімеледі. Ауыл тұрғындары мемлекетті демократияландыру, экономиканы жаңғырту және халықтың әл-ауқатын арттыруда көздейтін Мемлекет басшысының бастамаларына қолдау білдірді.

\*\*\*

Парламент Сенатының депутаты Серік Жақысбеков Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы 5573 әскери бөлімінің жеке құрамымен кездесті.

Сенатор Президент Н.Назарбаевтың конституциялық реформалары мен Мемлекет басшысының «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауының негізгі ережелері туралы шараға қатысушыларды жан-жақты хабардар етті. Одан басқа, әскери қызметкерлерді әлеуметтік жағынан қорғау мен тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселелері талқыланды.

\*\*\*

Парламент Сенатының депутаты Дархан Кәлетәев Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессорлық-оқытушылар құрамымен және студенттерімен кездесті.

Сенатор Мемлекет басшысының «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауының ережелерін түсіндіруге орай сөз сөйледі.

## Аралық қорытынды талқыланды

(Соңы. Басы 1-бетте)

Халық Мемлекет басшысының заңдық күші бар Жарлықтар шығармайтындығын дұрыс қабылдауда.

Прокуратура, Жоғарғы сот, сонымен бірге, жергілікті мемлекеттік органдардың өкілеттіктеріне де қатысты ұсыныстар бар. Мәселен, Қазақстан азаматтары саяси реформалар аясында прокуратура органдарының жалпы қадағалау бойынша өкілеттігін олардың қылмыстық қудалаумен айналысуы үшін қысқартуды ұсынуда. Енді осылардың барлығын Жұмыс тобы сараптайтын болады. Біз ақпанның 26-сына дейін жұмыс істейміз.

Жалпы, қазақстандықтар тарапынан Жұмыс тобына келіп түсіп жатқан ұсыныстардың басым бөлігінде мемлекеттік билік тармақтары арасындағы өкілеттіктерді қайта бөлуге қолдау білдірілген.

**Төлегіс ҚАУДЫРОВ,**  
*Азаматтық-құқықтық зерттеулер ғылыми-зерттеу институтының директоры, Жұмыс тобының мүшесі:*  
– Конституциялық реформаның өзі қоғам арасында зор сілкініс тудырды. Жұмыс тобы өз ұсынысын жіберген азаматтардың барлығына ризашылығын білдіреді. Реформа басқа да жолмен жүргізіліп жатқандығын есте ұстау маңызды. Бұл тек конституциялық өзгерістер ғана емес. Біз 45-тен 39 өкілеттік Үкімет пен Парламентке берілетіндігін санап шықтық. Әр еркімен 39 өкілеттікті биліктің өзге

тармақтарына бере салу әлемдік оқиға екендігін атап өткім келеді. Жұмыс жүріп жатыр, заң жобасы әзірленуде. Ол айдың соңына дейін Парламентке енгізілуі тиіс. Ел азаматтарынан келіп түскен ұсыныстар сан алуан. Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың рөлін Конституция мәтінінде бекіту туралы да ұсыныс болды. Тіпті Президент өз өкілеттіктерінің басым бөлігін беріп отырған жоқ па деген алаңдаушылық та бар.

Ұсыныстар сайлаудан бастап биліктің жоғары тармақтары өкілеттіктеріне дейінгі біздің қоғамдық-саяси өміріміздің сан-алуан бөліктерін қамтиды. Заң жобасына қатысты шешім әлі қабылданған жоқ. Ол әзірлеу және талқылау сатысында тұр. Осы заң жобасын жақсарту түсетін барынша құнды ұсыныстар міндетті түрде ескеріледі.

**«Юрист» бастауыш партия ұйымының мүшелері:**  
– «Қазақстан Республикасы Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» жоба редакциясына сәйкес, Қазақстан Республикасы Конституциясы 57-бабының 6-тармақшасына өзгерістер енгізуді ұсынамыз. Сонымен қатар, Парламент палаталарының Үкімет мүшелері заң талаптарын орындамаған жағдайда лауазымынан босату жөніндегі Республика Президентіне қайырылуы бөлімін бастапқы қабылданған редакцияда қалдыруды, яғни мұндай шешімді палаталар депутаттарының басым дауысымен қабылдауды ұсынамыз.

## Тексерулерге қатысты бақылау күшеймек

Жұма күні Қарағандыда Бас прокурор Жакып Асановтың төрағалығымен көшпелі алқа отырысы өтті. Жиын республика көлемінде фейсбук әлеуметтік желісі арқылы тікелей көрсетілім арқылы жүрді. Бас прокуратура елде қалыпты бизнес ортаны құру бойынша өткізіліп жатқан жұмыстардың нәтижелерімен бөлісті. Сондай-ақ, бизнесті қорғау жөніндегі жол картасын орындаудың алдағы нәтижелерін талқылады.

**Мирас АСАН,**  
«Егемен Қазақстан»

Жиында 2016 жылдың 14 маусымында өткен «Кәсіпкерлік саласындағы прокуратура қадағалауы» форумында ұсынылған бірқатар мәселелер бойынша жол картасын іске асыру нәтижелері мен бизнес үшін неғұрлым өзекті болып табылатын түйткілді мәселелерді шешу жолдары айтылды.

Алқа отырысының жұмысына Қарағанды облысы әкімі Нұрмұхамбет Әбдібеков, орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың, «Атамекен» ҰКП-ның, бизнес-қауымдастықтардың және кәсіпкерлікті қорғау жөніндегі өкілдіктердің өкілдері қатысты.

Бас прокурор Жакып Асанов «Біз Қарағанды облысындағы шағын және орта бизнестің жағдайын зерделейік деп шештік. Өңір тосыннан таңдалып отырған жоқ. Бұл ірі өнеркәсіптік нысан, инфрақұрылымы дамыған. Қарағанды облысында 85 мың шағын және орта бизнес субъектісі тіркелген. Онда 225 мың адам еңбек етуде. Сондықтан, мұнда қызметкерлерімізді Бас прокуратура тұрғысынан жағдайды зерделеу үшін жіберген едік. Нәтижесінде, құқық қорғау органдары мен прокуратура бизнеске қылмыстық қысым жасаған заңсыз әрекеттерді анықтадық. Бизнесмендердің үстінен қылмыстық іс тіркеп, бизнесті қылмыстық процеске тартқан. Бұл салық қызметтерінің, санитарлық қадағалау қызметтерінің тексеруі емес. Бұл – толыққанды қылмыстық іс. Ал қылмыстық іс аясында тіпті де, шектеу де, мәжбүрлеу де, тұтқындау да жүргізуге болады. Сондықтан, біз экономикалық қылмыстарды тіркеу ережесін өзгерттік. Өткен жылдың екінші жартыжылдығында мұндай істер екі есеге азайды», деді.

– Аталған көшпелі мәжілістің ең негізгі мақсаты – кәсіпкерлікті қолдау, оларға қолайлы жағдай туғызу. Мәселен, бірінші жартыжылдықта кәсіпкерлерге қатысты алты мыңнан аса қылмыстық іс тіркелсе, екінші жартыжылдықта біз қолданған шаралар нәтижесінде оны он есе төмендетуге жағдай туғыздық. Елбасының тапсырмасына сәйкес, алдағы уақытта 61 өкілетті органды тексеретін боламыз. Біз жоққа шығарып отырған талаптар тек бизнеске кедергі келтіріп қана қоймай, Сыбайлас

жемқорлыққа кең жол ашуы әбден ықтимал. Сол шаралардың алдын алудымыз керек, – деді Бас прокурордың орынбасары Марат Ахметжанов та өз кезегінде.

Жиын барысында мәлім болғандай, экономикалық қылмыстарды қозғаудағы бірқатар ұстанымдар өзгертілмек.

Отырыста сондай-ақ, өкілеттік органдардың, аумақтық органдардың жұмыстарындағы кемшіліктер аталып өтті. Қарағанды облысы прокуратурасын сынға алған тұста, кәсіпкерлерді қылмыстық процеске заңсыз тарту фактілері анықталғаны белгілі болды. Мәселен, елу жас шамасындағы кәсіпкер Долгомыслов мырзаны прокуратура заңсыз жауапқа тартқан. Тексеріс кезінде ЭТҚ қызметкері Әбдірахманов ҰҰІ-ге орналастыру үшін кәсіпкерге әдейі алаяқтық айып таққаны анықталды. Қорытындысында, прокуратура қылмыс құрамының болмауына байланысты істі тоқтатқан. Негізсіз жаланың кесірінен кәсіпкер ауыр соққы алған. Отбасымен ажырасып, денсаулығы сыр берген.

Бас прокурор атап өткендей, 2017 жылдың 1 шілдесінен бастап кәсіпкерлер фискальдармен болып жататын дауларды сотта даусыз және үлкен шығындарсыз шеше алатын болады. Бұл үшін салық және кеден даулары бойынша сотқа дейінгі апелляция институты құрылыпты. Сондай-ақ, жоспардан тыс тексерістер де бұдан былай азаймақ.

Бас прокуратураның сайтында арнайы формуляр бар. Онда кәсіпкерлер бизнестің дамуына кедергі келтіретін нормаларды көрсете алады. Осы күнге дейін бизнес өкілдерінен 58 ұсыныс келіп түскен. Оның отыз бірін бас прокуратура қолдап отыр. Бұл сілтемелер «Атамекен» ҰКП, сондай-ақ «Нұр Отан» партиясының барлық өңірлік сайттарында қолжетімді.

Жиынды қорытындылай келгенде, Ж.Асанов мырза IT-технологиясын одан әрі дамытудың маңыздылығын ерекше атап өтті. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың жана Жолдауынан туындайтын басты бағыттар мен бағдарларды негізге ала отырып, бизнесті дамыту, салық заңнамасын жеңілдету, бақылау мен қадағалау қызметтерін ауқымды тексеру сынды бірқатар жұмыстар бойынша тиісті орындарға тапсырмалар жүктеді.

**ҚАРАҒАНДЫ**



ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесі елімізге үлкен жауапкершілік жүктейді. Өйткені, шараны тама-шалауға бес миллион адам келмек. Оның 85 пайызы қазақстандықтар болса, 15 пайызы – шетелдік қонақтар. Дайындық жұмыстары күн өткен сайын қызға түседі. Әсіресе, әртүрлі елден, аймақтан келетін туристер Астананың қызмет көрсету салаларынан сын таппауы тиіс. Осыны мақсат етіп қолға алынған шаруалардың барысы қалай жүзеге асуда?

## ЭКСПО-2017: Қонақтарға қандай қызмет көрсетіледі?

**Асхат РАЙҚҰЛ,**  
«Егемен Қазақстан»

### Жатын орындарды броньдау жалғасуда

Жоғарыдағы бес миллион адамды жайғастыру үшін 164 қонақ үй, 350 пәтер әзір тұр екен. Енді 23 нысан ашылады. Астана әкімдігінің есебіне, қонақтар мен туристерді орналастыруға 35-40 мың төсек-орын дайын болса, 16 мың қонақ үйлер мен хостелдерде. ЖОО жатақханаларында – 9 мың, жалға берілетін тұрғын үйлерде 18 мың орын бар. Астана Конвеншн бюросында аймақтар мен шет елдерден келетін қонақтарды орналастыру бойынша броньдау бөлімдері жұмыс істейді.

Елорда әкімі Әсет Исекешевтің айтуынша, қазірге дейін 4190 қонақ үй мен жатақхана брондалған. Төтенше жағдай департаментіне, ҰҚК шекара қызметіне, ІІМ академиясының курсанттарына, еріктілерге, көрмеге қатысушы мемлекеттердің ұлттық және аймақтардың мәдени күндерін ұйымдастырушыларға арналмақ. «Кинг отель» қонақ үйінен 500 орын ІІМ қызметкерлеріне бөлінген.

Арнайы ашылған «Recommended by EXPO-2017» сайты арқылы астаналық кәсіпкерлер көрмеге келген қонақтарға қызмет көрсете алады. Бірақ мұнда қызмет көрсету сапасы жоғары кәсіпорындар ғана таңдалады және олар көрмені өткізуде әріптес-серіктес те бола алады. Дәл қазір «Recommended by EXPO-2017» әріптестік бағдарламасына 136 нысан кірген. Олардың қатарында 35-55 қонақ үй мен қоғамдық тамақтандыру орындары, 10 қызмет көрсету мекемесі, 4 көлік компаниясы, 7 хостел және 24 апартамент бар. «Бағдарлама бойынша персоналдың біліктілігі, ағылшын тілін білуі және туристер үшін мәзірдің қолжетімділігі талап етіледі. Қызмет көрсетуі барысында қандай да бір кемшіліктер болса оны жоюдың жолдары жөніндегі ұсыныстарды да қабылдауға әзірміз. Бұған осы саладағы барлық ұйымдарды белсене қатысуға шақырамын», дейді қала басшысы.

## Әллада елі көрмеге қатысады

2012 жылғы 9-10 ақпан аралығында ЭКСПО-2017 көрмесінің Комиссары Рәпіл Жошыбаев Грекия Республикасында жұмыс сапарымен болып, ел астанасы Афина қаласында бірқатар мемлекеттік қызметкерлермен кездесу өткізді.

Сапар барысында Грекияның қоршаған орта және энергетика министрі Георгиос Статакиспен, Экономика және даму министрлігінің бас хатшысы – Грекия ұлттық секциясының комиссары Илиас Ксанфакоспен, сонымен бірге «Enterprice Greeces» атты Грекияның ірі ұлттық компаниясының төрағасы Христос Стайкостармен екіжақты кездесулер өткізілді. Энергетика және экономика министрлігінде өткізілген кездесу барысында Рәпіл Жошыбаев грекиялық ведомство басшыларымен Әллада елінің Астана қаласында өтетін халықаралық көрмеге қатысу мүмкіндіктерін талқылады. Сонымен бірге, ол осы кездесуде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауының маңызын тілге тиек етті. Атап айтқанда, Рәпіл Жошыбаев кездесуге қатысушыларға еліміздің жаңа экономикалық модельге көшкендігін және цифрлы технологияны қолдана отырып, индустрияны дамытудың жаңа мүмкіндіктерін белгілегендігін атап көрсетті. ЭКСПО-2017 көрмесінің комиссары грекиялық бизнесмендерді IT-стартаптардың халықаралық технопарк

«Биыл Астанада ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесі өтеді. Мұндай өте маңызды әлемдік деңгейдегі іс-шараны біз ТМД және Орталық Азия елдерінің арасында бірінші болып өткіземіз».

(Президент Н.НАЗАРБАЕВ, «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауы)



### «Астана Такси» бағдарламасының артықшылығы бар

ЭКСПО қонақтары көрмемен бірге, қаланы аралап, түрлі шараларға қатысуы керек. Бұл орайда, негізгі салмақ көлік жүйесіне түседі. Сондықтан, қоғамдық және арнаулы қызметтік көліктер мен такси қызметін дұрыс ұйымдастыру маңызды. «Bus Lane» қосымша бөлігін қозғалыс жолақтары есебінен жылдам жүру қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар, арнайы тіркелген такси көліктерінің жүруі заңнамамен реттелмек. Астана қаласы жолаушылар көлігі басқармасының басшысы Бекмырза Игенбердиновтің мәліметінше, көрме қонақтарын таситын автобустар саны мамыр айынан бастап көбейеді. «Күн сайын 83 мыңнан астам жолаушыға қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін жеті жаңа «Shuttle Bus» маршруты ашылады. Сонымен қатар, ЭКСПО аумағынан өтетін қолданыстағы 11 бағыттың күнделікті тасымалын күшейту арқылы уақыт аралығын 5-7 минутқа төмендету қарастырылған», дейді ол.

ЭКСПО көрмесін өткізуге дайындық аясында «Астана Такси» жаңа бағдарламасы іске қосылады екен. Бұл шара бойынша шағын және орта бизнес өкілдеріне отандық көлік өндірушілерден жеңілдетілген пайызбен автомобиль сатып алу қарастырылған.

### Азық-түлік көріші елдерден де ағылады

Көрме кезінде тұрғындар мен қонақтарды азық-түлікпен қамтамасыз ететін кешенді шаралар да қолға алынбақ. Қазіргі таңда Астана халқы күніне шамамен 1,5 мың тонна тағам өнімін тұтынады десек, ЭКСПО уақытында 160 000 тонна азық-түлік өнімі тұтынылады деп болжануда. Елордадағы «Sapa logistics», «Астық логистик», «Continental Logistics» және «Мир Круп» секілді ірі кәсіпорындарда азық-түлік сақтау орындары 42 мың шаршы метрге дейін жетеді. Бұған қоса, басқа кәсіпорындардағы қоймалардың 42500 тоннаға дейін өнім сақтау мүмкіндігі бар.

## Арнайы сайт ашылды



агенттіктің электрондық порталының базасы негізінде дайындалған, деп хабарлады Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің баспасөз қызметі.

Сайтта ең алғаш рет Нидерландтың ЭКСПО-2017 көрмесіне арналған логотипі мен «Low Land, High Energy» деген жазуы бар ұраны (слоган) таныстырылған. Осы арқылы нидерландтықтар баламалы энергетика саласындағы озық технологиялар мен инновацияларды әзірлеудегі өз жетістіктерін көрсетуге тырысқан. Интернет пайдаланушылары сайттан нидерландтықтардың ЭКСПО-2017-ге қойылатын ұлттық павильоны туралы ақпараттарды, іс-шаралар бағдарламасын, сондай-ақ, Қазақстан туралы пайдалы мәліметтерді таба алады.

Мәселен, сайттың Қазақстанда бизнесті жүзеге асыру тақырыбындағы бөлімінде Астанадағы көрме голландиялық кәсіпкерлерге баламалы энергетика, ауыл шаруашылығы, «жасыл» технологиялар мен инновациялар секілді салаларда іскерлік байланыстарды жақсартуға үлкен мүмкіндік беретіні айтылған.

Сонымен қатар, бұл елде

Ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Ардақ Досановтың айтуынша, қазір сауда-логистикалық операциялардың бірыңғай жұмыс регламентін пысықтау көзделуде. Ірі және орта сауда желілеріне ӘКК және Өңірлерді қаржыландыру бағдарламасы аясында күріш, қант, қарақұмық секілді тауарларды сатып алуға несие беру қолға алынды. «ЭКСПО кезінде оңтүстік өңірлерден, Өзбекстан және Қырғызстан елдеріне азық-түлік тауарларын үздіксіз жеткізу бойынша сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Ауылшаруашылық жәрмеңкесіне мамандандырылған сауда алаңдары құрылады. Онда шаралар ұйымдастыруға өтім бірінғай электронды портал арқылы жүреді», дейді А.Досанов.

Жалпы, Астана қаласында 156 мейрамхана, 460 кафе, 27 асхана және 7 көпшілік тамақтану орны бар. Бұлар бір мезетте 165 мың адамды қамти алады.

Отбасылық демалыстарға көңіл бөлінеді

Көрме кезінде мәдени шаралар қалай өрбиді? Қала әкімдігінің мәліметінше, кешенді мәдени бағдарламада қазақстандық, шетелдік шығармашылық ұжымдардың және талантты жастардың қатысуымен 7 мыңнан астам түрлі форматтағы іс-шаралар өткізу қарастырылған. Үш ай бойы қызықты әрі әдеттен тыс кештер ұйымдастырылмақ. Бас қаладағы театрлар мен саябақтар штаттық режімде жұмыс істейді. Астаналықтар мен қонақтар Есіл өзенінде күн сайын лазерлік шоуы тамашалайды. Бұған ресейлік субұрқақтар циркі арнайы шақырылған. Тағы айта кетерлік, отбасылық демалыстар өткізуге екпін беріледі.

ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесі өтетін уақытта мәдени, ойын-сауық шараларын өткізуге «Астана ЭКСПО-2017» ұлттық компаниясы» АҚ, Мәдениет және спорт министрлігі және Астана қаласы әкімдігі жауапты болып бекітілгенін айта кетпекпіз.

студенттерге – «жаңашылдардың болашақ буынымен» жұмыс жүргізуге де айрықша көңіл бөлінген. Бұл ретте, Нидерланд делегациясы ЭКСПО көрмесі кезінде голландиялық және қазақстандық студенттер арасында білім жөнінен тәжірибе алмасуға бағытталған «Innovation Challenge» акциясын өткізуді көздеп отыр.

Аталған сайттың ресми түрде ашылу рәсімінің алдында Қазақстанның Нидерландтағы елшісі Мағжан Лиясов Нидерландтың Ұлттық комиссары Ханс Дриссермен кездесті. Кездесу барысында Нидерландтың ЭКСПО-ға және 22-23 ақпан күндері Астанада өтетін Халықаралық комиссарлар жиынына қатысуына дайындық барысы талқыланды.

Сонымен қатар, қос тарап Нидерландта ЭКСПО-2017-ге арналған ресми сайттың ашылуы Астанада өтетін халықаралық көрмеге қатысушылар мен қонақтарды көптеп тартуға сеп болатындығына сенім білдіруде.

КӨКЕЙКЕСТІ

# Төрт түліктің төресі

## түйе баққан табысқа кенеледі

Маңғаз дала. Маң-маң басқан жануар. Сағым арасындағы жал-жал болған сары құмда сексеуілдің басын отап тұрған сары атан. Сурет қой. Қазақ сахарасы мен түйе түлігінің үйлесімділігі Жаратқан сыйға тартқан бір жарасым секілді көрінеді бізге. Мәңгілік мекенді таппақшы болған Қорқыт бабаның сенімді серігі ойсылқара түлігі еді. Жер жүзінен Жерұйықты іздеген Асан қайғының ұзақ жолдағы жолдасы Желмаясы-тын. Олай болса, жарықтық түйе жануары түп-түкияннан бері қазақпен бірге жасасып келе жатыр деп байлам жасауға болатын сияқты. Ендеше, осы түліктің бүгінгі жай-күйі қандай?

**Ержан БАЙТІЛЕС,**  
«Егемен Қазақстан»

### Деректер не дейді?

Алдымен ресми дерекке көз жүгіртейік. Осыдан бір жыл бұрынғы нақты дерек бойынша Қызылорда облысында 37,4 мың бас түйе бар екен. Он екі айдың аунап түскенін ескерсек, онда бұл санның аз-маз артқанын айтпаса да болатын шығар. Осының ішінде 19,2 мың басы інген. Жер жағдайы ойсылқара тұқымын өсіруге ыңғайлы аймақ болған соң, өңірде 21 қожалық түйе шаруашылығымен айналысады. Аз да, көп те дей алмаймыз. Дегенмен, осы шаруашылықтарда талай адам жұмыс тауып, күнкөрісін айырып жүргені анық. Алдыңғы жылдармен салыстырғанда өңірдегі түйе саны 3,2 пайызға артқан. Ал асыл тұқымды түйенің үлесі 10,6 пайызды құрап отыр. Ақмешіт атырабында жыл сайын 3433 тоннадан астам шұбат өндіріледі. Сондай-ақ, өндірілген шұбатқа мемлекет тарапынан қолдау көрсетіледі. Мәселен, былтыр 81,6 тонна қымыранға 4487,7 мың теңге субсидия төленіпті. Сонымен қатар, 56,7 тонна түйе етіне 5106,9 мың теңге берілген. Түйе басын асылдандыру ісі де назардан тыс қалып жатқан жоқ. Айталық, 25 бас асыл тұқымды түйе сатып алуға мемлекет қоржынынан 925 мың теңге қаржы бөлінген. Сыыр, қой, не жылқы секілді шеттен шертіп жүріп асыл тектісін өңгеріп келе беретіндей емес. Сондықтан, түйе түлігін асылдандыру жұмысында өзіндік бауылық байқалады. Сонда да болса, шаруашылықтар алдындағы аз малына қанағат етпей, оның басын көбейтіп, шұбаты мен етін нарыққа шығарып, тұқымын асылдандырып жатқанына көңіл қуанады. Облыстық ауылшаруашылық басқармасынан келген деректер осылай сөйлейді. Аса өсімтал емес жануардың өңірдегі күйі әзірге осы.

### Шығыны аз, күтімі жеңіл

Түйе шаруашылығы аймақтың батыс өңірінде жақсы дамыған деуге болады. Әсіресе, Қазалы, Арал аудандарында төрт түліктің төресіне деген ынта мен ниеттің өзгешелігін байқаймыз. Жалпы, бұл аймақта түйенің моңғол, қалмақ, қазақ тұқымдары кездеседі. Ең ірісі қалмақтыкі болып саналады. Ал одан кейінгі кезекте қазақы түйелер тұрады. Моңғол түйелері аталмыш ұлттың аттары сияқты аса ірі емес.

– Түйе малының өзге түліктерге қарағанда шығыны аз. Қыста жұт

болады деп қорықпайсың. Біздің өсіріп отырғанымыз қазақтың айыр өркешті түйесі. Қарақұм мен Қызылқұмның арасында жатады. Қырық күнге дейін су ішпей жүре алады. Біздің өңір секілді шөлейтті жерлерге ең ыңғайлы жануар. Көбіне жантақпен, жусанмен қоректенеді. Түйенің жүніне дейін жарамды. Түбігі мен шудасынан күнделікті өмірге қажетті киім-кешекті токи беруге болады. Шұбатының емдік қасиеті жоғары. Майлылығы 6 пайызға дейін жетеді. Нарлардан сүт көп шығады. Бір өркешті түркімен түйелері де қазақы түліктерге қарағанда сүтті болып келеді. Ата-бабамыздан жалғасып келе жатқан кәсіп қой. Сондықтан түйе шаруашылығымен айналысуда ешқандай қиыншылықты байқамаймыз.

Қыста суыққа, жазда ыстыққа төзімді жануарға аса көп күйдің де керегі жоқ. Қора салып, қарекет етпейсің. Өйткені далалық жерде жата береді. Өзге малға жинағандай шөп жинамайсың. Азығын иен даладан табады. Сол себепті, түйе бағумен айналысамын деген шаруаның ұтары мол. Ең үлкен кемшілігі екі жылда бір төлдейтіні ғана, – дейді «Аян» шаруа қожалығының жұмысшысы Қуаныш Шүленбаев.

### Шұбатты нарыққа шығару қиын ба?

Былтыр «Аруана» шаруа қожалығы өз қаражаты есебінен шұбат өңдеу цехын ашты. Цехтың жобасының жалпы құны 45 миллион теңгені құрады. Онда тәулігіне 400 литр сүт өңделіп, шұбат өнімі арнайы ыдысқа құйылып дайындалады. Цехтың құрал-жабдықтары заман талабына сай жасакталған. Сондай-ақ, цехта 5 адам тұрақты жұмыс жасайды.

– Бұл жобаға қызығушылығым Алматы қаласына жұмыс сапарымен барғанымда, Сыдық есімді кәсіпкердің жұмысымен танысқан кезден басталды. Содан бері міне, бірнеше жыл өтті, атақәсіп өнімінің бірі – шұбаттың құнарын арттырып, жаңа деңгейге көтеру, оның сақталу мерзімін арттыру технологиясымен шұғылданып жүрмін. Бизнес-жоспар жасағаныммен, талай кедергілерге кездестім, қанша киналсам да, өз жобамды жүзеге асырғанымға қуаныштымын, – дейді Сабыр Ермаханов. Істің жөнін тарата айтар болсақ, оның мәнісі мынандай: бұрыннан келе жатқан қарапайым қазақы тәсіл бойынша ашытқан шұбат әрі кетсе екі-үш күнге ғана шыдайды, ал Сабырдың қазіргі жобасы бойынша арнайы пластмасса құтыға құйылған шұбат толық бір ай жарамды болады,



айнымайды. Өйткені, түйе сүтін ашытатын ашытқының құрамы ғалымдармен бірлесе жұмыс істеу арқылы жасалып отыр.

– Биология ғылымының докторы, Қазақ ұлттық аграрлық университетінің кафедра менгерушісі Әсия Серікбаева өз шәкірттерімен бірге үлкен ізденісті жұмыс жүргізді. Нәтижесінде, 5 жиынтықтан тұратын жаңа ашытқы қолданысқа енді. Алдағы уақытта шұбаттың бұзылмай сақталу мерзімін 3 айға ұзартуды мақсат етіп отырмыз. Сонда өз өнімдерімізді еліміздің барлық аймағына таратумен қатар, шет елдерге жеткізуге мүмкіндік туар еді, – дейді кәсіпкер.

Өнімнің сапалы және тауарлық сипаты жақсы болуы үшін онда қызмет жасайтын мамандардың да білігі мен тәжірибесі болуы шарт. Бұл орайда, кәсіпкердің жас мамандарды тәжірибе алмасудан, арнайы курстардан өтуін қаржыландырып, үлкен мән беріп келе жатқандығы сүйсіндіреді.

Шиелі ауданындағы индустриалық аймақта орналасқан цехтың екі қабатты ғимараты жаңадан салынып, оған электр желісі тартылып, бөлек трансформатор орнатылған. Таза ауыз су құбыры да жеткізілген. Шет елден алдырылған қондырғылары да сапалы. Нақты айтқанда, сапалы өнім өндіруге барлық жағдайы сақадай-сай деуге болады. Жағдай осылай болғанда, шұбатты нарыққа шығаруға болады деген сөз. Сондықтан, аймақта мұндай цехтар әлі де көптеп ашылуы керек деп ойлаймыз.

### Емдік қасиеті ерекше

Ибн Сина жарықтық «Адам ағзасына пайдалы шөптердің дені құмда өседі» депті ғой. Олай болса, құмды мекен ететін, сексеуіл мен жантақты қорек қылатын түйе жануарының сүтінің де емдік қасиеті мол десек, ағат айтқандық болмас. Оның үстіне біздің жұрт шұбаттың емдік қасиетін ежелден білген. Баяғының адамдары бауыр, өкпе ауруларын, асқазан мен ішек жолдарына шұб байланып, ас қорыту нашарлағанда шұбатпен емдеген. Бүгінгі медицина шұбаттың құрамында А, В1, Д, Е, С

дәрумендері барын, май, ақуыз, тұз бен түрлі дәрумендерге және кант, амин қышқылына бай екенін айтады. Соңғы жылдары дәрігерлер оның қатерлі ісік, сары ауру, созылмалы колит, созылмалы гастритке шалдыққандар, холецистит, өт жолдарының бітеліп қалуы аурулары, дисбактериоз дертіне таптырмас ем екендігін алға тартып жүр. Ең бастысы, шұбаттың радиацияға қарсы бірден-бір амал екендігінде болып тұр. Түлік төресінің өнімі адамның есте сақтау қабілетін жоғарылатып, ми тамырларына сергектік пен демалыс береді. Сусын адам ағзасында жеңіл қорытылатындықтан, қарын сөлінің жұмысын күшейтіп, асқазан жолының бездерінен сөл шығаратын қасиетке де ие. Мәліметтерді негізге алсақ, мұндай өнім ағзаның жұмыс қабілетін арттырып, ерлердің әлеуетін көтереді, әйелдердің климаксы кезінде көмегі зор. Ал балалардың белсенді іс-қимылын арттырып, денсаулығын біршама нығайта алады. Никотин, алкоголь сияқты зиянды элементтердің ағзадан тез шығуын қамтамасыз етеді. Улану жағдайында бүкіл ағзаны тазалап шығады. Ішті тияды. Яғни, шұбаттың адам денсаулығына пайдасы өте зор. Сондықтан «кола» мен «фантаға» үйір болмай, өзіміздің бабалар тұтынған шұбатты ішіп, шалқып өмір сүру керек қой деп ойлаймыз.

### Түйін:

Мінсең – көлік, ішсең – сусын, жесең – ет, жүні киім-кешек түйе түлігі қай жағынан алсаңыз да тұрмыста өте пайдалы. Қой секілді күні бойы шұбатқа жүріп бағуды қажет етпейді. Жылда сияқты бір түннің ішінде ұрылар алдына салып қуып кетеді деп қорықпайсың. Сыырдайын сипап отырмайсың. Бағуға ыңғайлы. Тұрмысқа қолайлы. Сол себепті, түйе шаруашылығын дамытуға, басын көбейтуге, тұқымын асылдандыруға мемлекет тарапынан әлі де көп көмек берілуі керек деп есептейміз.

### Қызылорда облысы

орны қарастырылған. Кәсіпорын қызметкерлеріне заман талабына сай санитарлық-тұрмыстық жағдай жасалған. Сондай-ақ, күндізгі және түнгі ауысымда жұмыскерлерді тегін тамактандыру мен қызметтік автокөлік мәселесі жолға қойылған.

Зауытта адам қолымен жасалатын ауыр жұмыс жоқ. Барлық үдеріс механикаландырылған, ал нан пісіру жүйесі автоматтандырылған.

Кондитерлік өндірістің бас технологиясы, аталмыш салада 40 жыл еңбек еткен Любовь Борисовна: «Бұл өндіріске келгенде, Қарағандыда осындай қуатты зауыт салынып, онда қарағандылықтар жұмыс жасайтындығы үшін бойымды мақтанымш пен қуаныш қатар кернеді. Барлығы бастан-аяқ ойластырылған, шынымен қамқорлық сезінесін. Жаңа технологиялармен жұмыс ітсек те, ескі рецептіні ұмытпаймыз. Қала тұрғындары дүкен сөрелеріндегі белгілі бір нан өнімдеріне үйреніп қалған. Десек те, алдағы уақытта тұтынушыларды басқа да жаңа нан өнімдерімен қуантатын боламыз», деп өз ойымен бөлісті.

Зауыт өзінің жұмысын 45-тен аса нан өнімдерін шығарумен бастады. Мәселен, «Мраморный» деп аталатын жаңа нан өнімі бар. Бұдан әрі шығарылатын өнім ай сайын 3-4 түрмен толықтырылып отырады. Ал, өнімді тарату мақсатында 65 арнайы автокөлік сатып алынған.

Әлеуметтік қолдау шарасы аясында «Сарыарқа-Нан» зауытының алғашқы өнімі Қарағанды қаласындағы балалар үйіне жөнелтілді.

### ҚАРАҒАНДЫ

**Атамұрат ШӘМЕНОВ,**  
экономика ғылымдарының докторы



# Азық-түлік қауіпсіздігі: негізсіз тоқмейілсуге не себеп?

Азық-түлік қауіпсіздігі дегеніміз, халықтың тұтынудағы физиологиялық нормаларын және демографиялық өсуін қанағаттандыру үшін жеткілікті көлемде, сапалы және қауіпсіз азық-түлік тауарларына физикалық және экономикалық қолжетімділігін қамтамасыз ету деген сөз.

Елімізде азық-түлік қауіпсіздігі мәселесімен айналысуда кемшілік жоқ сияқты, бірақ бар пәле сол азық-түлікті пайдалану нормасында болып тұр. Ол біздің елде физиологиялық нормадан төмен деңгейде бұдан 12 жыл бұрын бекітілген. Бұл көрсеткіш ЕАЭО мүшелері – Ресей мен Беларусь мемлекеттері бекіткен нормалардан әлдеқайда алшақ.

Өткен жылдағы мен бір ауданның азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмысымен танысқан болатынмын. Олар мені жоғарыдан түскен тағам түрлерінің бір адамға шаққандағы нормасымен таныстырды. Онда ет 48 келі көлемінде көрсетілген екен. Бұл цифрды аудандағы өндірілген барлық ет пен халық санына бөліп, әр адамға шаққанда, бұл көрсеткішті асыра орындағандарын мақтанымшпен айтқан еді. Сондықтан, олар мал басының көбеюіне, оның өнімін көтеруге еш мүдделі емес еді. Ал шындығында, орталықтан қойылған талап ет өнімдерінен физиологиялық нормадан екі есеге жуық төмен берілген. Ал бұл жерде статистикалық мәліметтердің шындыққа аясы болып келетінін ескерсек, шынайы жағдайдың ауылы шалғай екенін көруге болады. Сондықтан, қолданыстағы тамақ өнімдерін тұтынудың ең төменгі нормаларына сәйкес жасалған көрсеткіштер нақты шындықты көрсетпеді. Мысалы, статистика органдарының деректері бойынша бір жанға шаққанда ет және ет өнімдерін жылдық нақты тұтыну бекітілген нормадан 68,7 пайызға, жемістер 53,4 пайызға, көкөністер 7,7 пайызға, қара шай бойынша 325,4 пайызға жоғары. Бұл – өзімізді өзіміздің алдауымыз, негізсіз тоқмейілсу деген сөз.

Жалпы, ауыл шаруашылығының өсуі мен азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету деңгейінің әділ төрешісі азық-түлік тауарларының бағасы мен импорт көлемі болып табылады. Өткен жылы елімізде жалпы азық-түлік тауарларының бағасы 9,7 пайызға, оның ішінде жарма – 31,3, жұмыртқа – 20,3, нан – 17,2, кант – 17, кондитер өнімдері – 16,6, өңделген және қалбырдағы көкөністер – 15,8, картоп – 15,6, тауық еті – 13,8, өсімдік майы – 11,8, макарон өнімдері – 11,3, жеміс-жидек, шыршындар – 10,7, ұн өнімдері 10,6 пайызға өсті. Бидай экспортынан әлемге атақты Қазақстан үшін нан мен нан өнімдерінің қымбаттауы саяси да, нарықтық жағынан қарағанда да түсініксіз. Ал инфляция өсімі 2016 жылы 8,5 пайызды құрағаны белгілі.

Статистикаға жүгінесек, жеміс-жидек ішкі нарықта 60-70 пайыз, құс еті 60 пайыздан астам, өсімдік майы 40 пайыздан астам, өңделген сүт өнімдері 60 пайызға дейін, қалбырдағы жемістер мен көкөністер 60-тан 90 пайызға дейін сырттан әкелінеді екен. Тағамдардың басқа да түрлерінен шет елге тәуелді екендігіміз жасырын емес. Тек қана бір Алматының өзі жылына 2,5 миллиард доллардан астам тағам өнімдерін импорттайды екен. Басқа аймақтарды қосқанда, қыруар ақшаның сыртқа кетіп жатқанын байқауға болады. Яғни, нарық тілімен айтқанда сұраныс көп, ұсыныс аз деген сөз. Бұл мәселені өткен жылдың 22 ақпанында Президент атына жолдаған ұсынысымда көрсеткен болатынмын, оған Ауыл шаруашылығы министрлігі Ұлттық экономика министрлігімен бірлесе қарап, тамақ өнімдерін тұтынудың физиологиялық нормаларын ғылыми тұрғыдан пысықтауды және нормативтік құқықтық акт әзірлеуді Ұлттық экономика министрлігі 2015 жылы бастағаны және оны 2016 жылдың желтоқсанында бекітуді жоспарлап отырғандығын хабарлаған болатын. Бірақ, әлі нәтиже жоқ.

«Даудын басы – Дайрабайдың көк сиыры» дегендей, бар проблема әлеуметтік саладағы азық-түлік себетін қалыптастыруда болып тұр. Экономикалық жағдайда байланысты төменгі күнкөріс деңгейін есептеу үшін және бюджеттен төленетін төлемдерді азайту мақсатында азық-түлік нормасы төменгі деңгейде алынып отыр. Бұған түсінікпен қарауға болады. Бұл норман әлеуметтік төлемдер үшін бола берсін, ал енді ауыл шаруашылығы дамыту үшін, азық-түлік қауіпсіздігін сақтау, елдің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін талап деңгейін көтеру қажет. Ол үшін азық-түліктің адам өміріне қажетті физиологиялық нормасын Үкімет бөлек бекітіп, Ауыл шаруашылығы министрлігі мен облыс әкімдеріне жоғары талап қоюы қажет. Президент беріп жатқан өкілеттікке сәйкес Парламент тарапынан бақылау болған жағдайда ауыл экономикасы ел экономикасының драйверіне айналуына мүмкіндіктердің мол екені айқын.

ӨНІР ӨМІРІ

# Ас атасының алуан түрі шығарылады

**Мирас АСАН,**  
«Егемен Қазақстан»

Қарағандыда өндірістік қуаты тәулігіне 75 тоннаға дейін нан өнімдерін шығара алатын, елімізде теңдесі жоқ жаңа зауыт ашылды. Құрылысы небәрі 8 айдың ішінде аяқталған жаңа жоба кәсіпкерлікті қолдау картасының аясында жүзеге асқан. Өнімін сыртқы нарыққа шығаратын жаңа нан зауытына Қарағанды, Теміртау, Шахтинск, Саран, Абай қалаларынан 3 млрд теңгеден астам инвестиция түрінде қаржы құйылған.

– Біз бүгін Қарағанды облысында тағы бір жаңа зауыттың тұсауын кесіп тұрмыз. «Сарыарқа-Нан-Қарағанды» ЖШС нан зауыты Қазақстанның индустриалық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасы негізінде салынды. Кәсіпорын әлемдік барлық стандарттарға сай, – дейді «Сарыарқа-Нан» зауытының тұсауын кескен Қарағанды облысы әкімінің бірінші орынбасары Асылбек Дүйсебаев.

Зауыт құрылысына тек отандық құрылыс жабдықтары мен құрылғылық элементтер пайдаланылған. Ал, барлық қондырғылар шет елден, яғни, Германия, Италия, Франция, Словения, Словакия сынды алдыңғы қатарлы еуропалық өндірушілердің құрылғыларымен жабдықталған.

– Бұл зауытқа нан пісіруге арналған ең озық үлгідегі жаңа техногиялар енгізілді. Ондағы қондырғылар мен кешенді жұмыстар – қазақстандық өндірушілер мен әлемдік белгілі компаниялар серіктестігінің жемісті нәтижесі. Сіздер көріп тұрған арақатынастың алтын көпірі аталған



сала бойынша ТМД көлеміндегі ең ірі инвестициялардың бірі болып табылады, – деді тұсаукесер рәсіміне қатысқан словениялық «Gostob» компаниясының бас директоры Матъяж Компара.

«Сарыарқа-Нан» бүгінгі таңда ТМД-дағы және Еуропа мен Азиядағы заманауи әрі жетекші нан зауыттарының бірі болып табылады.

«Сарыарқа групп» бақылау кеңесінің төрағасы, кәсіпкер Ерлан Нығматуллин жобаға қатысқан барлық құрылысшылар, шетелдік серіктестер және кәсіпорын ұжымын құттықтады.

– Қарағандылық «Сарыарқа-Нан» зауытының ұжымында белгіленген стратегия, ұстанған айқын бағыт бар.

Кімді үлгі тұтып, қайда талпынуды біледі. Мен осы жерде жиналған кәсіби ұжымның алдағы уақытта зор жетістіктерге қол жеткізетіндігіне ерекше сенімдімін, оған барлық негіз бар. Біз мұнда инвестиция тартып қана қоймай, сонымен қатар, нан өндірісінің әлемдік озық үлгідегі технологияларын қолдандық. Барлық ұжымның атынан елімізде инвестициялық қолайлы ахуал тудырып отырған Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевқа шексіз алғысымды білдіремін, – деді ол.

Зауыт Қарағанды мен оған елді мекендердің 550-дей тұрғынын тұрақты жұмыспен қамтамасыз етпек. Бизнесің әлеуметтік жауапкершілігі шеңберінде мүмкіндігі шектеулі жандарға да жұмыс



## Түрікменстанда президент сайлауы өтті

Кеше түрікмен халқы елдің жаңа тарихындағы бесінші президент сайлауында дауыс берді. Бұл — жаңа Конституция бойынша өткізілген алғашқы сайлау. Тұрғындардың белсенділігі өте жоғары болды. Жергілікті уақытпен сағат күндізгі 15.00-ге дейін сайлаушылардың 86%-ы дауыстарын беріп үлгерді. Зан бойынша, сайлау комиссиясы алдағы 7 күн ішінде сайлаудың соңғы қорытындысын жария етуі тиіс.

Ержан ӘБДІРАМАН,  
«Егемен Қазақстан»

Сайлауға бұл жолы тоғыз кандидат түсті. Дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың жартысынан көбінің қолдауына ие болған кандидат жеңімпаз атанады. Сайлаушылар тізіміне 3 миллион 223 мың 455 адам енгізілген.

2016 жылдың 14 қыркүйегінде қабылданған жаңа Конституцияға сәйкес, президент өкілеттігі бес жылдан жеті жылға ұзартылды. Сонымен қатар, президенттің жасы 70-тен жоғары болмауы керек деген шектеу алынып тасталды.

Түрікменстан президенттігіне кандидат, елдің қазіргі басшысы Гурбангулы Бердімұхамедов отбасымен бірге жексенбі күні таңертең дауыс берді. Сайлау учаскесіне президентпен бірге оның әке-шешесі де келді.

«Бүкіл халқымыз ел үшін маңызды оқиғаға қатысуда. Миллиондаған адам конституциялық құқығын пайдаланып, еріктерін білдіріп жатыр. Олар болашақ алдындағы ұлы жауапкершілігін сезініп, жоғары мемлекеттік қызметке алдағы жеті жылға лайықты деген кандидатқа дауыс беруде», деді Г.Бердімұхамедов.

59 жастағы Гурбангулы Бердімұхамедов Түрікменстанда билікке 2006 жылдың желтоқсанында елдің тұңғыш президенті Сапармұрат Ниязов қайтыс болғаннан кейін келді.

Ал 2012 жылы ол сайлаушылардың 97% даусымен екінші мерзімге сайланды.

Осы ретте Түрікменстанда президент сайлаудың кейбір ерекшеліктеріне тоқтала кеткенді жөн көрдік. Түрікменстан Конституциясы бойынша президент — мемлекеттің және атқарушы биліктің басшысы. Ел

тәуелсіздігінің, бейтараптығының, территориялық тұтастығының кепілі.

Түрікменстан президенті тікелей сайлауда жеті жылға сайланады және ант берген сәттен қызметке кіріседі.

Дауыс беру құқына 18 жасқа толған ел азаматтары ие. Сот шешімімен істеген ісі үшін заң алдында жауапкершілігі жоқ деп танылған адамдар және түрмеде жазасын өтеушілер сайлауға қатыса алмайды.

Түрікменстан президенттігіне кандидат ретінде Түрікменстанда туған, жасы 40-тан төмен емес, мемлекеттік тілді білетін, соңғы 15 жыл бойы Түрікменстанда тұрған, мемлекеттік органдарда, қоғамдық бірлестіктерде, кәсіпорындарда, мекемелерде жұмыс істеген Түрікменстан азаматын ұсынуға болады.

Кандидатты саяси партиялар, қоғамдық бірлестіктер ұсынады. Құрылтайға қатысушылардың жартысынан көбінің даусын жинаған жағдайда үміткер сайлауға ұсынылған болып саналады.

Азаматтардың тобы ұсынған жағдайда, кандидат болып тіркелу үшін кемінде 10 мың сайлаушының қолы керек.

Кандидаттарға теле-радиоарналардан теңдей эфир уақыты (күніне кемінде бір сағат), баспасөзден бірдей көлемде орын беріледі.

Сайлаушылардың белсенділігі қандай деңгейде болғанына қарамастан, сайлау өткен болып есептеледі.

Дауыс беруге қатысқандардың жартысының көбіне ие болған кандидат жеңген болып саналады.

Түрікменстан президенті ел Конституциясына оң қолын қойып ант береді.

Салтанатты жиынның төрағасы, Түрікменстанның бес уәлаяты және Ашгабаттың атынан келген ақсақалдар мемлекет басшысына Түрікменстан президентінің куәлігін және белгісін табыстайды. Президент екінші мерзімге сайланған болса, Президент белгісі қайта табыс етілмейді.

Инаугурацияда Түрікменстан президенті алдына ақ киіз төселеді. Президентке дәстүрлі түрікмен сачағы (нан орайтын қасиетті дастарқан), жебе салынған қорамсақ, Құран және Рухнама тартылады.

Бұдан кейін президент Түрікменстан азаматтарына арнап қысқаша сөз сөйлейді.

## Байланыс беки түседі

Сыртқы істер министрлігінде «Жаңа мүмкіндіктер» бағдарламасы аясында «Қазақстан — Қырғызстан қатынастары: тарихы, қазіргі күйі және даму келешегі» тақырыбында брифинг өтті. Оған Қазақстанның Қырғыз Республикасындағы Төтенше және өкілетті елшісі Айымдос Бозжігітов қатысты.

Ләйла ЕДІЛҚЫЗЫ,  
«Егемен Қазақстан»

Тарихи тамыры бір, мәдениеті мен дәстүрі ортақ Қырғызстан Қазақстанның сенімді серіктесі әрі әріптесі. Айырқалпақты ағайын да өз тәуелсіздігін осыдан 25 жыл бұрын алды. Содан бері түбі бір қырғыз жұрты Қазақстанмен қанаттаса жүріп, тығыз байланыс орнатып келеді. Ширек ғасыр бедерінде қос мемлекетте бірлескен кәсіпорындар ашылып, жол салынды. Соның нәтижесінде жақын көршімен алыс-беріс те, барыс-келіс те артты. Әрине, қос тарап арасындағы ынтымақтастықтың дамуына ең алдымен, мемлекет басшылары деңгейіндегі келіссөздердің, екіжақты келісімшарттардың, түрлі деңгейдегі кездесулердің ықпал еткені анық. Мәселен, бүгінгі күнге дейін Қазақстан Президенті қырғыз жұртына 27 мәрте сапарлапты. Мұндай жоғары деңгейдегі келіссөздердің аясында екіжақты әріптестікті одан әрі дамыту және нығайту тетіктеріне ықпал ететін негізгі құжаттар қабылданып, көптеген маңызды келісімдерге қол қойылды.

Егер 2016 жылы Қырғызстан әлемдік сауда қауымдастығының 138 елімен сауда-экономикалық жағынан байланыстар жасаса, олардың ішінде 131 елмен — импорт, 82 елмен экспорт бойынша әріптестікке қол жеткізген екен. Ал бұл мемлекеттердің қатарында Қазақстан да тұр. Бір ғана мысал. Мәселен, Қырғыз Республикасының Ұлттық статистикалық комитетінің мәліметтері бойынша, Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы тауар айналымы 2015 жылмен салыстырғанда 1,2 пайызға артып, 2016 жылы


746,6 млн долларды құраған. Оның ішінде Қазақстаннан шығарылған экспорт мөлшері 563,9 млн доллар болса, қырғыз ағайын жақтан елімізге ағылған импорт көлемі 184,7 млн долларға жеткен.

Брифинг барысында сөз алған Қазақстанның Қырғыз Республикасындағы Төтенше және өкілетті елшісі Айымдос Бозжігітов екіжақты әріптестіктің деңгейін айқындай түсетін мұндай оң көрсеткіштер мемлекеттер арасындағы байланыс беки түсуіне негіз болатынын жеткізді. «Қазақстан және Қырғыз республикаларының ғасырлардан бері жалғасып келе жатқан шынайы достығы мен тату көршілігі екі елдің жоғары деңгейдегі саяси ұнқатысуының негізі болды. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев әрдайым еліміздің Қырғызстанның жақын көршісі ғана емес, сенімді серіктестерінің бірі екенін айтып келеді. Демек, біздің елдеріміздің арасында күрмеуі шешілмеген ешқандай мәселе туындамауы тиіс. Яғни, қазіргі таңда әлемде қалыптасып отырған күрделі саяси-экономикалық жағдайды ескере отырып, екі елдің өзара қарым-қатынасы тек екі жаққа да тиімді болуын мақсат тұтуымыз керек.

Осы тұрғыдан келгенде, Қазақстан Президенті қазақ-қырғыз ынтымақтастығына айрықша мән беріп келеді. Бұған 25 жылдың ішіндегі жоғары деңгейдегі сапарлар, келісімшарттар мен келіссөздер дәлел», деді А.Бозжігітов. Сонымен қатар, ол бүгінде халықаралық және өңірлік мәселелерге қатысты саяси ұнқатысу бойынша Қазақстан мен Қырғызстан арасында ешқандай да келіспеушілік пен

қарама-қайшы көзқарас жоқ екеніне айрықша тоқталып өтті. «Біз БҰҰ, ЕҚЫҰ, ШЫҰ секілді беделді ұйымдар аясында көпжақты ықпалдастық байланыс орнатып келеміз. Яғни, қос тараптың ұстанымы да, бағыты да ортақ және ұқсас. Мәселен, Қырғызстан 2009 жылы Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуіне, ал былтыр БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшелігіне сайлануына орай қолдау көрсетті», деді Төтенше және өкілетті елші.

Бұдан кейінгі кезекте Айымдос Бозжігітов Қазақстанның Қырғыз Республикасының жетекші сауда-экономикалық және инвестициялық серіктесі екеніне тоқталып өтті. Оның сөзіне қарағанда, тәуелсіздік алған жылдардан бері Қырғызстанның сыртқы тауар айналымында Қазақстан тұрақты түрде үшінші орынды иеленіп қана қоймай, қазіргі таңда қырғыз ағайынның лидерлік позицияда тұрған шетелдік инвесторларының бестігі қатарында да тұр екен. Мәселен, бүгінде қырғыз экономикасына қазақстандық тараптан құйылған инвестицияның жалпы көлемі 1,5 миллиард АҚШ долларынан асып түсетін көрінеді. Қазақстаннан көрші елге ағылатын инвестиция көлемі түрлі салаларға пайыздық өлшеммен алғанда былайша бөлінеді: инвестицияның 60



пайызы — қаржы секторына, 12 пайызы — ауыл шаруашылығына, 10 пайызы — тау-кен өндірісіне, 8 пайызы — су-энергетикалық секторға, 5 пайызы — туризм саласына, 3 пайызы — құрылысқа, 2 пайызы сауда-саттыққа бағытталған.

Бұған қоса, бүгінде қырғыз жерінде 300-ге тарта бірлескен

“ БҮГІНДЕ ҚЫРҒЫЗ ЭКОНОМИКАСЫНА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТАРАПТАН ҚҰЙЫЛҒАН ИНВЕСТИЦИЯНЫҢ ЖАЛПЫ КӨЛЕМІ 1,5 МИЛЛИАРД АҚШ ДОЛЛАРЫНА АСЫП ТҮСЕТІН КӨРІНЕДІ. ҚАЗАҚСТАННАН КӨРШІ ЕЛГЕ АҒЫЛАТЫН ИНВЕСТИЦИЯ КӨЛЕМІ ТҮРЛІ САЛАЛАРҒА ПАЙЫЗДЫҚ ӨЛШЕММЕН АЛҒАНДА БЫЛАЙША БӨЛІНЕДІ: ИНВЕСТИЦИЯНЫҢ 60 ПАЙЫЗЫ — ҚАРЖЫ СЕКТОРЫНА, 12 ПАЙЫЗЫ — АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА, 10 ПАЙЫЗЫ — ТАУ-КЕН ӨНДІРІСІНЕ, 8 ПАЙЫЗЫ — СУ-ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ СЕКТОРҒА, 5 ПАЙЫЗЫ — ТУРИЗМ САЛАСЫНА, 3 ПАЙЫЗЫ — ҚҰРЫЛЫСҚА, 2 ПАЙЫЗЫ САУДА-САТТЫҚҚА БАҒЫТТАЛҒАН.

## Халықаралық ұйымдар басшыларын марапаттады

Қазақстанның Вена қаласындағы халықаралық ұйымдар жанындағы тұрақты өкілдігі — еліміздің Австриядағы елшілігінде Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттіктің (МАГАТЭ) бас директоры Юкия Аmano мен Ядролық сынақтарға жаппай тыйым салу туралы шарт ұйымының (ЯСЖТШҰ) атқарушы хатшысы Лассина Зербоны Қазақстанның аталған ұйымдармен қарым-қатынасын дамытудағы қосқан үлесі үшін, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығына сәйкес «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне — 25 жыл» мерекелік медалімен марапаттау рәсімі өтті, деп хабарлады Сыртқы істер министрлігінің баспасөз қызметі.



Қазақстанның Австрия Республикасындағы Төтенше және өкілетті елшісі, сондай-ақ, еліміздің Венадағы халықаралық ұйымдар жанындағы Тұрақты өкілі Қайрат Сарыбай шара барысында Қазақстанның ЯСЖТШҰ және МАГАТЭ-мен тығыз байланыс орнатып отырғанын, әсіресе, ядролық қаруды таратпау мәселесінде тараптардың үлкен жетістіктерге жеткенін атап өтті. Сондай-ақ, ол Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Әлем. XXI ғасыр» манифесінің маңыздылығына қатысушылар назарын аударып келіп, оның БҰҰ деңгейіндегі құжат ретінде танылғанына екіпін берді.

Өз кезектерінде марапат иелері Қазақстан халқын ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығымен құттықтай келіп, Президент Н. Назарбаевқа өз қызметтерін оң бағалағаны үшін алғыстарын жолдады. Сондай-ақ, Қазақстанның халықаралық қауіпсіздікті нығайтудағы маңызды ролі мен ядролық қаруды таратпау мәселесіндегі белсенді іс-әрекетін атап көрсетті.

Мәселен, Юкия Аmano Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың басшылығымен Қазақстан қару-сыздану және ядролық қаруды

таратпау ісіне зор үлес қосқанын жеткізді. Осы орайда, Агенттіктің бас директоры елімізде Төмен байыттылған уран банкі құрудағы және Иранның ядролық бағдарламасы жөніндегі бірлескен іс-әрекеттер жоспарын жүзеге асырудағы зор үлесі үшін Қазақстан тарапына ризашылығын білдірді.

Лассина Зербо өз кезегінде Президент Н. Назарбаевтың ядролық қарусыздану үдерісі шеңберіндегі Семей ядролық сынақ полигонын жабу туралы шешімінің маңыздылығын айта келіп, осы қадамның Ядролық сынақтарға жаппай тыйым салу туралы шартты қабылдауға негіз салғанын мәлім етті.

Сонымен қатар, Лассина Зербо Қазақстан Ұйымның ең белсенді серіктесі екенін жеткізе отырып, еліміздің Ядролық сынақтарға жаппай тыйым салу туралы шарттың 14-бабы бойынша конференциясының тең төрағасы ретіндегі қызметін жоғары бағалады.

Айта кетейік, марапаттау рәсіміне шет мемлекеттердің елшілері, Австрияның сыртқы саясат ведомствосының, Венадағы халықаралық ұйымдардың, сондай-ақ, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

БІРІНШІ БАЙЛЫҚ

# Денсаулық бұрынғыдан да қымбат немесе ер-азаматтарға арналған оңаша әңгіме

Бүгінгі медицинаның бір артықшылығы — емделудің балама көздері көп. Инновациялық технологиялардың алуан түрлері табылуда. Наукастың өзі де ғаламтордан дертін дендеп зерттеп, мүмкіндігіне қарай білікті деп таныған дәрігеріне қарала алады. Сонымен бірге, елді аластыратын өтірік-шыны аралас жалған жарнамалық ақпараттар, пайдасы жоқ дәрі-дәрмектер, шипасы жоқ ем түрлері де көбейді. Мұндай жағдайда медицина саласының тәжірибелі мамандарының уәжіне құлақ түріп, денсаулықты сақтауға қатысты дұрыс шешімдер қабылдау аса өзекті.

Бүгінгі әңгіме ер-азаматтардың денсаулығына қатысты болғандықтан, сұрақтарымыздың бір парасын «Академик Б.Жарбосынов атындағы урология ғылыми орталығы» АҚ профессоры, жоғары санаттағы хирург-уролог, «Алтын қандауыр» сыйлығының лауреаты Суният ҚҰСЫМЖАНОВҚА қойдық.

— Суният Мырзекеңұлы, қазіргі таңда жастар арасында урологиялық аурулар белең алып тұрғаны қаншалықты шындыққа жанасады?

— Қазір кейбір дерттердің жасарып бара жатқаны рас. Мысалы, қуықасты безінің катерлі емес гиперплазиясы осындай оншақты жыл бұрын ғана көбінесе 70-ке жакындаған егде адамдарда кездесетін. Соңғы жылдары бұл дертке елудегілер, тіпті қырықтың айналасындағылар да жиі ұшырайтын болды. Және бұл жағдай біздің елімізде ғана емес. Сол сияқты, ер-азаматтарда қуықасты безінің катерлі ісігі айтарлықтай көбейді. Дегенмен, бұл бір жағынан онкологиялық ауруларды ерте бастан анықтауға мүмкіндік беретін диагностикалаудың скринингтік, УДЗ, PSA мен қандағы онкомаркерлерді анықтау әдістерінің кеңінен қолданыла бастағанына да байланысты. Демек, бұл аурулар бұрын болса да наукасты қатты мазаламаған соң, асықпайша жүре беретін болған.

— Урологиялық дерттер «жасара» бастаған болса, онда ерлер қай жасынан бастап дәрігерге қаралуы керек?

— Жігіттерде жыныстық қызметтің бұзылуы жиі кездесе, үлкендерді дәрет сындырудың қиындауы, онкологиялық аурулар мазалайды. Қазіргі медицина мамандары ер-азаматтардың ұзақ жасауына, денсаулығының мықты болуына қызмет ете алады. Біздің «Академик Б.Жарбосынов атындағы урология ғылыми орталығы» АҚ президенті, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Мырзақерім Алшынбаевтың тікелей бастамасымен «Еркектердің денсаулығы» деген ерекше бастама жүзеге асқанын білесіз. Бұл бағдарламаға кезінде шетелдік әріптестеріміз көп қызығушылық танытқанын «Егемен Қазақстан» газеті жазды. Осы бағдарлама аясында көп жұмыс атқарылды. Нақты ғылыми пайымдар мен көрсеткіштер жасалды.

Сол сияқты, біздер жасөспірімдер арасында кездесетін урологиялық дерттерге де көп көңіл бөлдтік. Сондықтан жас демей, кәрі демей, ұлдың денсаулығынан қандай кінәрат білінсе, бірден дәрігерге жүгіну керек.

— Сөзіңіз аузыңызда, осы кейбір балалар «сүндеттеліп» туылды деп жатады?

— Қуанатын түгі де жоқ. Өзі сүндеттеліп туылған бала — бұл аномалия. Бұл туралы кеңінен әңгімелеуге болады. Бізде мұндай туа бітті ауруларға, зәр шығару жолдарына қатысты диагноз бен ота түрлері де көп. Қазір көптеген ота түрлері қан шығарылмай жүзеге асырылады. Көп аурудың түрін операциясыз әдістермен емдеуге болады. Бірақ, кішкентай ер балаға есін білгеннен денсаулықтың қымбат екенін құлағына құйып отыру керек.

— Белсіздік бекерге көбеймейтін шығар? Сыртынан қарағанда тепсе темір үзетін жігіттер ауырып жүргенін жасырады.

— Өкінішке қарай, біздер бала таптыруға қабілетті дейтін жастағы ер-азаматтардың ұрықсыздығын жиі айғактауға мәжбүрміз. Мұның бәрі қабыну, суық тию, жыныстық жұқпалы аурулардың асқинуынан болады. Созылмалы простатит, эпидидимоорхит, варикоцеле, яғни көк тамырдың кеңеюі сияқты аурулардан дер кезінде емделмеу түбінде белсіздікке алып келеді.

Арақ ішу, темекі шегу, бейберекет жыныстық қарым-қатынастар, ашқарақтық, гормоналдық қызметтің бұзылуы, кант диабеті, уайым-кайғыға берілу сексуалдық қызметті әлсіретіп, дертке ұшыратпай қоймайды.

— Ештеңеден қаймықпайтын ер-азаматтар тіс дәрігеріне, урологқа барудан жүрексінеді. Бұл қорқыныш немен байланысты?

— Бұл қорқыныш емес, барып тұрған жауапсыздық. Адам деген алдымен өз денсаулығын сақтауы керек. Әсіресе, ер-азамат отбасының ертеңі өзінің денсаулығына тікелей тәуелді



екенін білуі керек. Ауруды асқындырып, қаралмай жүре берсең, мүгедек боласың. Балашағаңа масыл боласың.

— Онда ер-азаматтар қандай медициналық тексерілулерден өтіп тұруы керек?

— Кез келген ауруды асқындырмау керек екенін несіне айта береміз?! Бірақ қырыққа таяғаннан кейін-ақ урологиялық сырқаттар мазаласа, бірден емдом алып, дәрігерге қаралып тұруды әдетке айналдырған жөн.



Жалпы, анализдерден бөлек, ер адамдар жыныстық гормондарға, простотаспецификалық антигендерге тексеріліп тұруы қажет. Қазір ультрардыбыстық зерттеулермен көп дерт алдын ала білінеді. Ең бастысы, жыныстық жолдармен берілетін жұқпалы ауруларға жылына 1-2 рет болса тексеріліп тұру — адамның өмірін ғана сақтамайды, ер-азаматтардың жасы еңкейгенше күш-қуатының сарқылмауына жол ашады. Қысқасы, әйелдердегі сияқты әр адамның жеке дәрігері болуы керек қой.

— Медицина дамып жатса да, мықты мамандар аз. Дертінді дәл табатын дәрігер тапшы. Соған қарамастан, жекемешік клиникалардың жарнамасы жер жарады.

— Шетелге барып та ақша шашып алданып, не ем жоқ, не қаражат жоқ, қайтып келіп жатқандар бар. Бірінші кезекте өзің білетін, тәжірибесіне күмән келтірмейтін отандық медицинаның көмегіне жүгіну қажет.

Біз де қандай қиындық кездесе де, өз мамандығына үлкен жауапкершілікпен қарайтын мықты мамандар бар. Ал ақша жүрген жерде алаяқтар барлық салада кездеседі. Ақылды адамдар бәрін парықтап, безбендеп алады. Аңқаулар мен білімсіздер жылтыраған жарнамаларға ереді. Әлемдік тәжірибе халықтың сеніміне ие болған мамандарға жүгінуге кеңес береді.

— Дәріханаларды былай қойғанда, қара базарларда да ер-азаматтардың күш-қуатын арттыратын препараттар ашық сатылады. Жуырда ғана Ұлттық экономика министрлігінің Тұтынушылардың құқығын қорғау комитеті БАҚ пен интернет-ресурстарды бақылау нәтижесінде «Мадерия с Лицетином», «Алдокопин Форте», «Мужская сила», «Дианормин Ультра», «ITONE/Айтон»

Кейбір препараттардың құрамы жүрек-қан тамырлары аурулары мен артериалдық қан қысымы бар адамдарды одан да әлсіретуі мүмкін.

— Адам денсаулығы мамандығына, тұратын жеріне, ішіп-жегеніне тікелей тәуелді екені анық?

— Нақты статистика адамның өмір сүру салты мен денсаулығының арасында тікелей байланыс бар екенін дәлелдеп келеді. Ауылдық жерде тұратын адамдар мен мегаполисте тұратын адамдарға тән дерттер бар. Мәселен, күні бойы үстелде тапжылмай отыратын ер-азаматтарда қан айналымының бұзылуынан урологиялық аурулар жиі байқалатын болды. Көп қозғалмаған адамның қаны ұйып, кіші жамбаста, қуықта түрлі дерттер пайда болады. Ал бұл еркектердің екінші «жүрегі» болып саналады. Уақыт өте келе мұның бәрі кем дегенде созылмалы простатитке, қуықасты безінің катерлі емес гиперплазиясына алып келеді.

— Қазір әлемдік медицина катерлі ісікті түбегейлі емдеп жазуда көп еңбектенип, іргелі зерттеулер жүргізіп жатыр. Онкологиялық науқастардың өмірі ұзаратындай. Ал урологиялық рақты емдеуде ілгерілеу қандай?

— Бұл мәселеде отандық урологияда да алға жылжу бар. Зәр жүретін жолдардағы бірқатар урологиялық катерлі ісіктерді емдеуде клиникалық тиімді нәтижелерге қол жеткізілуде. Ғылыми орталық ретінде клиникалық зерттеулермен бірге, ең заманауи, жоғары технологиялық әдістерге жүгінеміз. Баяғы соқыр әдіс жоқ. Эндоскопиялық, лапароскопиялық әдістер дәл диагностикалауға, дәрігердің жұмысын жеңілдетуге, қол жағдайда отасыз-ақ ауру түрлерін емдеуге мүмкіндік береді.

Нақты айтайын, біздің клиникада бүйректегі ісік эндолпароскопиялық әдіспен емделеді. Науқастың денесі болар-қолмас тілініп, бейнекамералы арнайы құрал ішке еніп, ісікті дәл анықтап, қатырып тастайды. Семіп қалған ісік уақыт өте жазылып кетеді.

— Қазіргі заманда жыныс алмастыру да таң қалдырып, жаға ұстататын жағдай болмай қалды. Біздің елімізде мұндай жағдай бар ма? Жалпы, Қазақстанда құзырлы мекемелер арқылы мұндай ота жасауға рұқсат берілген бе?

— Бұл ота Қазақстанда заңмен реттелген. Бірақ ол үшін алдын-ала ресми заңдық тұрғыда сәйкес құжаттарды ресімдеу қажет. Біздің ғылыми орталықта жыныс алмастыру үлкен оқиға болып есептелмейді. Уролог-хирургтарымыздың бұл ота түрі

бойынша жеткілікті тәжірибелері бар.

— Урология тек ер-азаматтардың денсаулығымен байланысты деген түсінік бар. Дәрігерлерге кезек күткен әйел адамдарды қандай сырқаттар мазалайды?

— Әрине, біздің клиниканың дәліздерінен әйел адамдарды да көп байқаған боларсыз. Зәр жолының қабынуы, қуыққа суық тию, цистит, зәрді ұстай алмай, пиелонефрит, айта берсең қыз-келіншектерде де урологиялық сырқаттар көп кездеседі. Мұндай дерттер білінгенде, уақыт созбай, урологқа бірден қаралу қажет.

— Ғылыми орталық болғанның кейін шығар, мұнда халықаралық симпозиумдар, шеберлік-сыннытар жиі өтеді екен. Өткен жылы ТМД елдері урологтарының пленумы Астана қаласында ұйымдастырылғанын айтып қалдыңыз. Демек...

— Демек бұл форум қазақстандық урологияның уақыттан қалмай, ырғақты дамып келе жатқанын білдіреді. Әріптестеріміздің жылдар бойы жинаған ғылыми тәжірибелері мен нақты жетістіктері кешегі КСРО аумағындағы урологтарды бей-жай қалдырмайды. Мәселен, орталық құрылғалы бері аса ірі 36 халықаралық форум өтіпті. Бұл — аз емес. Біздің халықаралық жиындардың нәтижелі болуына Урологтардың еуропалық ассоциациясы да мүдделілік танытады.

— Инновациялық медициналық технологиялар дегенді қарапайым наукас қалай сезініп, түсіне алады?

— Қазір озық медициналық технологиялардың барлығы да Қазақстанда бар. Қан шығарылмай, ашық кесіліп, тігілмей, ағзаға барынша зиян келтірмейтін оталардың бәрі осындай әлемдік технологиялардың көмегімен жасалады. Эндоскопиялық, лапароскопиялық аппараттарымен жасалған оталардан кейін науқастар тез оңалады. Аурудан емес, операциялардың өзінен болатын зиян айтарлықтай төмендеді.

Мемлекетіміз де медицина саласының дамуына аз қаражат бөліп жатқан жоқ. Барынша жетілдірілген диагностикалық аппараттар алынууда. Жас мамандар шет елдерде тәжірибе арттыра алады. Біздің ғылыми орталықтың өзіне жоғары санаттағы кәсіпқой мамандар жетерлік.

— Әңгімеңізге рахмет.

Әңгімелескен  
Айнаш ЕСАЛИ,  
«Егемен Қазақстан»

АЛМАТЫ

АЙТАЙЫН ДЕГЕНІМ...

## Брайль қарпімен басатын баспахана неге жоқ?

Елу жылға жуық мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қызмет көрсетіп келе жатқан Семей қаласындағы арнайы кітапхана бүгінгі таңда заман талаптарына сай жабдықталып, өз оқырмандарына жап-жақты мәдени-танымдық, ағартушылық, әдістемелік, ақпараттық бағытта қызмет көрсетіп келеді.



Кедейлерін жебеп, мүгедектеріне шынайы қамқорлық көрсету қазақ халқы үшін адами парыздың басты белгісі саналған және саналады да. Әлемдік өркениеттілік ұғымында бұл толыққанды мемлекеттіліктің белгісі болып табылады. Елбасы Н.Назарбаев барлық мүмкіндігі шектеулі жандар да қоғам өміріне белсенді араласуына жағдай жасау қажеттігін айтқан болатын. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы 2006 жылғы 13 желтоқсанда Нью-Йоркте қабылдаған «Мүгедектердің құқықтары туралы» конвенциясы аясында елімізде мүмкіндігі шектеулі жандардың құқығын қорғау төңірегіндегі заңнаманың сақталуы жіті назарға алынды.

Семей қаласындағы зағип және көздері нашар көретін азаматтарға арналған кітапханада «Брайлист», «Сыр сандық», «Дауыстап оқу», «Лингафонды оқу залы» атты үйірмелер жұмыс істейді. Соның ішіндегі «Брайлист» үйірмесі 2013 жылы мәдениет және тілдерді дамыту

бөлімінің нұсқауы бойынша ашылып, брайлист маманға бір штаттық бірлік бөлінді.

Брайль жүйесі уақыт сынынан өтіп, адамзаттың ойлап шығарған үлкен жетістіктерінің бірі болып табылады. Оқып, жазып үйренген адам әдебиетке, музыкаға, мәдениетке, ғылымға қызығып ізденеді, қызмет істейді және өмірде өз орнын табады. «Брайлист» үйірмесінің жетекшісі Арман Жаппелованың айтуынша, үйірме зағип жандардың білім деңгейін, сауаттылығын жоғарылатып қана қоймай, оңалту қызметін де көрсетеді. Айта кетсек, зағип адамның қоғамда, тұрғылықты жағдайларда бейімделуі аса маңызды проблемалардың бірі. Үйірмеде оларға «ақ таяқтың» көмегімен бағыт-бағдар табуға, ине-жіп сабақтауға, кез келген тұрмыстық техниканы пайдалануға, қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйретеді. Мұндай кеңестер әсіресе аяқ астынан көрмей

қалған азаматтарға үлкен септігін тигізуде. Алғаш ашылғанда жеті қатысушысы бар үйірмеге қазір он екі зағип адам келеді. Әрине, кітапхана қызметкерлері үйірме қатысушылары көбейгенін қаламайды.

Қазіргі уақытта жер шарында зағип адамдар саны 39 миллионды құрайды. Ал, 124 миллион адам нашар көретіндер қатарына жатады. Сарапшылардың айтуы бойынша, он жыл ішінде бұл көрсеткіш 75 миллионға көбеймек.

Ғалымдар өз кезегінде зағиптар мен көздері нашар көретін адамдар қатарының өсуін ең алдымен көзге салмақ түсуден дейді. Оның бірден-бір себебі, техникалық гаджеттердің әр алуандылығы және құнара көбеюі. Осыған орай, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы көз жанарының сақталуын бала кезден қолға алу керектігін ұсынады.

Қаламыздағы арнайы кітапхананың 928 тұрақты оқырманы бар. Олар ауа райының суығына, ыстығына қарамай кітапханаға келіп, мәдени шараларға үнемі қатысып отырады. Оқырмандарға әртүрлі жанрда жазылған кітаптар ұсынылады. Жалпы кітап қоры — 44860. Ал брайль қарпімен жазылған кітап саны — 8900. Оның ішінде 651 кітап қана қазақ тілінде. Кітаптар Ресей Федерациясының Мәскеу, Санкт-Петербург қалаларынан тапсырыс арқылы алынады.

Кітапхана ұжымын елімізде бедерлікүктелі қаріппен кітап немесе мерзімді басылм шығаратын арнайы баспахана жоқтығы алаңдатууда. Оқырмандар арасында халқымыздың салт-дәстүрі, төл тарихы, ұлы тұлғалар туралы жазылған қазақ тіліндегі кітаптар үлкен сұранысқа ие. Осы орайда, еліміздегі белді баспаханаларға осы мәселені қолға алу орынды болар еді.

Анар ҚУАНҒАЛИЕВА,  
Семей қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы

ШАҢЫРАҚ

## Ұзақ күттірген қуаныш

Темір ҚҰСАЙЫН,  
«Егемен Қазақстан»

Отбасын құрған ерлі-зайыптылардың ортасында сәби болмаса немесе оның дүниеге келу мерзімі кешіксе, бұл жағдай олардың қабақтарына кірбің түсірмей қоймайды. Өкінішке қарай, бүгінде баласыз отбасылар қатары көбеймесе, азия түсетін түрі көрінбейді. Әрине, бір перзентке зар болған ерлі-зайыптылар бүгінгі заманғы медицинаның көмегіне арқа сүйей отырып, бала сүйе алады. Алайда, бұған қол жеткізудің мүмкіндігі бірде болса, бірде бола бермейді.

Осы орайда ұзақ жылдан бері тұңғыштарын күтуден үміттерін үзбеген, бір-біріне ғашық жандардың сауабын алып жүрген жүрегінің жылы мол жан жөнінде әңгіме өрбітудің орайы келіп тұрғандай. Бұл Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының депутаты, Қазақстан халқы Ассамблеясының көрей этно-мәдени бірлестігінің төрағасы Максим Пак десек, дәл үстінен түсеміз.

Өткен жылы Бөрлі ауданында ұзақ жылдан бері сәби күшуды армандап жүрген бірнеше ерлі-зайыпты Оңтүстік Кореяның астанасы — Сеул клиникасында емделіп әрі олардың алған емдері оң нәтиже беріп, көптен күткен тұңғыштарын дүниеге әкелді. Бұл арада Максим Пактың осынау қуанышқа қатысы қандай деген сауалды тағы бір еске сала кеткеннің артықшылығы бола қоймас. Өйткені, ол Орал өңірі мен Сеул клиникасы және



Батыс Қазақстан облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы арасында өзара келісімге қол қою жөніндегі мәселеге бастамашы бола білді. Әрі аталған құжат батысқазақстандықтардың мүдделері мен пайдасына нақты қызмет жасай бастауына әжептәуір күш-жігері мен ақыл-ойын сарп етті. Осы арада көрей этномәдени бірлестігінің төрағасы кез келген күрделі келісімге келе алатын мәмілелердегі қырымен де таныла алғаны анық. Ал бұл келісімнің нәтижесі қандай болғанын жоғарыда айтты өткен едік.

Біздің бүгінгі кейіпкеріміздің пікірінше, қазақстандық және корейлік мамандар ынтымақтастығы мен өзара қарым-қатынастарының үлкен болашағы бар. Ал тікелей өзіне қатысты алғанда, ол өзінің басмасымен ойға алған мақсатын одан әрі жалғастыра түседі ұйғарған. Оның аясы бала сүйгісі келетін ерлі-зайыптыларды емдетумен шектелмейді. Осы қатарда отоларингология жүйесі бойынша балаларға квота бөлірту және әйелдер

арасында кездесетін онкологиялық ауруларды Сеул клиникасында емдету жолдары қарастырылған. Сондай-ақ, бүгінгі күні тұла бойы қайырымдылық пен ізгілікке толы азаматтың басты мақсатының бірі батысқазақстандықтар Оңтүстік Корея мамандарынан кеңес ала алатын кеңсе ашу болып отыр.

Сөзімізді түйіндей келе айтайын дегеніміз, Максим Пак Қазақстан халқы Ассамблеясының ролін тек саяси және экономикалық бастамалардың өткізгіші болудан ғана емес, сонымен бірге, көптеген әлеуметтік мәселенің шешімін таба білуден де көргенді көп санайды. Мұның, сөз жоқ, өте орнықты да байыпты әрі нақты шындыққа сәйкестендіре айтылған ойлы пікір екені анық.

Батыс Қазақстан облысы

СУРЕТТЕ: Максим Пак көптен күткен тұңғыштары дүниеге келген бақытты ерлі-зайыптылармен бірге

ТЕАТР

# Сахна сәні – «Қыз Жібек»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұлар – Тұрғыт Османов, Базарғали Жаманбаев, Нұрлан Жарасов, Абзал Мұхитдинов, Дәурен Әбіров, Зәуір Райбаев, Тұрсынбек Нұрқалиев, Гүлфайруз Ысмайылова, Шабал Бейсекова, Бибігүл Төлегенова, Байғали Досымжанов, Әнуарбек Үмбетбаев, Кеңес Бақтаев, Қанат Омарбаев, Гафиз Ысмов, Қанат Құлымжанов, Бақытжан Ысқаков, Әлібек Дінішев, Кенжеғали Мыржықбаев, Байғали Момбеков, Нұржамал Үсенбаева, Жанат Шыбықбаев, Майра Мұхамедқызы, Гүлзат Дәуірбаева, Жан Тапин, Дина Хамзина сынды Абай атындағы мемлекеттік академиялық және Күләш Байсейітова атындағы Ұлттық опера және балет театрларының өнер тарландары. Ал енді «Астана Опера» мемлекеттік театрында бүгінгі қойылып жатқан «Қыз Жібекте» ұлы Күләштің жұлдызды шеберлері өнер көрсетіп, көрермен жүрегінен орын алуда!

Бұл операның феномені неде деген сұраққа, мен домбыраның қос шегіндей үндестікте болған композитор Евгений Брусиловский мен жазушы Ғабит Мүсірепов сынды дана суреткерлер, акын Мағжан айтқандай, «Қаламымды малып жүрек қанына...» өздерінің жан жүрегінен тудырып, жалын берген «Қыз Жібектің» мәңгілік жастығында дер едім.

Кеменгер Ахмет Жұбановтың 1933 жылы Ленинград (қазіргі Петербург) қаласына барып, 27 жастағы Евгений Брусиловскийді қазақтың кәсіби музыкасын көтеру үшін Алматыға арнайы шақырғанын біз тарихтан жақсы білеміз. Бірақ екі жылға келісім берген Брусиловский өзінің бар шығармашылық өмірінің 37 жылға созылатынын, саналы ғұмырының қазақ жерінде өтетінін, қазақтың кәсіби музыка өнерінің негізін салушылардың бірі болатынын болжап білмегені хақ. Міне, 1933 жылы Қазақстанға



келе сала, өзі қызмет ететін Алматы музыкалық-драмтехникумы жанындағы халық музыкасының ғылыми-зерттеу кабинетінде дәстүрлі музыканың хас шеберлері Дина Нұрпейісова, Қали Жантілеуов, Науша және Махамбет Бөкейхановтар, Уахап Кабиғожин, Лұқпан Медетов, Әміре Қашаубаев, Манарбек Ержанов, Иса Байзақовтың орындауында 250-ден астам халық және халық композиторының інжу-маржандарын нотаға түсіріп, артынан оларды өзінің туындыларына арқау етті. Ол өзінің газетке берген бір сұхбатында: «Мен қандай музыка жазсам да, бәрібір ол қазақ музыкасы болып шыға береді...» деуі содан болар.

Евгений Григорьевич 9 операны дүниеге әкелген композитор. Солардың ішінде «Жалбыр» (либреттосы Бейімбет Майлиндікі, 1935 ж.), «Ер Тарғын» (либреттосы Сағыр Камаловтікі, 1936 ж.), «Айман-Шолпан» (либреттосы Мұхтар Әуезовтікі, 1938 ж.) қойылымдары кезінде көрермен халықтың керемет қошемет-ықыласында болды. Бірақ солардың ішінде бүгінге дейін сахнадан

түспей келе жатқаны – «Қыз Жібек» операсы. Оның бірден-бір себебі, «Қыз Жібек» либреттосының шекспирлік деңгейдегі ғажайып мүлтіксіздігі деп білемін. Мұнда ұлылық пен зұлымдық, нұрлы күн мен сұрлы күн, тазалық пен ластық, асқақтық пен арсыздық бітіспес қақтығысқа түсіп, ақыры жас жүректердің ғашықтық сезімін тұншықтырып тынады. Бұған дейін де, бұдан кейін де отандық драмалық туындыларда болмаған, аспан айналып жерге түскендей көріністегі Ұлы даланың ұлы трагедиясы бұл! Өрине, мұндай әдеби көркемдік деңгей биік либреттоға музыка жазу Брусиловский сияқты тұлғалы композиторға шынайы бақыт еді.

Ғабит Мүсірепов әрқашан Евгений Брусиловскийге деген өзінің шынайы достық көңілін тебірене, шығармашылық қарым-қатынасын ерекше білдіретін. Осыған дәлел ретінде композитордың 1970 жылы Алматыдан Мәскеу қаласына біржола қоныс аударғанда, ұлы жазушының оған жазған хатынан үзінді келтірейін: «...Евгений! Сенің бізден біржола кетіп бара жатқаныңды

енді қазір ғана ұқтым. Азын-аулақ адал адамдардың бірі мүлде алыстап бара жатқандығынан көңіл пернелерім бұрт-бұрт үзілуде. Ағымнан жарылатын, адал көңіліммен сырласатын адамдарым Мұхтар мен Сен едің. Осы жолдарды саған «Қош!» – деп айтқан сөзімдей қабыл ал, сүйікті адал досым. Тұла бойы тұтас өзіңнің Ғабитін».

Ғабеннің де 500 жылдан астам тарихы бар, қазақ халқының көне лиро-эпостық дастандарының бірі «Қыз Жібекке» бет бұрғаны кездейсоқ болмас...

1936 жылдың мамыр айында Кеңес Одағының астанасы Мәскеу қаласында Қазақстанның мәдениеті мен өнерінің Бірінші декадасында Е. Брусиловскийдің «Қыз Жібек» операсы көрсетіліп, бұл қойылымды, ондағы Жібек рөліндегі Күләш Байсейітованы көрген Иосиф Сталин оны «Қазақ бұлбұлы» деп атаса, орыстың ұлы әншісі Антонина Нежданова «Чудо!» деп тандай қакты.

Міне, шетсіз, шексіз Ұлы даланың жусан аңқыған аршын төсі, сағым қуған тұлпарлар тұяғының қуатты дүбірі, күн сәулесін қанатына ілген аккумуляр қаңқылы, бәрі-бәрі әншілердің, хордың, оркестрдің үнінде, мың бұралған балет биінде беріліп, Үлкен театрдың сахнасын ғаламат көрініске бөледі.

«Қыз Жібек» операсының 1968 жылы 1000-шы, ал 2008 жылы 1500-ші қойылымы Абай атындағы академиялық опера және балет театрында өтті. Енді ол 2013 жылы Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен құрылған «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театрының сахнасында бірінші рет жаңа музыкалық редакцияда, жаңа режиссерлік шешімде, акустикалық, компьютерлік, жарық беру технологиясымен, пластикалық хореографиялық тұжырымдамада, кейіпкерлердің ойнау, сөйлеу, ән айту тәсілдері қазактың дәстүрлі орындаушылық ерекшеліктерінде қойылып отыр.

**Жоламан ТҮРСЫНБАЕВ,**  
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, композитор

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

## Ұлттық операның жауһары

Араға 83 жыл салып оралған ұлттық опера – Е.Брусиловский мен Ғ.Мүсіреповтің «Қыз Жібек» операсы заманауи талапқа сай жаңғыртылып, соңғы техникалық мүмкіндіктерге сай «Астана Опера» театрында қайта сахналанды. Режиссер М.Панджавидзенің сахналық шешімінің ерекшелігі – мұнда көрермен жылдың төрт мезгілінің ауысуы үлгісіне куә болады. Танғажайып декорациялар, С.Тасмағамбетова мен П.Драгуновтың сәнді костюмдері, сондай-ақ қойылымдағы түйелер мен жылқылар ешкімді бейжай қалдырмайды. «Астана Опера» театрының цехында 350 костюм арнайы осы қойылым үшін тігіліпті. Премьера қарсаңында спектакльдің режиссері, Татарстанның Ғ.Тоқай атындағы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Франциск Скорина медалінің иегері, Белоруссия Ұлттық театр сыйлығының лауреаты, Беларусь Ұлттық академиялық Үлкен опера және балет театрының бас режиссері Михаил ПАНДЖАВИДЗЕМЕН сұхбаттасудың сәті түскен еді.



– «Қыз Жібек» операсының жаңа жобасы несімен ерекшеленеді?

– Қараңғы бөлмеден қара мысықты іздеп әуре-сарсаңға түсудің қажеті жоқ. Мен ешнәрсені күрделендіргім келмейді. Өйткені, шығармада тайға таңба басқандай бәрі көрсетілді. Бізге соны тек сахнаға алып шыға білу керек. Рас, кез келген туындыға әр режиссер өз түйсігімен, өз талғамымен үніледі. Осы жағынан төл қолтаңбамды барынша көрсетіп бағуға тырыстым. Музыкалық спектакль жаңырын жалына жабысып қалмай, заманауи опера тіліне аударуға әрекеттенгеніміз – негізгі жетістігіміз болып табылады.

– Эпикалық операны заманауи тілде баяндау қиындық туғызған жоқ па?

– Бүгінде Чарли Чаплинді айтпағанда, дыбыссыз киноның актерлерін көргенде ешкім езу тарта қоймайды. Тіпті Ч. Чаплиннің өзі арамызда көзі тірі жүрсе, мүлде басқаша ойнар еді. Айтпағым, «Қыз Жібек» операсы да қатып қалған тас емес және де осыған дейінгі нұсқасын түрлентудің, тірілудің қажеті шамалы. Бұл істе біз «хирург сияқты болуымыз керек – зиян келтірмеуіміз қажет» қағидатын ұстандық. Соған қарамастан «дәстүршілдік» сипатында қалып қою қаупін де сезіндік.

Мен мұнда адамдар арасындағы қарым-қатынасқа көбірек көңіл бөлдім. Бірі – залым, екіншісі – жағымды кейіпкер, үшіншісі – лирикалық қаһарман сияқты бір жақты бейнелердің сырт келбетінен ешнәрсе алған жоқпын. Бейнелік тұрғыдан алғанда, спектакльде жоғары технологиялық сахналық әсерлер молынан қамтылды.

– «Қыз Жібек» операсы алғаш рет қолға алған ұлттық шығарманың ба?

– Мен үшін ұлттық

шығармамен жұмыс істеу басқаларына қарағанда өте қиын. Бұл жағынан тәжірибем аз деп айта алмаймын. Қойылымға дайындалған кезде қазақ халқының мәдениеті туралы өте көп нәрсені оқып білдім. Әрбір жаңа туындыда өзімді жан-жақты жетілдіру арқылы қазынам молайды.

– Сіздің бас қаһарманыңыз қандай адам?

– Мұнда бас кейіпкерімнің бейнесі мистикалық күйде ойналады, оның тағдыры жыл мезгілінің ауысуымен сабақтас. Бас кейіпкер – Жібектің ажалы жыл мезгілінің ауысуы – қыс түсіп, одан кейін жаңа жылдың басталуы – мәңгілік жаңару түрінде қарастырылады.

– Әдетте Бекежанның тұлғасы туралы түрлі пікірлер айтылады. Махаббаты үшін күрескен адамды неге кінәлау керек? Мұны сіз қалай түйінделіңіз?

– Бұл жерде сүюдің жөні осылай болады екен деп, өз жаныңнан нені болса соны қосуға хақың жоқ. Махаббат дастанын әр жүрек әртүрлі жырлайды, өз өресімен, өз үнімен түйіндейді. Ол басқаның тағдырына тас ату емес, еш ойланбастан өз өміріңді

басқаға қиып бере салу ғой. Сондықтан, мен Бекежанның әрекетін құптамаймын өрине, бірақ та соған қарамастан оны «үлкен жол бойындағы қарақшы» емес, ар-намысы биік азамат ретінде көрсетуге тырыстық. Шындап келгенде, ашу мен қызғаныштың құрбаны – Бекежан. Оның Төлегеннің ту сыртынан садақ атуы сондықтан. Осының қате екендігін кеш ұғады, өкініп-опынады, ақыл-есін жоғалтады.

– Ал Төлеген туралы не айтасыз?

– Негізгі өлімді ашу мен ызадан, Бекежанның әрекетінен емес, Төлегеннің әкесі Базарбаймен арасындағы қарама-қайшылықтан іздеген абзал. Басты қаһарманның өліміне себепкер сол нәрсе. Егер ол әкесінің тілін алғанда, мұндай өкініш орын алмаған болар ма еді? Әрі жапан далада жалғыз, қасында бір серігі қалмаған жан қарусыз не істей алады? Әке сөзіне осылай жауап қатпағанда қайғылы қазаға бәлкім душар болмас па еді. Мүмкін-ау! Жалғанда жас өмірдің үзілгені қиын ғой. Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас – қай заманда да өміршен, өткір

мәселе. Екі жастың арасына түсу, тағдырларына араласу әлі күнге дейін бар. Бұған бір жақты баға бере алмаймын.

– Рөлдерді орындаушыларға көңіліңіз толды ма?

– Егер спектакльде режиссер әншінің жан дүниесін, болмысын жете танымаса, еңбегі зия кетеді. Алдымен кәсіби білім керек, жылдар бойғы жинаған тәжірибенің де ықпалы көл-көсір, бірақ шеберлік әр қойылымның үстінде жетіліп отырады. Көре білу мен сезімталдық режиссураның ең маңызды қағидаларының бірі саналады. Оны шын ұғыну үшін жақсы психолог сияқты жұмыс істеуге тиіссін. Өзін де актердің кейпіне еніп, бірнеше жыл тер төгуін керек. Мамандығым бойынша кәсіби музыкантпын. Бірақ балет, дирижерлік туралы ойыма алған емеспін. Режиссура тілін меңгерген кісінің бәрі бірдей операның жүгін көтеріп кетсе, не болады? Сондықтан, өзім операны ең күрделі режиссерлік жұмыс деп есептеймін.

Әртістер өз рөлдерін белгілі бір деңгейде орындап шыға алады. Олар бәрін өздері-ақ жасайды. Ал сен осының

бірде-бірін қалт жібермеуін керек, басқалар: «Қалайша біз мұны байқамағанбыз» дейтіндей күй кешуі тиіс. Режиссердің шеберлігі осынысында.

– Елордалық театрмен тез тіл табысып кеттіңіз бе?

– Астаналық әртістерді бұрыннан білемін, өйткені мұндай сәтті кездесулер осыған дейін де болған. Театрдағы әншілердің, актерлердің, музыканттардың деңгейі айтарлықтай өсіпті. Бірнеше мамандықты қоса меңгерген дарынды жандар көбейіпті. Мұндағы әртістер Италиямен жақсы байланыс орнатты. Олардың тәжірибе жинақтағандары көрінеді, бірнеше тілді меңгерген. Өз рөлдеріне тыңғылықты дайындалады. Жап-жас труппада сайдың тасындай өрендер өнер көрсетеді.

Әңгімелескен  
**Қарашаш ТОҚСАНБАЙ,**  
«Егемен Қазақстан»

Суреттерді түсірген  
**Ерлан ОМАРОВ,**  
«Егемен Қазақстан»



Назерке  
ЖҰМАБАЙ,  
өнертану  
ғылымдарының  
магистрі



## Зиялы қауымды театрдан көргім келеді

Француздың әйгілі жазушысы Виктор Гюго өз заманында үнемі театрға барып тұрады екен. Сонда театрға көрерменнің жартысы спектакль деп келеді, келесі бөлігі Гюгоны көру үшін келеді емес. Ондай үрдіс XX ғасырдың орта шенінде қазақ театр мәдениетінде де кеңінен қалыптасты.

Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов, Сәбит Мұқанов, Ғабиден Мұстафин, Әбділда Тәжібаев, Сәкен Жүнісов, Әлжаппар Әбішев сынды драматургия дүлдүлдері жаңа қойылым болса, үнемі театрдың төрінен табылды. Спектакльді талқылап, қызу пікірталасты жандандырып, өнер тағдырына бейжай қарамайтындықтарын солай білдіріп-көрсетісіпті. Қарапайым оқырман, көрермен сүйікті қаламгер-жазушыларымен театрда жүздесетін болған. Бұған бір ғана мысал: 1940 жылы режиссер Асқар Токпанов сахналаған «Абай» трагедиясының тандалып алынып, үлкен жанышырлығы дәлел бола алады. Соның нәтижесінде қойылым өз жемісін берді. «Абай» – өз дәуірінің ұлы оқиғасы болды. Қызу пікірталас пен жаңалықтың өзегіне айналды. Сөйтіп, көрерменді қызықтырды. Көпшілік театрға қарай ағылды.

Кейінірек бұл дәстүрді белгілі театр сыншысы Әшірбек Сығай жалғады. Қасына жұбайын ертіп, алшаң басып көрермен залына енгенде, театр дүр сілкінгендей болушы еді. Тұлғаның театрға кіріп-шығуының өзі үлкен тәрбие болатын.

Қазір де театрдағы сол бір тектіліктің ұшқынын сезініп қаламын ба деп, әр премьерасын, еліміздің өзге қалаларын айтпағанда, жолым жиі түсетін Астана мен Алматы театрларының көрермен залын бір шолып өтемін. Бірақ, қара көрсетіп қалар зиялыларымыз некен-саяқ. Арнайы шақыру қағазын жіберіп жатсаң да, селт ете қоятыны аз. Өте аз!

...Осыдан біраз уақыт бұрын елімізде ұйымдастырылатын жақсы бір фестивальда жақсы бір сыншы ағамызбен сөйлесіп қалдық. Сәйкестік пе, кездейсоқтық па, білемді. Бірақ, дәл сол фестивальда кілен заманауи төл драматургтеріміздің пьесалары сахналанды. Сондағы бір таңғалғаным – біздің драматург, қаламгерлер бір-бірінің қойылымын тамашаламайты көрінеді. Әрқайсысы өзінің пьесасы негізінде сахналанған спектакльге келіп, төбе көрсетіп кетеді. Қалған қойылымның деңгейі, замандастарының қалам қарымы өз шығармашылығына қатыссыздай, бейтарап қалуды жөн санайтын жазушылар көп. Театр мен зиялы қауым арасында рухани-шығармашылық байланыс жоқтың қасы. Өзінің жақсы араласатын дос, танысының қойылымында көрініп, көз қуантып кететін болмаса, қалған уақытта бейтарап. Театр, автор, көрермен арасында осындай жансыз қарым-қатынас жүріп жатыр, өкінішке қарай.

«Сен білесің бе, жылына қанша драматургиялық шығарма өмірге келетінін? Бірақ, жарқ ете қалғаны, жаңалық тудырғаны аз. «Драматургия жазылмайды» деп көз жасымызды көл қылмаыз сосын. Оның бірден-бір себебі – өзіміздің бізміз. Бүгінгі қаламгерлердің ішкі эгосы басым. Өзінен басқа биікті көргісі, мойындағысы келмейді. Кім немен тыныстап жатқанын білуге құлықсыз. Қарапайым театрға келіп, қойылым тамашалап, бүгінгі көрерменнің неге қызығатынын, немен тыныстайтынын зерттеп, сараптауда тым еңжар. Осыдан кейін заман дертін дөп басар өткір шығарма қайдан тусын?! Сосын амалсыз Шекспир мен Мольберді жағалаймыз. Салдары – бүгінгі драматургияның кежегесін кейін тартып тұр» деп жауап берді сыншы ағамыз бұл жағдайға. Әбден мүмкін!

Егер театрдан алыстау салада жүрсем, бәлкім, қарсы дәйектерімді де тізбелеп шығар ма едім. Бірақ, өз көзіммен көріп жүрген жайттар болғаннан кейін, түйткілдің төркінін сыншы ағамыздың жауабымен байланыстырдым. Қысын бар себебі.

Ал мен қазақ қоғамының зиялы қауымын театрдан көргім келеді. Ешқандай шақырусыз, ешбір себепсіз, көрермен залының төрінен жолықтырсам деймін. Арғысы – даңышпан Гюго, бергісі – ұлы Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов салған соны үрдістің үзілмегенін қалаймын. Бұл – театрдың шығармашылық атмосферасына үлкен салмақ берер еді. Көрермендер де бұрынғыдай немқұрайлы емес, өзін рухани тәрбиелеп, іштей дайындыппен келер еді. Жай ғана қойылым тамашалап қайтпай, ертен аңыз ғып айтар тарихи сәттің атмосферасын түзіп, یرгетасын қалар едік бәріміз сөйтіп. «Театр – тәрбиенің кілті» десек, сол тәрбиені Сіз бен біз – бәріміз бірлесе түзетінімізді естен шығармасaq дейміз.

Театрға келіп, ішкі әлемінде ұлы төңкеріс жасап, толқып, толғанып қайтар көрермендеріміз көбейіп жатса, қанеки!?



## I МЕРЕЙ

Әлемге әйгілі жүйрік, Еуропа кубогының жеңімпазы, Кеңес Одағының бірнеше мәрте чемпионы әрі рекордшысы, КСРО-ның еңбек сіңірген спорт шебері Әмин ТҰЯКОВ сексенін сегінге шықты. «Егемен Қазақстан» газеті мерейтой иесін құттықтай отырып, оқырман назарына төмендегі сұхбатты ұсынады.

# «Бапкері келіссе, қазақтың баласы ешкімге есе жібермейді»

– Аға, өмір жүйрік аттай зулап барды. Тізгің бермес тірліктің кейбір шуақты сәттерін қайта жаңғыртып көрсек.

– Е, інім, тағдырға ризамын. Өмір жолыма саралай қарасам, Алланың нығметіне бөленген пенденің бірі болып-пын. Соқтықпалы-соқпақсыз күндердің бәрін сәтсіздік деу қате шығар. Шыңдалып, ширығу үшін ол да керек. Кеше, 90-жылдардың басында елеусіздеу, көптің бірі ретінде қоңырқай ғана тірлік көшіп жүр едім. Тағдырдың жазуымен сол кездегі Спорт министрі Қаратай Тұрысов аға камқорлығына алды. «Сенің қатардағы бапкер болып жүргенің жараспайды», деп әй-шайға қаратпай жеңіл атлетикадан Қазақстан құрамасының бас жаттықтырушысы қызметіне тағайындалды. «Қажымұқан» қоры аясында өздері ұйымдастырған кешке әдейі келіп, менің экранда жаңғырған жеңісіме көзіне жас алып қуанды. Талай министрмен дәмдес, үзенгілес болдық. Қазағының жеңісіне жылаған министрлер тым сирек.

– Қазақ спорт журналистикасының негізін қалаған Сейдахмет Бердіқұлов ағаның да сіз дегенде көңілі алаботен еді...

– Сейдаған болмысы бөлек азамат еді ғой. Дәл сол кісі тәрізді спорт тақырыбын мөлдіретіп, төгілдіріп жазған кім бар?! Ол – кісі қазақтың намысы үшін туған адам. Әлі есімде, Қашаған жыраудың мерейтойына Маңғыстауға бірге бардық. Жергілікті шекпенділер зыр жүгіріп жүр. Дастарқанның ең төріне Сейдағанды шығарды. Сонда Сейдаған бөлек әкімі Новиковка және жерлестеріме қаратып: «Сіздердің әлпештеп, аялап күтетін адамдарың мына Әмин Тұяков. Осы өңірде өсіп-өніп, барша қазақтың мақтанышына айналды. Біле білсеңдер, төр Әминдікі еді», деді шынайы көңілден. Міне, қарағым, тағдырдың алқауымен осындай ағалардың ықыласына бөлендім. «Әр қазақ – менің жалғызым» деген сөз бар емес пе? Алатаудың бөктерінде дүниеге келген Сейдаған сонау Каспийдің жағасында кіндік қаны тамған мені туған бауырынан кем көрген жоқ.

– Аға, әңгіме желісі сіздің ғажап жеңістеріңізді өз жеңісінен кем көрмеген, керек десеніз, сіз топ жарған кездерді өмірінің шуақты сәтіне балайтын ел ағаларына қатысты өрбіп жатыр. «Жақсы ат аяқтан қалады» демекші, сіздің қос жамбасыңыз сырқыраған кезде Шерағам, елге қадірлі Шерхан Мұртаза құзырлы орындарға хат жазып, шыр-пыр болды дегенді естиміз.

– Иә, ондай жағдай бастан өтті. Дәулескер күйші Қаршыға Ахмедияров менің аяқтан қала бастағанымды естіп, облыс басшыларына, белді ұйымдарға хат жазайық, деп ұсыныс тастады. Мен бас тарттым. Ол айтқанынан қайтпай, Шерхан ағаға, Жоғары спорт мектебінің директоры Асқар Асубаевқа, ұзақ жыл Алматы сәулет-құрылыс институтын басқарған Павел Атрушкевичке қол қойғызып, біраз жерге жолдады. Соның нәтижесінде «Қазмұнайгаз» компаниясының президенті Нұрлан Балғымбаев қолұшын созды. Содан 2000 жылы Бейжіңде екі жамбасыма бірдей ота жасалды. Сол сапарда Қазақстанның Қытайдағы елшісі болған Қуаныш Сұлтанов көп жәрдем берді. Ол кісіге тілектес інім Көбес Ақылбаев хабарласқан екен. Сұлтановтың тікелей тапсырмасымен елшіліктің жігіттері күн құрғатпай келіп тұрды. Қуаныштың өзі арнайы қойын сойып, зайыбымен бірге келіп кетті. Мен сол жақта емделіп жатқанда Әбіш Кекілбаев елшілікке «Бейжіңдегі ауруханада Әмин Тұяков жатыр», деп жеделхат жолдапты. Жат жерде бауырлардың демеуі бөлек болады екен. Осы азаматтардың бәріне алғысым шексіз.

– Сіздің әдебиетке де құмар екеніңізді жақсы білеміз.

– Әдебиетке деген махаббат бала кезден, әжем Мақпалдың бауырында алансыз еркелеген күндерден басталды. Әжем Мақпал, Мүлікбай атам нағыз дала философы еді ғой. Маған «Қобыланды», «Едіге батыр», «Ер Тарғын» жырларын оқытқызып, соңынан өздері сол тақырыпта әңгіме өрбітіп, батырлық, ерлік, адамгершілік жағына тереңдете ой жүгіртіп жататын. Мен қатты тан қалушы едім.

Соғыстың алдында латын алфавиті қолданылды ғой. Мен мектепке бармастан бұрын латын әріптерін үйреніп алғанмын. Әжем үйретті. Зеректеуімін, тез қағып аламын. Біраз кисса-дастандарды жатқа соғатынымын. Қазір бәрі ұмытылды ғой. Ауыз әдебиетіне біршама құмар болдым. Есейе келе Сәбит Мұқановтың «Жұмбақ жалауын», Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Қурляндиясын» беріле оқыдым. Содан бастап қолым қалт етсе, кітап оқу әдетке айналды.

Маршал Әбдіхалыков, Әкім Тарази,

Мұхтар Мағауин, Қалихан Ысқаков, Оралхан Бөкеев, Сәтімжан Санбаев, Сайын Мұратбеков, Төлен Әбдікөвтердің шығармалары жанымға жақын. Сейдахмет Бердіқұловтың «Арбаған мені бір сиқыр» кітабы қандай, шіркін! Ол кісінің Жақсылық Үшкөмпіров Олимпиада чемпионы атанған сәттегі әңгімесі керемет әсерлі. Ал Серік Қонақбаевқа Олимпиада алтыны бұйырмаған оқиғаға «Соңынан қос ат мініп қусам ба екен?» деп тақырып қойыпты.

Әбіш Кекілбаевтың шығармашылығына жалғыз мен емес, жүз мыңдаған оқырман тәнті болды. Әдебиет туралы әлі біраз әңгіме айтуға болады. Осы жерден түйіндейін.

– Қазақ киносы мен театрының ақтангері Асанәлі Әшімовпен, басқа да белгілі өнер санлақтарымен сыйласып келесіз. Бүгін дегеніңіз, желаяқ Тұяковтың өнерге де таласы бар дегенді білдіре ме?

– Біздің қатарда өнерге, театрға әуестік күшті болды. Актерлерге деген құрмет тіпті бөлек еді. Көбі өзімізбен тұста, замандас болды. Сол құрметтің бір белгісі ғой, өзім әскер қатарында жүрсем де қисынын тауып, Алматыдан Мәскеуге келген Асанәлі Әшімов, Әнуарбек Молдабеков, Райымбек Сейтметов бар, бір топ өнерпазды Мәскеудің ең үлкен мейрамханасына қонаққа шақырып, жақынырақ танысқан едім. Кейіннен бәрімен жақсы сыйласып, етене араласып кеттік. Театрдағы жаңа қойылымдарды жібермей көретінбіз. Актерлардың ішінен, әсіресе, Әнуарбек Молдабековті керемет жақсы көрдім. Өттең, оның ғұмыры қысқа болды. Нұрмұхан Жантөринмен де жақсы сыйластық. Ал Асанәлі екеуміз талай спектакльге бірге бардық. Отбасымызбен араластық. Жалпы, өнер адамдарында ұлттық мүдде, патриоттық сезім күшті болады. Олармен жақын араласқан са-йын рухани жағынан кемелдене түссейің.



– Аға, енді балалық шақты бір еске алсақ, қозы баққан, жер түбіндегі мектепке жаяу барған күндер әлі көмескі тарта қоймаған шығар.

– Біздің балалық шақ ер-азаматтың бәрі майданға кеткен соғыс жылдарына дәл келді ғой. Әкемің қалай соғысқа аттанғанын да білмеймін.

Жастайымыздан қозы бақтық. Кішкентайымнан алғыр болдым, сол кезде отыз шақты қойдың қанша қозысы бар, бәрін жатқа біліп, ежелері қайсы, қозысы қайсы екенін белгі, таңбасыз-қазы ажырата беретінмін. Кейбір сауықтардың өз қозысын емізбей, бауырына жолатпай тұратыны болады. Сондайда үлкендер күмәнданып жатқанда мен «жөк, мына қойдың қозысы мынау», деп тап басып танытынмын. Қаршадайымыздан мал арасында, қозының соңында өсетің. Ата кесітің бізге бергені көп болды. Шыңдалдық, көп нәрсені көңілге түйдік.

Мектепке қыста төрт-бес, жазда жеті-сегіз шақырым жерден баратын едік. Ол кезде біздің жатқа арба-шана деген мүлде жоқ. Мүмкін, менің спортқа бейім болуыма осы жағдайлар себеп болған шығар. Мектепке бара жатқан жолда үйден ала шыққан торсыққа, қарынға құйылған айран, көжені ыңғайлы жерге көміп кетеміз. Қайтарда сол тығып кеткен тамақты ішіп, жүрек жалғаймыз.



Мектептен шаршап, кеш шығамыз. Әлі есімде, кейде жалғыз қайтамын. Қараңғы түсіп кеткенде екі құлағымды қолыммен басып, безілдей жүгіріп, жылап келе жатамын. «Әкем қасымызда болса, бұлай жүрмейтін едім ғой», деп қатты қамығатын едім. Сөйтіп жүріп, ерте есейдік. Өмірдің өзі шарболаттай шындалды.

– Әмин аға, сіздің 100 метрі 10,2 секунда артқа тастап, КСРО рекордын қайталағаныңызға және 200 метрде 20,6 секунд нәтижемен Кеңес Одағының тоғыз жыл бұзылмай тұрған рекордын жаңғыртқаныңызға алдағы жазда 52 жыл толады. Жарты ғасырдан бері Ғұсман Қосанов екеуіңіздей бір қазақ жүйрігін көрмедік. Неге осындай күйге түстіңіз?

– Інім, бұл – талайдан бері айтылып келе жатқан проблема. Егер боз-бала кезімде Гурьевке (қазіргі Атырау) Анжелика Куликова есімді бапкер келмегенде, менің атақты желаяқ болуым екіталай еді. Куликова бізді баптай бастаған кезде талай жаттықтырушы: «Мына қортығыңнан түк шықпайды», депті. Ал менің бойым жеңіл атлетиканың өлшеміне (172 см) сай келе қоймайды. Куликова олардың сөзіне құлақ асқан жоқ. Куликовадан кейін Мәскеуде ЦСКА-ның білікті жаттықтырушысы Борис Токаревтің қарамағына көштім. Мұны маған деген тағдырдың сыйы деп білемін.

Ғұсман да Молдавияда әскер қатарында жүріп, жақсы мамандарға жолықты. Кейін екеуміз Мәскеудегі мықты жаттықтырушылардың қол астында жаттыға бастадық. Егер баптауы келіссе, нақты әрі жүйелі дайындық болса, қазақ балалары ешкімнен кем емес.

– Ғұсман Қосановты Мәскеуден Алматыға көшіріп алған ұлт спортының жанажыры, сол тұста республика спортын басқарған Қаркен Ахметов екенін көпшілік біле бермейді. Осы жағдай туралы айта кетсеңіз.



## Ресейліктер біздің тәжірибемізге сүйенеді

Универсиада кезіндегі қаладағы тәртіп пен қауіпсіздік шараларының жақсы ұйымдастырылуы, тамақтандыру жүйесінің сапасы, еріктілер қауымының белсенділігі сынды бірқатар шаралар қонақтар назарын аударды. Бұл турасында Универсиада-2017 дирекциясының жетекшісі Наиль Нұров былай деді: «Аталған шараны өткізу барысында қашықтықтан басқару әдісі қолданылды. Мұндай әдіс тек ірі іс-шараларда ғана қолданылады. Бұл үшін Қазақстан Республикасы Президенті күзетінің қызметкерлері бақылау жүргізетін арнайы орындар жабдықталды. Қала мен облыс аумағындағы тәртіп сақшылары мен құқық қорғау қызметкерлерінің жұмысы күшейтілді».

Жоғарыда айтылған қауіпсіздік жұмыстары мен басқа да ұйымдастыру шаралары Красноярскіден келген делегацияны да бейжай қалдырған жоқ. «Біз Алматыға тәжірибе жинау мақсатында келдік. Көргеніміз бен түйгеніміз көп болды. Универсиаданы жоғарғы деңгейде өткіздініздер. Алматыда жаңадан бой көтерген спорттық кешендер ғана емес, жана тұрғын үй аудандарының құрылысы, сондай-ақ, қаланы абаттандыру шараларының оң жолға қойылуы бізді тәнті етті. Қазақ халқы – қашан да барын қонағының алдына тосатын қонақжай халық. Ұйымдастырушылар ғана емес, жарысты тамашалауға келген қала мен аймақ тұрғындары да қазақстандықтардың спортқа деген қызығушылығының зор екенін көрсетті. Осыларды ескере келе, алдағы Универсиаданы өткізу дайындығы кезінде сіздердің тәжірибелеріңізге сүйенеміз. Тек ірі шығындарды

есептегенде Красноярскідегі Универсиаданы өткізуге шамамен бір миллиард доллар қаржы жұмсау жоспарланып отыр», – деді Красноярск қаласының басшысы Эдхам Акбулатов.

Краснояр өлкесі үкіметінің төрағасы Виктор Тобенканың сөзіне сүйенсек, студенттердің қысқы Универсиадасына дайындық жұмыстары қарқынды түрде жүргізіліп жатқан көрінеді. «Тұрғын үйлердің құрылысына келер болсақ, жана нысандар салынуы мүмкін немесе бұрынғыларды қайта жөндеуден өткізетін боламыз», – деп атап өтті ресейлік мейман.

Сонымен қатар, красноярлық делегация алматылық кәсіпкерлермен кездесіп, екі жақты ынтымақтастықты дамыту мәселелерін талқылады. Алматылық кәсіпкерлер азық-түлік тауарлары мен өнеркәсіп өнімдерін Краснояр өлкесіне жеткізіп, қазақстандық өнімдердің сол жерде молынан таралуына ниетті екендіктерін жеткізді.

Айта кетейік, 2016 жылдың қорытындысы бойынша, Қазақстан мен Краснояр өлкесінің арасындағы тауар айналымы 2,5 есеге артқан. Әсіресе, жоғары технологиялық өнімдердің экспорттық тауар жеткізілімі айтарлықтай өскен.

Қазақстанның халықаралық аренадағы беделін көтеріп, даңқын аспандатқан XXVIII Дүниежүзілік қысқы Универсиада жайлы өзге ел өкілдерінің білдірген жылы лебіздері біздің мерейімізді өсіре түсетінін айта кеткеннің артығы жоқ.

Арман ОКТАБРЬ,  
журналист

АЛМАТЫ

## «Кореяның Қазақстаннан үйренері көп»

Алматыда өткен қысқы Универсиадаға 54 елден 2 мыңнан астам спортшы, алыс-жақын шет елдерден мыңдаған жанкүйер келгені белгілі. Солардың арасында жерлестеріне қолдау көрсеткен оңтүстіккореялық Ким Санг УК те бар.

– Ким Санг мырза, алдымен өзіңіз жайлы айтып өтсеңіз.

– Мен – Сеул қаласының тумасымын. Қазір уақытша Алматыда Кореяның консулдығында қызмет атқарамын. Сонымен қатар, корейлық «Коре ильбо» газетінің Алматыдағы бөлімшесін басқарып отырмын. Зайыбым, қызым үшеуміз Универсиада туралы газетімізге мақалалар жазып, суретке түсіріп, жарияладық.

– Келер жылы қысқы Олимпиада сіздің елде өтеді. Осыған байланысты Сеулден Алматыға арнайы делегаттар келген болар?

– Әрине, жерлестерім келіп, біраз тәжірибе жинақтап кетті. Ашылу салтанатынан жасалған театрландырылған көріністі тамашалады. Біздің елдің тарихы да әріде жатыр ғой. Сол жағынан олар көп ойлады. Мен Қазақстанның бірнеше қаласын аралағанымды, сіздер туралы білгендерімді айттым. Қонақжай халық екендеріңізді көрді. Қауіпсіздік шарасы, жанкүйерлердің стадионға қалай кіріп, қалай шығып жатқаны, спортшыларға қолдау білдіру үшін қосымша атрибуттардың таратылуы секілді ұсақ-түйек мәселелерді де қаперіне алған ұйымдастырушыларға біздің азаматтар тәнті болды. Тіпті, тазалық жағы да ескерілген. Мысал ретінде айтайын, қонақтар Кореядан келгенде Алматыда қалың қар жауып тұрған еді. Мұншама қарды тазалау проблема тудыратын деп ойласа керек, жерлестерім нағарың көшеге шыққанда: «Ким Санг, кешегі қардың барлығы қайда кеткен?», деп танданыстарын жасыра алмады. Мен көлік қозғалысына кедергі болмауы үшін тазалыққа жауап беретін адамдар түн бойы жұмыс істегенін айттым. Тізбектей берсем, осындай мысалдар көп. Бір сөзбен айтқанда, ұйымдастыру жағынан Кореяның Қазақстаннан үйренері көп.

– Кардемекші, қыста ауа райының температурасы нөлден жоғары болатын Корея үшін келер жылы Олимпиаданы өткізу қиынға соқпай ма?

– Шыны керек, Қазақстан табиғи байлығы жағынан да, ауа райы тұрғысынан да проблемасы жоқ ел дер едім. Біз бұл жағынан мақтана алмаймыз.



Бірақ қазір техника заманы емес пе? Жасанды қар деген болады. Егер қар жетпей жатса, су құйсаң, оны екінші жағынан қар етіп шығаратын аппарат бар, соны пайдалануға болады. Бірақ, ол табиғи қарға жетпейтіні тағы бар. Соған қарамастан, барлығы ойдағыдай болады деп сенемін.

– Соңғы кезде Корея спортшылары жазғы және қысқы Олимпиадаларда үнемі үздік ондықтан көрінуде. Бүгінгі Универсиадада үздік үштікке кірді. Мұндай жетістікке қалай жеттіңіздер?

– Корея спорты қарқынды дамымаса да, өз деңгейінде деуге болады. Әсіресе, конькишілер мен шорт-трекшілерді ауыз толтырып айтуға болады. Қысқы Универсиадада осы екі спорт түрлерінен жерлестеріміз 11 алтын, 5 күміс және 5 қола медаль еншіледі. Соның арқасында бейресми командалық есепте үшінші орын алдық. Шорт-тректен көптеген корей спортшысы мен бапкері өзге елдерде жүр. Ресейге Олимпиадада үш алтын алып берген Виктор Ан да уақытында біздің елдің атынан сынға түсіп, Олимпиада чемпионы болған. Сіздердің құрамаларыңызға да біздің елден бір қыз келді.

– Спорт басшыларының шорт-тректен қыздар командасын күшейту үшін жасаған амалы болуы керек.

– Әрине, оған таласым жоқ. Федерацияларыңыздың мұндай қадамға баруының бірден-бір себебі – халықаралық жарыстарда нәтиже көрсету. Сол арқылы бұл спортты халыққа кеңінен таныта алатынын түсініп отыр. Өкінішке қарай, Универсиадада Ким Енг А бесінші орын алып, биік тұғырдан көріне алмады. Ал командалық сайыста қыздарыңыз жарады. Азулы Жапония құрамасын артқа тастап, қала жүлдеге қол жеткізді. Бастамасы жаман емес.

– Әңгімеңізге рахмет.

Әңгімелескен  
Алмас МАНАП,  
«Егемен Қазақстан»

АЛМАТЫ



Әңгімелескен  
Қыдырбек РЫСБЕК

АСТАНА

## Әкімшілік заңнама ізгілендіріледі

«Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы әзірленді. Құжатта әкімшілік құқық бұзушылықтың 150-ден аса құрамы бойынша айыппұл санкциясының мөлшерін азайту, ескерту түріндегі әкімшілік жазалардың баптарын көбейту ұсынылған. Кеше Астанадағы «Қазмедиа орталығының» киноконцерт залында өткен Әділет министрлігінің кеңейтілген алқа отырысында ведомство басшысы Марат Бекетаев осылай деді.



Айдар ӨРИСБАЕВ, «Егемен Қазақстан»

Оның айтуынша, Әділет министрлігі Елбасының мемлекеттік қызмет көрсету процесін оңтайландыру бойынша тапсырмаларын жоспарлы түрде орындауды көздеп отыр. Сондай-ақ, жылжымайтын

мүлікке құқықтарды тіркеу салсындағы мемлекеттік қызметтерді оңтайландыру мақсатында оларды «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының құзыретіне беру жоспарланған.

«Бұл өзгерістер мемлекеттік қызмет көрсетуді автоматтандыру және жылжымайтын мүлікке

құқықтардың электрондық архивін жасау процесін айтарлықтай жеделдетеді», деді министр. Сондай-ақ, ол Мемлекет басшысының Жолдауында әкімшілік және қылмыстық заңнаманы ізгілендіру қажеттілігіне назар аударылғанын атап өтті.

«Әкімшілік айыппұлдың мөлшері әділетті болуы тиіс. Бүгінгі таңда министрлік мүдделі мемлекеттік органдармен, үкіметтік емес ұйымдармен және «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесе отырып, «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын әзірледі», деп мәлімдеді М.Бекетаев. – Аталған заң жобасында әкімшілік құқық бұзушылықтың 150-ден аса құрамы бойынша айыппұл санкциясының мөлшерін азайту, ескерту түріндегі әкімшілік жазалардың баптарын көбейту, судьяға, органға жеңілдетуді қарастыратын мән-жағдай анықталған кезде лауазымды және заңды тұлғаларға қатысты әкімшілік айыппұл сомасын 30 пайызға дейін қысқартуға мүмкіндік беретін нормаларды қолдану, тоқтата тұруға негіз болып табылатын құқық бұзушылықтар жойылған кезде рұқсат беру әрекетін мерзімінен бұрын қайта жаңғырту тәртібін регламенттеу ұсынылған».

## Компанияға айыппұл салынды

Дастан КЕНЖАЛИН, «Егемен Қазақстан»

Орталық коммуникациялар қызметінде Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті төрағасының орынбасары Рүстем Ахметов «СК-Фармация» ЖШС-ның монополияға қарсы заңнаманы бұзғанына қатысты түсінік берді. – Жакында еліміздің монополияға қарсы органы «СК-Фармация» ЖШС-ның монополиялық жағдайды теріс пайдаланғанын анықтады. Бұл компания тегін медициналық көмектің берілген кепілдік көлемі шеңберінде дәрілік заттарды сатып алу және халықты дәрімен қамтамасыз ету бойынша бірыңғай дистрибуиторы болып саналады. 2010-2015 жылдар аралығы кезеңінде «СК-Фармация» ЖШС дәрілік заттарды сақтау және тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтердің сатып алынуын бірыңғай лотпен заңсыз сатып алғаны анықталды. Осыған байланысты сот компанияға 1,3 млрд теңге әкімшілік айыппұл салды, – деді ол.

## Қозықөрпеш Есімұлы ЖАҢБЫРШИН

2017 жылғы 12 ақпанда Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің төрағасы Жаңбыршин Қозықөрпеш Есімұлы 57 жасқа қараған шағында кенеттен қайтыс болды.

Қ.Е.Жаңбыршин 1960 жылғы 2 шілдеде Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Жарқамыс кентінде дүниеге келген. Оның еңбек жолы 1982 жылы Мәскеу экономика және статистика институтын тәмамдағаннан кейін еліміздің халық шаруашылығы кешенімен тығыз байланысты болды. Республиканың Мемлекеттік жоспарлау комитеті жанындағы ғылыми-зерттеу институтының инженері ретінде қызметтік жолын бастаған ол Экономика жөніндегі мемлекеттік комитеттің бас маманы, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Жоғары экономикалық кеңестің Экономикалық консультациялар кеңесінің консультанты, Мемлекет басшысының экономика мәселелері жөніндегі кеңесшісі, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Экономикалық консультациялар кеңесі төрағасының орынбасары, Еуропа-лық қоғамдастық комиссиясының Қазақстандағы үйлестіру бюросының ұлттық директоры болып табысты еңбек етті.



Алматы қаласы әкімінің орынбасары, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің экономика және қаржы мәселелері жөніндегі орынбасары, еліміздің Қауіпсіздік Кеңесі хатшысының орынбасары лауазымдарында оның жоғары ұйымдастырушылық қабілеті мен кәсіби шеберлігі жарқырай көрінді.

Мемлекет басшысының Жарлығымен 2014 жылғы 15 қаңтарда Қ.Е.Жаңбыршин Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің төрағасы болып тағайындалды. Ол мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылаудың отандық жүйесін жетілдіруге және дамытуға зор үлес қосты.

Жүктелген міндеттерді атқарудағы мол тәжірибесі, білімі мен зор жауапкершілігі арқылы ол қоғамда лайықты бедел мен құрметке ие болды.

Оның еңбегі жоғары бағаланып, мемлекеттік наградалармен – III дәрежелі «Барыс» және «Құрмет» ордендерімен, көптеген медальмен марапатталды.

Қозықөрпеш Есімұлы Жаңбыршиннің жарқын бейнесі әрдайым жүрегімізде сақталады.

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті

## Анатолий Степанович ГУРСКИЙ

73-ке қараған шағында «Қазақстан-кая правда» РГ» АҚ-тың алғашқы президенті, белгілі қазақстандық журналист Анатолий Степанович Гурскийдің жүрегі соғуын тоқтатты.



қызметтер атқарып, 1994 жылдың күзінде «Вести Казахстана» парламенттік газетінің бас редакторы болды.

1996 жылдың наурызында Президент өкімімен Қазақстанның баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігі төрағасының орынбасары болып тағайындалды.

1999 жылдың наурызында республикалық «Қазақстанская правда» газетінің басшысы лауазымына тағайындалды.

Ол он бес кітаптың, республикалық және жергілікті БАҚ-тарда жарияланған 3500-ден астам мақаланың авторы. «Шабыт-2001» халықаралық байқауы журналистік қазылар алқасының төрағасы, Президент жанындағы ҚР Ұлттық кеңесінің мүшесі болды. Әріптесіміздің жарқын бейнесі мәңгілік есімizde.

«Егемен Қазақстан» газетінің ұжымы

**Түзету**  
«Егемен Қазақстан» газетінің 2017 жылғы 10 ақпан күнгі №29 санында жарияланған Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат Комитеті Қазақстан Республикасының 2017 жылға заңнамалық актілерді ресми жариялау құқығын алуға мерзімді баспа басшылары арасында конкурс өткізетіні туралы хабарландырудың 3 және 4-зат жолындағы мына сөйлемдер:  
«Конвертке салынып, мөрмен бекітілген конкурс құжаттарын қабылдау 2017 жылғы 10 наурызға сағат 17.00-ге дейін жүргізіледі.  
Конкурсқа қатысуға өтінім конверттерінің ашылуы 2017 жылғы 14 наурызда сағат 16.00-де өтеді» деп түзетіліп оқылсын.

Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің төрағасы **Қозықөрпеш Есімұлы ЖАҢБЫРШИН**нің мезгілсіз қайтыс болуына байланысты оның отбасы мен туған-туысқандарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің басшылығы мен депутаттары Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің төрағасы **Қозықөрпеш Есімұлы ЖАҢБЫРШИН**нің қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының басшылығы, судьялары мен аппараты Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің төрағасы **Қозықөрпеш Есімұлы ЖАҢБЫРШИН**нің мезгілсіз қайтуына байланысты қайғысына ортақтасып, туған-туысқандарына көңіл айтады.

«Нұр Отан» партиясының Орталық аппараты Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің басшысы **Қозықөрпеш ЖАҢБЫРШИН**нің қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

«Егемен Қазақстан» газетінің ұжымы Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің төрағасы **Қозықөрпеш Есімұлы ЖАҢБЫРШИН**нің қайтыс болуына байланысты отбасына және туған-туыстарына олардың қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

«Егемен Қазақстан» газетінің ұжымы газет қызметкері Ұларбек Нұрғалымұлына әкесі **НУРҒАЛЫМЫН** қайтыс болуына байланысты орны толмас қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ұжымы ардагер-ұстаз, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор **Садуақас Ерматулы ЕРМАТОВТЫН** қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен ағайын-туыстарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ұжымы орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы Қарлығаш Бұзаубағароваға жабайы **Қаскен Жаңғазұлы БАЙСАЛБАЕВТЫН** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

## Абай атындағы Қазак ұлттық педагогикалық университеті профессор-оқытушылық құрамы лауазымына конкурс жариялайды

| Педагогика және психология институты бойынша:                        |                                                                                                                                           |
|----------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Мектепке дейінгі білім беру және әлеуметтік педагогика кафедрасы     | ғылым кандидаты, аға оқытушы – 1 аға оқытушы – 2                                                                                          |
| Жалпы және қолданбалы психология кафедрасы                           | ғылым кандидаты, аға оқытушы – 2 аға оқытушы – 2                                                                                          |
| Арнайы білім беру кафедрасы                                          | ғылым кандидаты, доцент – 1 ғылым кандидаты, аға оқытушы – 1 аға оқытушы – 3                                                              |
| Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі кафедрасы               | ғылым кандидаты, доцент – 2 аға оқытушы – 1                                                                                               |
| Педагогика және психология кафедрасы                                 | ғылым кандидаты, доцент – 1 аға оқытушы – 2                                                                                               |
| Жаратылыстану және география институты бойынша:                      |                                                                                                                                           |
| Қазақстан географиясы және экология кафедрасы                        | ғылым кандидаты, доцент – 2 аға оқытушы – 1                                                                                               |
| Анатомия, физиология, зоология және тіршілік қауіпсіздігі кафедрасы  | ғылым кандидаты, доцент – 1 аға оқытушы – 1                                                                                               |
| Елтану және туризм кафедрасы                                         | ғылым кандидаты, аға оқытушы – 1 ғылым кандидаты, доцент – 1 аға оқытушы – 2                                                              |
| Химия кафедрасы                                                      | ғылым кандидаты, доцент – 3 аға оқытушы – 1                                                                                               |
| Жаратылыстану пәндерін оқыту технологиясы кафедрасы                  | аға оқытушы – 2                                                                                                                           |
| Ботаника және жалпы биология кафедрасы                               | аға оқытушы – 2                                                                                                                           |
| Филология және көптілді білім беру институты бойынша:                |                                                                                                                                           |
| Қазақ тілі мен әдістемесі кафедрасы                                  | ғылым докторы, доцент – 1 ғылым кандидаты, доцент – 1 аға оқытушы – 1                                                                     |
| Жалпы тіл білімі кафедрасы                                           | ғылым кандидаты, доцент – 1 аға оқытушы – 1                                                                                               |
| Орыс тілі мен әдебиеті кафедрасы                                     | ғылым докторы, профессор – 1 ғылым кандидаты, доцент – 2 ғылым кандидаты, аға оқытушы – 2                                                 |
| Филологиялық пәндерді оқыту әдістемесі кафедрасы                     | ғылым кандидаты, доцент – 3 ғылым кандидаты, аға оқытушы – 2 аға оқытушы – 1                                                              |
| Кәсіби шетел тілі коммуникациясы кафедрасы                           | ғылым кандидаты, аға оқытушы – 3 аға оқытушы – 1                                                                                          |
| Шығыс тілдері және аударма кафедрасы                                 | ғылым кандидаты, доцент – 1 аға оқытушы – 1                                                                                               |
| Өнер, мәдениет және спорт институты бойынша:                         |                                                                                                                                           |
| Шығармашылық мамандықтар кафедрасы                                   | ғылым кандидаты, доцент – 1 аға оқытушы – 2                                                                                               |
| Бейнелеу өнері және сәндік колөнер теориясы мен әдістемесі кафедрасы | аға оқытушы – 1                                                                                                                           |
| Музыкалық білім және хореография кафедрасы                           | ғылым кандидаты, доцент – 1 аға оқытушы – 2                                                                                               |
| Педагог ұйымдастырушы және бастапқы әскери дайындық кафедрасы        | аға оқытушы – 1                                                                                                                           |
| Тарих және құқық институты бойынша:                                  |                                                                                                                                           |
| Мемлекеттік және азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасы                 | аға оқытушы – 1                                                                                                                           |
| Қылмыстық құқықтық пәндер кафедрасы                                  | ғылым кандидаты, аға оқытушы – 1 аға оқытушы – 1                                                                                          |
| Академик Т.С.Садықов атындағы Қазақстан тарихы кафедрасы             | ғылым кандидаты, доцент – 2 ғылым кандидаты, аға оқытушы – 1                                                                              |
| Әлем тарихы кафедрасы                                                | Ғылым кандидаты, доцент – 1 аға оқытушы – 1                                                                                               |
| Тарих және қоғамдық пәндерді оқыту әдістемесі кафедрасы              | аға оқытушы -1                                                                                                                            |
| Математика, физика және информатика институты бойынша:               |                                                                                                                                           |
| Математика және математикалық моделдеу кафедрасы                     | ғылым кандидаты, аға оқытушы – 1 аға оқытушы – 1                                                                                          |
| Физика кафедрасы                                                     | ғылым кандидаты, доцент – 1 ғылым кандидаты, аға оқытушы – 1 ғылым кандидаты, доцент – 4 ғылым кандидаты, аға оқытушы – 2 аға оқытушы – 1 |
| Математика, физика және информатиканы оқыту әдістемесі кафедрасы     | ғылым докторы, профессор – 1 ғылым кандидаты, аға оқытушы – 1 аға оқытушы – 1                                                             |
| Сорбонна-Қазақстан институты бойынша:                                |                                                                                                                                           |
| Экономикалық мамандықтар кафедрасы                                   | ғылым кандидаты, аға оқытушы – 1 аға оқытушы – 1                                                                                          |
| Халықаралық қатынастар кафедрасы                                     | аға оқытушы – 1                                                                                                                           |
| Жалпы университеттік кафедралар бойынша:                             |                                                                                                                                           |
| Сауықтыру дене мәдениеті кафедрасы                                   | аға оқытушы – 3                                                                                                                           |
| Педагогика кафедрасы                                                 | ғылым кандидаты, доцент – 1 аға оқытушы – 1                                                                                               |

Өтінішті және құжаттарды мына мекенжайға жіберіңіздер: 050010, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 13, кадр бөлімі, № 103 бөлме. Конкурсқа қатысу үшін өтінішті беру мерзімі конкурс жарияланған күннен бастап 30 күнтізбелік күн.

Анықтама телефондары: 8 (727) 291-18-29, 291-82-57

## Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» ШЖҚ РМК ректорының бос лауазымына кандидат іріктеу үшін конкурс жариялайды

**Конкурс өткізу орны мен күні:** Астана қаласы, Мәңгілік Ел көшесі, 8, Министрліктер үйі, 5-кіреберіс, анықтама телефоны 8 (7172) 74-32-45. **Кәсіпорынның орналасқан жері:** 050008, Алматы қаласы, Төле би көшесі, 88, телефоны (7272) 292-79-37. **Кәсіпорынның негізгі қызметінің қысқаша сипаттамасы:** денсаулық сақтау саласындағы білім беру қызметі.

**Университет қызметінің мақсаты** – ұлттық және жалпыадамдық құндылықтар, ғылыми және тәжірибелік жетістіктер негізінде жеке тұлғаның қалыптасуына, дамуына және кәсіби жетілуіне бағытталған сапалы білім алуға қажетті жағдай жасау.

**Конкурсқа қатысушылар мынадай біліктілік талаптарына сәйкес келуі тиіс:**

- 1) жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім;
- 2) ғылыми дәрежесі;
- 3) білім беру ұйымдарында және/немесе білімді басқару мекемелеріндегі басшылық қызметте кемінде 5 жыл көлеміндегі еңбек өтілі;
- 4) білім беру менеджменті бойынша біліктілікті арттыру курстарын өткендігін растайтын сертификаттың (куәлігінің) болуы;
- 5) мемлекеттік кәсіпорын қызметі саласындағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерін білуі;
- 6) бұрын сыйбалас жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылығының болмауы.

Конкурсқа қатысу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар тұлғалар қабылданбайды.

Конкурсқа осы Қағидалардың 5-тармағында белгіленген талаптарды сақтай отырып, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығымен бекітілген педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары талаптарына сәйкес шетелдік азаматтарды қоса алғанда, барлық ниет білдірген тұлғалар қатыса алады.

**Конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттарды ұсыну қажет:**

- 1) өтініш;
- 2) мемлекеттік және орыс тілдерінде жазылған түйіндеме;
- 3) еркін түрде жазылған өмірбаян;
- 4) білімі туралы құжаттың көшірмесі;
- 5) еңбек кітапшасының көшірмесі немесе еңбек шартының көшірмесі не соңғы жұмыс орнынан жұмысқа қабылданғаны және еңбек шартының тоқтатылғаны туралы бұйрықтардың үзінді көшірмесі;
- 6) жеке куәлігінің көшірмесі;
- 7) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 «Денсаулық сақтау ұйымының алғашқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген нысандағы денсаулық жағдайы туралы анықтама.

Сондай-ақ, кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты және шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындағы дамыту бағдарламасын ұсынуға болады.

**Құжаттар қабылдандыру жарияланған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде мына мекенжайға ұсынылуы тиіс:** Астана қ., Мәңгілік Ел көшесі, 8, Министрліктер үйі, 5-кіреберіс. Анықтама телефоны: 8 (7172) 74-32-45.

**Конкурсқа жіберілген кандидаттар Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінде әңгімелесуден өтеді.**

### ХАБАРЛАМА

2017 жылдың 15 наурызында сағат 12.00-де Атырау қаласы, 3.Қабдолов көшесі, 1 мекенжайындағы «АтМӨЗ» ЖШС-нің орталық әкімшілік ғимаратында (мәжіліс залында) «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС қатысушыларының ашық кезектен тыс жалпы жиыналысы шақырылады.

Қатысушыларды тіркеу 2017 жылдың 15 наурызында сағат 10.45-тен бастап 11.45-ке дейін «АтМӨЗ» ЖШС-нің мәжіліс залында жүргізіледі. «АтМӨЗ» ЖШС-нің орналасқан жері: индексі 060001, Атырау қаласы, 3. Қабдолов көшесі, 1.

Күн тәртібінің мәселелері жөніндегі материалдар танысу үшін «АтМӨЗ» ЖШС-нің әкімшілік бөлімінде ұсынылады. Анықтама телефондары: 8 (7122) 259-699/265.

Қворум болмаған жағдайда, қайталама жиналыстың өткізілуі дәл сол күн тәртібімен 2017 жылдың 17 наурызына сағат 12.00-ге жоғарыда көрсетілген мекенжайы бойынша белгіленеді.

### Күн тәртібі:

1. «АтМӨЗ» ЖШС Тексеру комиссиясының қорытындысын бекіту.
2. «АтМӨЗ» ЖШС-нің 2016 жылға жылдық қаржылық есептілігін бекіту және оның таза табысын бөлу.

«АтМӨЗ» ЖШС Басқармасы



ШЕНДЕСТІРУ

# Қазақ – қашанда қазақ!



**Корғанбек АМАНЖОЛ,**  
«Егемен Қазақстан»

*Өрнектеп бұйымдарын зермен гажап,  
Өнерден өрелі сыр терген қазақ.  
Алтыннан алқа, жүзік, сырғасын да  
Әсемдеп соққан екен зергер қазақ.*

*Төрге озып күміс белдік кемерімен,  
Мыстың да мысын басқан өнерімен.  
Қазақтың қасиетті зергерлігі  
Келеді бірге жасап өз елімен.*

Жоба авторы **Айдарбек ҒАЗИЗҰЛЫ,** «Егемен Қазақстан»

ӨНЕР

Тоқсаныншы жылдардың басында Шолпан жұлдыздай жарқырап шыққан бұл топты бүгінгі жастардың көпшілігі білмеуі де мүмкін. Бірақ сол кездегі аға буын өкілдері олардың әуелете шырқаған әндерін әлі күнге ұмытқан жоқ. Сағынады, іздейді. Бұл «Жерұйық» ансамблі еді. Кезінде өнерімен Шығыс өнірін ғана емес, күллі Қазақстанды тәңгі еткен ансамбль мүшелері қазір қайда жүр?

## «Жерұйықтың» әншілері қайда жүр?

**Азамат ҚАСЫМ,**  
«Егемен Қазақстан»

...80-жылдардың аяқ кезінде Зайсанда жүрген Марат Қондыбаев, Есбол Кирчибаев, Бауыржан Зейнеш, Қанат Закарьянов сынды жүрегі өнер деп соққан жігіттер бір күні Катонқарағайға тойға барады. Сол сапарда ауданның сол тұстағы басшысы Жанымқан Құндызбаевпен кездесіп, өнерге жанашыр азамат сол жерде өнерпаз жігіттерге «құда» түсіп, сонда қалуларын өтініпті. Содан не керек, төртеуі тәуекелге бел буып Алтайға келеді, жұмыспен, баспанамен қамтылады.

– Катонқарағай жер жәнна-тындай көрінді маған. Сөйтіп, табиғатымен байланыстырып, тобымызды «Жерұйық» деп атауды жөн көрдік, – деп еске алады сол шақтарды сазгер Марат Қондыбаев.

Осылайша, 1989 жылы «Жер-ұйық» тобы өнер әлеміне жол тартады. Әуелі Катонқарағайда тұсаукесер концерттерін өткізіп, 1990 жылы Өскеменде ұйымдастырылған «Восток» атты ән байқауына қатысады. Сахнаға 15 минуттық «Невада-Семей» музыкалық композициясын алып шыққан топ мүшелері қазылар алқасын тәңгі етіп, 1-орынды иеленеді. Бұдан соң Павлодарда өткен республикалық байқауда топ жарады.

– Сөйтіп, тобымыз өңірге ғана емес, Қазақстанға таныла бастады. «Қариялар», «Сағыныш», «Алаш», «Кұрбым-ай» сынды әндеріміз сол кездің хитіне айналды. 1990 жылы «Азия дауысы» фестиваліне өтініш жібердік. Алғашында музыкалық аспаптарда ойнауымыз түсініксіз

деп қабылдай қоймады. Стилiмiз түсiнiксiз болған көрiнедi. Өйткенi, бiздiкi этнофольк поп едi, – дейдi топтың бұрынғы мүшесi Бауыржан Зейнеш.

Арада аздаған уақыт өткеннен кейiн Алматыдан «Азия дауысына» шақырту келедi. Ән байқауына Қытай, Өзбекстан, Үндiстан, Тайланд, Сингапур, Украина мемлекеттерiнiң өнерпаздарымен қатар, бiздiң елден «Ассалаумалейкум» атты топ қатысады.

Катонқарағайдан келген жiгiттер әуелi Есбол Кирчибаевтың «Алаш» әнiн, одан соң «Қараторғайды» акапелламен орындайды. Төрт жiгiттiң мерейi бұл байқауда да үстем болып, халықаралық өнер бәсекесiнде 3-орынды иеленедi. Шалғайдағы алыс ауданнан келiп, Алатау баурайын дүр сiлкiндiрген өнерпаз жiгiттердi фестивалыдан кейiн Роза Рымбаева мен Тасқын Оқапов арнайы келiп құттықтап, iзгi тiлектерiн айтады. Айтып қана қоймайды, Алматыда қалу жөнiнде ұсыныс бiлдiредi. «Қазақконцертке» жұмысқа шақырады. Алайда, топ мүшелерi туған жерлерiне қайтуға асығады.

Тоқсаныншы жылдары Шығыс жұртын ғана емес, күллі Қазақстанды өнермен мойындатқан топ мүшелері бүгінде еліміздің әр аймағында тіршілік кешіп жатыр. «Жерұйық» тобына жетекшілік еткен Марат Қондыбаев Астанада сазгерлікпен айналысып жүрсе, Қанат Закарьянов пен Есбол Кирчибаев Алматыда тұрып жатқан көрінеді. Топтың тағы бір мүшесі Бауыржан Зейнеш Өскеменде театрда музыкант болып қызмет атқарады.

ӨСКЕМЕН



**Егемен Қазақстан**

Жалпыұлттық республикалық газет.  
1919 жылғы 17 желтоқсаннан шыға бастады.

**Меншік иесі:**  
«Егемен Қазақстан» республикалық газеті» акционерлік қоғамы

Басқарма төрағасы  
**Дархан ҚЫДЫРӨЛІ**

Басқарма төрағасының орынбасары  
**Айбын ШАҒАЛАҚОВ**

Бас редактор  
**Амантай ШӨРІП**

**Мекенжайымыз:**

010008 АСТАНА, «Егемен Қазақстан» газеті көшесі, 5/13  
050010 АЛМАТЫ, Абылай хан даңғылы, 58а

**Анықтама үшін:**  
Астанада: АТС 37-65-27, факс 8 (7172) 37-19-87;  
Электронды пошта: info@egemen.kz

**Интернет-редакция:** portal@egemen.kz  
Алматыда: 8 (727) 273-07-87, факс 8 (727) 273-07-87;  
Электронды пошта: almaty@egemen.kz

**Жарнама-ақпарат бөлімі:**

Астанада – 8 (717 2) 37-63-49, 37-64-48, adven@egemen.kz  
Алматыда – 8 (727) 273-74-39, факс – 273-07-26, adv@egemen.kz

© Материялдың жариялану аяқсыз төленген. Жарнама, хабарландырудың мазмұны мен мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газеттің желісіне қалысты сұрақтар үшін байланыс телефоны: 1499 («Қазпошта» АҚ)

МӘДЕНИ МҰРА

## Абылайдың ақ үйі



**Өмір ЕСКӘЛІ,**  
«Егемен Қазақстан»

Тәуелсіздігімізді айшықтайтын әрі зор тарихи сәулетке ие ескерткіштердің бірі – бүгінгі «Абылай хан» резиденциясы. Жұртшылық зердесінде «Абылайдың ақ үйі» ретінде жатталып қалған қымбат жәдігер туралы ғалымдардың, зерттеушілердің еңбектерінде тамтұмдап болса да айтылады. Олардың сипаттауынша, үш жүздің басын біріктіруге ұмтылған ұлы ханның ордасы 1760 жылдары Есіл өзенінің жағалауында, қызыл жарлауытта ағаштан тұрғызылған көрінеді.

Кезінде ұлт жанашырлары ел аузындағы аңыздарға сүйеніп қана қоймай, Петропавл қаласы екі рет жойқын жалын құшағына оранғанда, өртеніп қаңқасы қалғанын, оның орнына кірпіштен бой көтерген

ғимаратқа әр жылдары лазарет, әскери бөлім, спорт кешені орналасқанын, мемлекеттік мүліктер тізіміне «Абылайдың ақ үйі» ретінде тіркеліп, қорғауға алынғанын алға тарта отырып, өз ой-пікірлерін дәлелдеп баққан. Бертінде сол кездегі облыс әкімінің орынбасары Қуат Есімхановтың сұратуымен Ресейдің Сыртқы істер министрлігінен және Омбы облыстық мұрағатынан Абылайға 1762-65 жылдары үй салынғанын айғақтайтын құжаттардың көшірмелері алдыртылып, болған дүниені жокқа санап жүргендердің аузына құм құйылған. Жер бетінен жойылуға сәл-ақ қалған нысанды қалпына келтірудің техникалық-экономикалық сызбасы түзіліп, тарихи ескерткішті мүмкіндігінше сақтап қалудың жолдары қарастырылған.

Кешен құрамына резиденция, канцелярия, хан

және қонақтар тынығатын бөлмелер, құдық, монша кіргізіліп, аты аңызға айналған ақ орда барынша жандандырылып, түпнұсқаға ұқсатылған. Аймақтың сол кездегі басшысы Тайыр Мансұров Президентке хат жазып, жаңғырту жұмыстарына қаржылай көмек көрсетуді өтініпті. Содан «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасына енгізіліп, жарты миллиард теңгеден астам қаражат бөлінген.

Қайта жаңғыртылған көне ғимарат бүгінде «Абылай хан» резиденциясы деген атауға ие. 1,2 гектар аумақты алып жатыр. Мұражай бірнеше залдан тұрады. Оларда заманнан асып туған қайраткерге қатысты құнды жәдігерлер топтастырылған. Әсіресе, қазақ жасақтарының жоңғарлармен шайқасын бейнелейтін полотно тұтас қабырғаны алып, ерекше көз тартады. Тақ залына кіргенде тірі хан қарсы алғандай әсерге бөленесіз. Осыдан екі ғасыр бұрын Монғолия жерінен табылған дулыға – қымбат мүліктердің бірі. Жылына шамамен 20-25 мың адам қызықтайтын көрінеді. Араларында шетелдік туристер де аз емес.

Бәрінен де резиденция алдындағы «Ат үстіндегі Абылайдың» сегіз метрлік айбарлы тұлғасы тәуелсіздігіміздің тапжылмас белгісіндей асқақ көрінетінін айтсаңшы!

ПЕТРОПАВЛ

ҮЙРЕНЕТІН ҮРДІС

## Шырша жинауға шындап кірісті

**Нәзира ЖӘРІМБЕТОВА,**  
«Егемен Қазақстан»

Жаңа жыл мерекесі өтіп, славян халықтарының түсінігіндегі «ескі Жаңа жылды» шығарып салғаннан кейін, үйдегі жасыл шыршаның да «қызығы» қалмайды. Қалалықтардың бәрі оны қоқысқа шығарып тастайды. Содан көп қабатты үйлердің маңында төбе-төбе болып жас қарағайлар шашылып жата-тын. Облыстық «Наша газета» газетінің редакциясы ұйымдастырған «Қош бол, шырша!» экологиялық акциясынан кейін осы көріністі жұрт ұмытуға айналды.

Газет редакциясы бұл акцияны 2004 жылы бастаған болатын. Олар қаланы таза ұстауға қалалықтардың назарын аудару үшін сол жылы газет оқырмандарын ұйымдастырып, 100 шырша жинапты.

– Келесі жылы қалалықтар акциямызды дуылдатып қолдап кетсін. 2005 жылы 1500 шырша жиналды, барлығын тізбесем



де, кейінгі жылдары айтайын. 2015 жылы – 4110, өткен жылы – 4421, биыл 4684 шырша жинадық, – дейді газет редакторы Ольга Колоколова.

Газет редакциясы бұл игілікті іске облыстық білім басқармасын да тартады. Биыл «Қош бол, шырша!» акциясына қатысқан 12 білім ошағының арасынан №16 орта мектеп 1453 жас қарағай жинап, жеңімпаз атанды.

Қала тазалығын сақтау ісіне жарияланған тендерден жұмыс ұтып алған «АВЗ» ЖШС жас қарағайларды сыртқа тасиды. – Олардың жүк машинасына бір тасығанда 115 жас қарағай сыяды. Сонда 4600-ден аса ағашты қанша рет таситынын есептей беріңіз, – дейді Ольга Колоколова.

Ал кесілген қарағайлар қоқысты көбейтпей, әрі қарай

САЛАМАТТЫЛЫҚ САЛТЫ

## Мұз үстінде зуылдайды көліктер

**Фарида БЫКАЙ,**  
«Егемен Қазақстан»

Облыс орталығындағы Усолка өзенінде мұз үстінде дуэльді автожарыс өтті. Бұл жолы «Бұрқасын-2017» атауына ауа райы да сай келді. Ақпанның ақ түтек бораын, аязына қарамастан, өзен үстіндегі жарыс та қыза түсті. Автожарысқа Павлодар, Ақсу, Екібастұз бен Астанадан келген автошабандоздар қатысты.

Дуэльді автожарыстың қысқы шоуын тамашалауға қала тұрғындары, жастар, қонақтар өте көп жиналды. Автожарыстағы көліктердің зулаған жылдамдықты, қатысушылардың шабытты сәттері, шұғыл бұрылыстар жағайтын ғажапай көріністері көпшілікті таңғалдырды. Мұз үстіндегі автожарыс әрі ерекше, әрі қауіпті. Бірақ, соған қарамастан, экстремалды спортқа деген қызығушылықтары басым автошабандоздар жарыс көрігін қыздырып, көрермендердің де көңіліне қанат бітірді. Мұз үстіндегі бұл ерекше жарысты еліміздің Авто-Мото-Спорт федерациясы, қала әкімдігі, облыстық жастардың бастамаларын қолдау орталығының қолдауымен «RedZone»



қоғамдық бірлестігі өткізді. Қысқы дуэльді автожарыс қорытындысы бойынша А.Виндерголлер, К.Чистяков, А.Бочин, Н.Қабдуәлиев, Ф.Рахметов және басқалары жеңімпаз атанды.

– Биылғы жылғы «Бұрқасын-2017» автожарысы ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесін қолдау мақсатында өткізілді. «Бұрқасынға» қатысушылар саны жыл сайнап артып келеді, біз бұған өте қуаныштымыз. Өткізіліп отырған жарыстың мақсаты – автоспортты көпшілікке тарату және жастардың автоспортқа және саламатты өмір салтына деген қызығушылығын арттыру, – дейді «RedZone» қоғамдық бірлестігінің төрағасы К.Музалевский.

ПАВЛОДАР

Суреттерді түсірген  
**Ольга МУЗАЛЕВСКАЯ**

Индекс 65392. Аптасына 5 рет шығады.

«Егемен Қазақстан» республикалық газеті АҚ компьютер орталығында теріліп, беттеліп. Көлемі 6 баспа табақ. Негізгі суреттерін сапалына редакция жауап береді. «Егемен Қазақстанда» жарияланған материалдарды өлшемсіз көшіріп басуға болмайды.

**Газетті өскенге қою туралы**  
№01-Г қуаңшыл 2007 жылғы 5 қытауда Қазақстан Республикасының Мәдениет және апарат министрлігі берген.  
«Егемен Қазақстан» республикалық газеті АҚ ҚР СТ ИСО 9001-2009 Сапа менеджменті жүйесі. Тапалар тапаларына сайес сертификатталған.

**Таралымы 202 360 дана**

**Немірдің көзекші редакторы**  
Арнұр АҚҒАР